Сайхан, Шұңғай, Жәнібек стансаларына топтана ұшып шабуыл жасаған неміс-фашист авиациясы халық шаруашылығына 7 млн. сомнан асатын мөлшерде көп шығын келтірді. Едәуір адам шығыны да болды. Алайда бұл Сталинград майданы әскерлерінің бірден-бір темір жол коммуникациясы– Орал-Урбах-Астрахан темір жолы байланысын тоқтатып тастай алмады. Осындай шабуылдардың салдарынан вокзалдар, өнеркәсіп орындары, мектептер, ауруханалар қирады. Халықтың арасында едәуір шығын болды. Батыс Қазақстанда жау десанттарына қарсы күресте Чекистерге көмек көрсету үшін жауынгерлік жасақтар мен истребительдер батальондарын дабыл бойынша көтеруге тура келді. Броньды поездың зенитшілері мен 102-ші авиадивизияның ұшқыштары жаудың ондаған ұшақтарын атып түсірді, 1942 жылы 11 қыркүйекте әскери ұшқыш Д.В. Гудьков (кейін Кенес Одағы батыры атағы берілді) әуедегі шайқаста жаудың ұшағын атып түсіріп, Талалихин ерлігін қайталады. Осының бәрі облыстың Батыс аудандарының және темір жол желісі жұмысын іркіліссіз атқаруға мүмкіндік берді. Тіпті теміржолшылар поездардың қозғалысын тәулігіне 4-тен 14 жұпқа дейін көбейтті. Облыс еңбекшілері, әсіресе госпитальдарға айрықша қамқорлық көрсетті. Сталинград түбінен жаралылардың келуіне байланысты госпитальдар саны 14-ке дейін көбейтілді. Ол үшін яғни орындарды босату мақсатында бірқатар мекемелерді облыс аудандарына көшіруге тура келді. Кәсіпорындар мен тұрғындардың госпитальдарга қамқорлығы, медицина қызметкерлерінің білікті жұмысы арқасында жаралы жауынгерлердің 42 %-ға дейінгісін қатарға қосуға мүмкіндік берді. Ал ауыл шаруашылығы еңбеккерлері Сталинград майданы жауынгерлеріне арнап ет т.б. өнімдер өндіруді едәуір көбейтті. Сонымен бірге соғыс барысының күрт өзгерісі (1943) кезінде Оралдағы өнеркәсіп орындары соғыс қаруын, оқ-дәріні және әскери жабдықтарды өндіруді 2 есе арттырды. «Зенит» зауытының ұжымы Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туын екі дүркін жеңіп алды, кейін І-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатгалды, ал зауыттың конструкторлары Н.Н. Шамарин, В.Д. Горбунов пен Г.И. Жихар жаңа Қаһарлы қару жасағаны үшін 1-ші дәрежелі Сталин сыйлығына ие болды. Бұл табысты қамтамасыз еткендердің қатарында Ленинградтық инженер, кейін Оралдағы аталмыш зауытты 40 жылдан астам басқарған, құрметті азаматы Ленин орденінің екі мәрте иегері, Қазан

революциясы, 1 дәрежелі отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерін иеленген П.А. Атоян да болған еді [1, 227 б.].

Өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан облысының майдан шебі болғаны туралы жергілікті халықтан басқа көп ешкім біле бермеген. Орал педагогикалық институты тарих пәнінің мұғалімі Павел Букаткин ауылға студенттерді қабылдауға келгенде Жәнібектің соғыс жылдарындағы қиын тағдыры туралы кездейсоқ біліп, Оралға келген соң конференцияда баяндама жасайды. Сондай-ақ Букаткин КСРО Ғылым академиясына елдің Қорғаныс министрлігінің мұрағатында жұмыс істеуге рұқсат алу үшін барған кезінде де атақты тарихшылардың Батыс Қазақстанның соғыс жылдарында майдан шебі болғанын білмегені туралы айтады. Батыс Қазақстанның төрт ауданы Сталинград облысының 300 шақырымға жуық аумағымен шектеседі, соғыс басталғанда күрделі майдан тактикасына байланысты осы аудандар Сталинград майданының ең жақын тылына айналды. Ресми деректерге сүйенсек, 1942 жылғы қараша айының ортасынан 1943 жылғы қаңтар айының басына дейін Жәнібек және Орда аудандарының аумақтарына гитлерлік авиация 538 рет бомба тастаған. Жәнібек ауданының солтүстік-шығыс бетіндегі бауырластар зиратында Ұлы Отан соғысы жылдары Жәнібек жерінде қаза тапқан 93 жауынгер (офицерлер, медбикелер) жатыр [2].

Батыс Қазақстан облысының оңтүстік – батысында орналасқан аудан тұрғындары соғыс қасіретін тікелей бастан кешкені – тарихи шындық. Жаудың жаяу әскері мен танкілері қазақ жерінің іргесіндегі Сталинград, қазіргі Волгоград қаласын қоршауға алғаны соғыс тарихынан жақсы мәлім. Қырғын шайқас жүріп жатқан кезде жау ұшақтары Бөкей орда мен Жәнібек аудандары аумақтарын бомбаның астына алды. Бұл музейлік деректі сонау жетпісінші жылдардың бас кезінде республикалық баспасөз бетіне «Майданның бергі бетінде» деген тақырыппен тұңғыш рет шығарған журналистің бірі бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Жанболат Аупбаев екені де белгілі.

Жанболат Аупбаев өз мақаласында Ұлы Отан соғысы жылдарында Орал облыстық НКВД-сының бастығы болып қызмет атқарған С. Бойконың өз аузынан жазып алған естелігін келтіреді: «Жау ұшақтары бірде теміржолдарды бомбаласа, енді бірде диверсиялық әрекетке бейімделген парашютші десанттарды түсіре бастады. Көп ұзамай Орда мен Жәнібек аудандарындағы халық жасақшыларының шақырусыз келген қонақтармен қақтығысуы басталды. Бірде әуе диверсанттары Жаңақала және Фурманов аудандарымен шектескен жердегі кеңшарлардың бірінің қой фермасына бомба тастады. Таң алакеуімдегі тұманда неміс ұшқыштарына қой қоралары аэродром болып көрінсе керек. Содан кейін олар Жәнібек стансасында біраз нәрсені бүлдіріп кетті. Орда және Жәнібек елді мекендерінің көптеген қарт тұрғындары жау ұшақтарынан қарша бораған листовкалардың дала жолдарында шашылып жатқанын әлі ұмыта қоймаған да болар. Бірақ гитлерлік диверсиялық орталықтың «Ресей жөніндегі мамандары» Қазақстанды Әзербайжаннан айыра

алмайды екен. Олардың Орда және Жәнібек далаларына тастаған листовкалары әзербайжан тілінде еді. Мұны фашистер кейін түсінді» [3].

Батыс Қазақстанның төрт ауданы Сталинград облысының 300 шақырымға жуық аумағымен шектеседі. 1941 жылдың аяғында, яғни соғыстың алғашқы алты айында екпіні тым қатты болған неміс әскерлері Еділ өзені маңына дейін шығуға мүмкіндік алды. Сол кезде қалыптасқан күрделі майдан тактикасына байланысты Қазақстанның батысындағы бірнеше аудан Сталинград майданының ең жақын тылына айналды. Сөйтіп, сол кезде КСРО Қорғаныс Халық Комиссары Иосиф Сталиннің 1941 жылғы 26 қарашадағы бұйрығына сәйкес Жәнібек, Орда, Казталов және Фурманов аудандары Сталинград майданының қарамағына енгізілді. Соған орай Қазақстанның бұл өңірлерінде «соғыс жағдайы» жарияланды. Бұған дәлел ретінде музейде сақталған төмендегідей бұйрық бар. Оның түпнұсқасындағы мәтіннің мәнін солғындатып алмау үшін орыс тіліндегі нұсқасын қазақшаға аудармай сол күйінде бергенді жөн көрдік: «Приказ» (№ 0444) Народного комиссара Обороны СССР: «С 1 декабря 1941 г. территориальный состав округов европейской части Союза ССР иметь в следующем составе: Сталинградский военный округ: Сталинградская область, Ростовская область, Калмыцкая АССР, Астраханский округ, западная часть Западно-Казахстанской области (районы Джаныбекский, Казталовский, Урдинский, Фурмановский). Штаб округа – Сталинград. Командующим войсками Сталинградского военного округа – генерал-лейтенант Герасименко Василий Филиппович. Командующим войсками военных округов передачу войсковых частей, учреждений и заведений, переходящих территориально в состав других военных округов, закончить к 5 декабря 1941 г. и донести мне с приложением перечней передаваемых частей. Приказ ввести в действие по телеграфу. Народный Комиссар Обороны СССР И. Сталин». 1942 жылдың жазында майдан аумағы Қазақстан шекарасына жақындай түсті. Бұл сәт ауыл тұрғындарына үлкен сынақ болды. Республика еңбекшілері сол бір сұрапыл соғыс жылдарындағы ауыр сында шыдамдылық пен төзімділіктің озық үлгісін көрсете біліп, Отан алдындағы борыштарын адал атқарды [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ғұмаров Ж. Батыс Қазақстан облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында. library.wku.kz. Орал.

2 Шамұратова Ж. Жәнібекте бомба жарылған. Астана ақшамы. 2020.

3 Аупбаев Ж. 1942 жыл. Қазақ даласы. Құмға құлаған «Юнкерс» // Егемен Қазақстан. 2001.

4 Оразов С. Сталиннің бұйрығы // Егемен Қазақстан. 2014.

ГРНТИ 03.20

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ НАУЧНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА

Д.Д. Пленчев
Магистрант, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, г. Костанай

В статье представлен материал по становлению и развитию научной интеллигенции Казахстана со второй половины XX века до 1991 года. Отображены основные условия и предпосылки формирования научной интеллигенции. Рассмотрен процесс развития науки и образование Академии наук Казахской ССР. Представлен процесс развития и основная деятельность научных специалистов Казахстана в вузах, отраслевых и ведомственных учреждениях.

Ключевые слова: интеллигенция, наука, квалификация, специалисты, Академия наук, образование.

На сегодняшний день вопрос становления и формирования советской научной интеллигенции Казахстана является актуальным. Актуальность, прежде всего, определяется ролью научной интеллигенции, которая через свою деятельность выражает духовно-нравственные ориентиры развития нации.

Научная интеллигенция приобретала все большее значение в общественной структуре советского общества, в составе интеллигенции – в частности и особенности. Научная интеллигенция была занята в различных отраслях знания, численность которой постоянна возрастала. В свою очередь, данный отряд подразделялся на естественно-научную и гуманитарную интеллигенцию. Первая группа была особенно многочисленна и включала в себя ряд различающих между собой групп. В нее входили преподаватели высшей школы, научные работники, которые были заняты фундаментальными проблемами науки, также представители прикладной науки, проводящие свои исследования в отраслевых научно-исследовательских и проектно-конструкторских институтах и лабораториях различных ведомств и министерств. Почти треть научной интеллигенции составляли представители общественных наук – философы, экономисты, историки, юристы, психологи, искусствоведы, педагоги и другие [1, с. 39].

Становление и развитие научной интеллигенции Казахстана является весьма трудоемким процессом. Существует множество теорий и предположений зарождения, как особого слоя, советской интеллигенции. Главным условием для формирования научной интеллигенции является развитие отечественной науки. Здесь можно выявить некую цепочку взаимосвязанных действий. С развитием науки появляются новые научные открытия. Данные научные открытия зарождают новые профессии, которые в свою очередь способствуют формированию новых специалистов, кадров, которые в совокупности и составляют советскую интеллигенцию, в том числе и научную.

С образованием базы Академии наук появляются новые научные направления. По статистическим данным к 1932 г. в Казахской ССР насчитывалось свыше 10 научно-исследовательских институтов и опытных станций, сотни опорных пунктов, а также лабораторий и метеорологических станций, несколько геологоразведочных организаций [2, с. 326].

Наиболее важным этапом в развитии науки в Казахстане были годы Великой Отечественной войны. Наибольшее влияние оказывали нужды фронта, которые в свою очередь оказывали влияние на ускорение темпов роста, развитие и совершенствования науки в республике. В данный период основная тематика научных исследований была направлена на разработку проблем, которые были связаны с изучением сырьевых ресурсов Казахстана и их максимальное использование для достижения победы над врагом. Шла подготовка специалистов. За послевоенный период наука Казахстана достигает небывалых ранее успехов. Особенно интенсивно стали развиваться научные учреждения с 1946 г. В основном это было связано с преобразованием филиала в Академию наук Казахской ССР. Шел процесс расширения научной базы институтов. Академические институты и научно-образовательные центры и лаборатории университетов и институтов выполняли различные задания по ряду научно-технических программ союзного и республиканского значения. Быстрыми темпами развивалась геологическая наука. Создание Академии наук, а также определение ведущих направлений научно-исследовательской деятельности, формирование высококвалифицированных специалистов, научных казахстанских кадров было бы невозможно без помощи и повседневного внимания, которое оказывали ученые и специалисты Академии наук СССР [3, с. 43].

В 50-х гг. XX в. Академия наук Казахстана была пополнена шестью научно-исследовательскими институтами. Так в 1956 г. в 21 институте Академии работало около 1,5 тыс. научных сотрудников.

Одновременно научные сотрудники складывались также в вузах, в отраслевых и ведомственных научных учреждениях. К числу последних относятся Казахстанский филиал ВАСХНИЛ, Всесоюзный научно-исследовательский институт цветных металлов в Усть-Каменогорске, Казахский институт минерального сырья в Алма-Ате, Карагандинский научно-

исследовательский угольный институт, Институт нефти и нефтехимии в Гурьеве и ряд других [1, с. 164].

В 1954-1970 гг. были внедрены в производства результаты 295 разработок ученых Казахстана. Ими было получено 370 авторских свидетельств, представлено 23 изобретения. В годы девятой пятилетки (1971-1975 гг.)учеными Казахстана было внедрено в производство 360 работ, получено 650 авторских свидетельств на изобретения.

В годы же десятой пятилетки результаты научных исследований в разы увеличились. Так, ученые Академии стали авторами 800 изобретений, ими получено 70 патентов, на многие из которых были приобретены лицензии зарубежными странами. В производство было передано около 600 рекомендаций, годовой экономический эффект по подсчетам которых составил 200 млн. рублей.

70-80-е годы XX века ознаменовались новыми научными открытиями. В данный период учеными Казахстана были разработаны методы контактного окисления органических веществ, что в свою очередь сделало возможным получать новые виды мономеров для создания термостойких пластмасс и волокон [4, с. 41].

В 1980-1990-х гг. Академия наук Казахстана активно функционировала и выполняла стоявшие передней задачи. В этот период появляются новые перспективные научно-исследовательские учреждения. В 1983 г. открыли Институт географии, Институт молекулярной биологии и общей химии, Институт ионосферы, Институт органического синтеза и углехимии, в 1985 г. – Институт уйгуроведения [5, с. 471].

Следующим немало важным фактором становления и развития казахстанской интеллигенции являлось влияние научно-технической революции. В основном это влияние проявлялось в развитии научно-технической интеллигенции. Как отмечали исследователи, усиление воздействия НТР на интеллигенцию являлся важным фактором социального и духовного развития личности и более полного раскрытия ее творческих потенциалов, которыми должны обладать квалифицированные специалисты [6, с. 78].

По статистическим данным, в период НТР шел процесс увеличения численности научных работников. В основном данная тенденция прослеживалась в четырех отраслях фундаментальных наук Казахстана (физико-математических, биологических, химических и геолого-минералогических). Так, в 1960 г. с 2282 человек выросла к 1975 г. до 7802 человека, среди них доктора наук с 49 до 181, кандидатов наук с 557 до 2932. За данный период число научных сотрудников, занятых в фундаментальных отраслях науки, включая докторов, выросло более в чем в 3 раза.

Тенденция роста численности научных работников были характерны также и для технических наук, специалисты которых были в основном связаны с исследованием прикладного порядка. За этот промежуток времени численность научных кадров в данной отрасли науки увеличилась с 2015

человек до 7920 человек, в том числе докторов и кандидатов наук – с 275 до 1790. Иными словами, численность научных работников в указанных четырех фундаментальных и технических отраслях науки республики в 1960 г. составлял 47,7% от общего числа, а к 1975 г. он вырос до 49,1% [7, с. 15].

При этом стоить отметить, что основная масса научных кадров была занята в Академии Наук Казахской ССР и вузах. В промышленности же число научных работников составляло лишь 1,7% от общего числа, в строительстве – 4,7% [8, с. 322].

Научная интеллигенция исключительно высокими темпами развивалась не только количественно, но и качественно, в связи с этим она приобретала все большее значение в социалистической структуре. Так, по статистическим данным в 1980 г. в СССР трудилось 1376,3 тыс. научных работников, или четвертая часть всех научных работников мира. В их число входили 37,1 тыс. докторов и 383,6 тыс. кандидатов наук [9, с. 57].

Что касаемо нашей республики, то в послевоенные годы рост научной интеллигенции происходил более быстрыми темпами, чем в центральных районах СССР. Так, в предвоенном 1940 г. в Казахстане насчитывалось всего 1727 научных работников, а в 1950 г. – 3305. За десятилетие количество научных работников почти удвоилось. Данный процесс стал значительно интенсивнее в течении двух последующих десятилетий. В 1950-1960 гг., и в 1960-1970 гг. число научных работников почти утроилось. Как отмечалось ранее, данный рост был вызван бурным развитием производственных сил республики, а также научно-технической революции.

Что, касаемо 1970-1980 гг., то в данный период прослеживалась тенденция замедления роста числа научных работников.

Удельный вес докторов наук в составе научной интеллигенции Казахской ССР на первый взгляд вырос незначительно: с 1,63% в 1960 г. до 1,98% в 1980 г. Однако за данный период их общее количество возросло более чем в 4,5 раза. Это весьма существенный рост, так как нельзя не считаться с тем фактором, что доктора наук представляли высшую категорию научных работников. Что касаемо кандидат наук, то их рост характеризовался высокими темпами. Так, за два рассматриваемых десятилетия их количество в республике возросло более чем в 5 раз, удельный вес среди научных работников в целом – с 22,06 до 31,11% [10, с. 259].

По составу численности отраслевой структуры можно выделить три основные группы.

Наиболее многочисленную группу научных работников составляли представители физико-математических, технических, сельскохозяйственных, медицинских, экономических, биологических, педагогических и филологических наук. Ко второй группе относились представители отрасли науки, в которых было занято от 1 до 2 тыс. человек. Это историки, геологи-минералоги и химики. Малочисленную группу (менее 1 тыс. человек) составляли психологи, юристы, философы, географы, фармацевты, ветеринарные врачи, архитекторы и искусствоведы.

Число научных работников, которые были заняты в области биологических, математических, экономических наук, возросли в республике в несколько раз. 25% научных работников Казахстана занимались техническими науками, около 10% – физико-математическими науками, быстрыми темпами рос и удельный вес экономистов в общей численности научных работников республики. Одновременно получили большое развитие медицинские и биологические науки [1, с. 177].

По насыщенности учеными высшей и средней квалификации отрасли науки можно выделить четыре основные группы: отрасли, в которых более 50% всех научных работников составляли доктора и кандидаты наук, отрасли, в которых данная категория составляла соответственно 30-49% и менее 20%. В первую группу входили биологические, геолого-минералогические, медицинские, ветеринарные и исторические науки, во вторую – сельскохозяйственные, химические, юридические, географические, философские, третью – технические, физико-математические, филологические и психологические, четвертую – искусствоведение, педагогика и архитектура.

Большое различие в доле научных работников с учеными степенями в различных отраслях науки в значительной мере объяснялось сложившейся вузовской системой республики.

Научная интеллигенция Казахстана получила свое развитие во всех отраслях науки. Отечественная наука богата выдающимися именами ученых, которые внесли неоценимый вклад в развитии науки.

Таким образом, можно отметить, что в данный период в Казахстане прослеживается тенденция быстрого развития отечественной науки, сложился крупный социально-профессиональный отряд научной интеллигенции, работников высокой квалификации. Подобных темпов роста научных кадров и развития науки история еще не знала. Развитие научной социалистической интеллигенции была связана с раскрытием потенциальных способностей, сближением и дальнейшей интеграции республиканских отрядов, расцветом нации при социализме. История Казахстана пополнилась многочисленными именами ученых, внесшие неоценимый вклад в развитии науки, культуры, экономики, производства.

Литература

1 Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенци. – Алма-Ата.: Наука, 1982.

2 Культурное строительство в Казахстане. – Алма-Ата, Т.1. 1965.

3 Наука Советского Казахстана. – Алма-Ата, 1960.

4 Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника. – М., 1987.

5 Микулинский С. Проблема научных кадров в условиях научно-технической революции. «Коммунист», 1973, № 5.

6 Итоги Всесоюзной переписи населения 1970 г., Т. VI.

7 Советская экономика на новом этапе. – М., 1981.

ҒТАМР 17.71.91

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ

(М. Шаханов және Ш. Айтматов «Құз басындағы аңшының зары» туындысы негізінде)

А.А. Кайржанова
Магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.
А.А. Акбулатов
Ғылыми жетекші, философия докторы (PhD), қауымд.профессор, М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.

Мақалада жаңа заман прозасының даму барысы сараланады. Қазіргі қазақ прозасындағы қазақ-қырғыз әдеби байланысын көрсететін туынды негізінде сөз болады. Еліміз егемендік алғаннан кейін түркітектес халықтардың әдеби байланысы зерттеу объектісі ретінде алынып, ондағы көтерілген мәселелер анықталады. Авторлардың тілдік қолданысындағы заман суреті, адамдар, жалпы қоғамды бейнелеудегі өткірлігі, көркемдігі, астарлы ұғымдарды бере алатын өзіндік ерекшеліктері талданады.

Түйін сөздер: қазіргі қазақ әдебиеті, жаңа заман прозасы, әдеби байланыс, тарих, қазақ-қырғыз байланысы.

Әдеби байланыс – белгілі бір ұлт әдебиетінің басқа да әлем халықтары әдебиетімен қарым-қатынасы.

Қазақ халқының ұлы орыс халқымен және еліміздегі басқа да туысқан халықтармен өзара ынтымақтастығы мен достығының әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени бастаулары ғасырлардың сонау терең қойнауында жатыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқы зиялы қауымының өз ұлтының тарихына деген қызығушылығы оянып, ұлттардың өзін-өзі анықтау үрдісі жүзеге асып келеді. Сондай халықтардың бірі – Қазақ пен Қырғыз халқы.

Тілге тиек етсек, қазіргі қазақ прозасындағы қазақ-қырғыз әдеби байланысын көрсететін шығармалардың бірі Мұхтар Шаханов пен Шыңғыс Айтматов екеуі бірігіп жазған «Құз басындағы аңшының зары (Ғасыр айрығындағы сырласу)» диалог-эссесі мысал бола алады [1].

Кітап авторлары айтқысы келген ойларын дәйекті және айқын жеткізуге тырысқан. Олардың пайымдау желісі кітаптың бірінші жолынан алынған. Бұл (кітап) әйгілі ақын-жазушының шығармашылық тандемінің нәтижесі емес,

әңгіме тақырыбы бойынша олардың дәлелдері мен фактілермен, тарихи параллельдермен көрсеткен интеллектуалды дамыған екі адамның диалогы.

Тәуелсіздік рухының әсерімен өмірге келген романдардың бір тобының көркемдік мақсаты – қазақ халқының басынан өткізген отаршылдық зардаптарын шындық тұғырына иек арта отырып жеткізу. Сондықтан бұрынғы жабық тақырыпты қозғаған бұл туындыларды еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге келген көркем ізденістердің айқын нышандарының бірі деп танығанымыз абзал [2, 3 б.].

Мақаланың зерттеу материалына Мұхтар Шаханов пен Шыңғыс Айтматовтың «Құз басындағы аңшының зары» диалог-эссесі өзек болды. Мақалада бұл шығарманы тарихи көзқарас тұрғысынан талдау, салыстырмалы, образдық талдау және т.б. әдістері қолданылды.

Әдебиет әлеміндегі рухани алмасулар – көркемдік дамудың, әдеби процестің өзіндік заңдылығы. Бүтіндей алғанда, әдеби байланыстың әлем әдебиеті тарихында алатын орны зор. Ұлттық әдебиеттердің даму деңгейі сол кезеңдегі әдеби байланыстың да бағыты мен көркемдік рөлін анықтайды. Оның түрлері мен жолдары көп және бұл процесте аударманың алатын орны өзгеше. Әдеби байланыс жалпы ұлттық әдеби процеске, онда жаңа көркемдік ағымдардың пайда болуына ықпал етеді. Ұлттық әдебиеттердің өзара қарым-қатынасының негізгі түрі ретіндегі әдеби байланысқа әдебиеттану ғылымы 18 ғасырдың аяғы мен 19 ғасырдың басында назар аудара бастады [3].

Туысқан халықтардың өмірімен және мәдениетімен неғұрлым жақынырақ танысу жазушыны жаңа бай әсерлерге кенелтіп, оның ой-өрісін кеңейте түседі [4, 36 б.].

Әдебиет әлемінде әдеби байланыс, рухани алмасулардың орны айрықша. Белгілі бір ұлттың басқа халықтармен болған қарым-қатынасы әдеби байланысты дамытып, сол ұлттың әдеби үрдісіне, жаңа ағымдардың дүниеге келуіне ықпал етеді.

Әдеби байланыстарының тарихы тым ертеден бастау алатын қазақ пен қырғыздың әдеби мұрасы негізінен ортақ деп айтса да болады. Екі ұлттың ауыз екі әдебиетінде әрқайсының ұлттық ерекшелігіне байланысты өзіндік болмысын көрсететін дүниелер жетерлік.

Көне түркі дәуірінен бастау алатын қырғыз әдебиеті қай кезде де қазақ әдебиетімен тығыз байланыста дамып отырды. Әдебиеттің кейбір үлгілерінің екі елде бір мезгілде дамуының мысалдары өте көп. Біздің Асан Қайғы, Кет Бұға, Алдар көсе, Толыбай сыншы сияқты тұлғаларымыз да ортақ. Халық ақыны Аалы Тоқомбаев өзіне қазақтың ұлы ақыны Абайды ұстаз тұтып, ұлы ақынның өлеңдерін қырғыз тіліне аударды.

Екі ұлт, екі халықты ортақтастыратын белгілер баршылық. Қазақтың ұлы ақыны Абай айтқандай, «… еш қазақ қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды». Қырғыз әдебиетінің басқа ұлттар әдебиетінен өзгешелеп тұратын өзіндік ерекшелігі бар. Қырғыз ұлтының шоқтығы биік шығармасы «Манас» эпосы жұртшылыққа кеңінен танылды. Манас – қырғыз халқының

әйгілі батырының есімі ғана емес, елді әркез ауызбірлікте ұстайтын символ ретінде ел жадында әлі күнге сақталып келеді.

Қырғыз ауыз әдебиетінің жарқын үлгісі «Манас» жырының хатқа түсіп, сақталуына үлес қосқан қазақтың даралары Шоқан Уәлиханов пен Мұхтар Әуезовтің еңбектері ерекше. Қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың қазақ ақын-жазушылары Қалтай Мұхамеджанов, Мұхтар Шаханов, Олжас Сүлейменов, Зейнолла Қабдолов, Шерхан Мұртазамен достық қарым-қатынасын кейінгі буынға үлгі екені жасырын емес.

Мұхтар Шаханов пен Шыңғыс Айтматов «Құз басындағы аңшының зары» әдеби туындысында Ұлы Отан соғысының даңқты каһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасын мүсінделеді. Баукеңнің сонау балауса жастық шағынан бері, Совет Армиясының үздік мектебінде шыңдалу кезіңіне, Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бастап күні бүгінге дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы фактілер аясында қызғылықты баяндайды. Романның жазылу формасы да ерекше: бүкіл оқиға автор мен кейіпкердің диалогі арқылы өтеді.

Рухани-философиялық, тарихи-танымдық және махаббат хикаяларына құрылған Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың «Құз басындағы аңшының зары» кітабы екі танымал жазушы мен ақынның сырласуы негізінде дүниеге келген. Сырласуда туған өлкенің қасиетті ұлылығы, ата-баба дәстүрі, жарқын өмірімен әлемді нұрландырған ұлы тұлғалардың тағылымдық өнегесі, өткен және қазіргі билеушілердің істерінің жаңғырығы көрсетілген. Тоғыз түрлі тақырыпқа өзіндік пікірлерін білдіре отырып қаншама мәселелер мен адамзат баласын мазалаған небір ойларды бүкпесіз айтып, дәлелдер келтірген. Өмірдегі тағдырларының бұралаңы кездерінде әйелдер туралы екі достың естеліктері жылулыққа, жүректерінде тұтатқан биік, таза махаббатқа толы.

КСРО-ның халық әртісі Махмуд Салмбаевтың «Мұндай шығарма тудыру рухани-философиялық кеңістікте еркін қанат қаққан шебер қаламгердің ғана қолынан келсе,екіншіден,бұған қырғыз-қазақ халықтарының ғасырлар бойғы бауырластығына терең тамыр жіберген. Екі дара тұлғаның бір-біріне деген мөлдір достығы екені даусыз» деген пікірімен толықтай келісемін [5].

Қытай тіліне Қайша Тәбәрікқызы аударған Ш. Айтматов пен М. Шаханов кітабының тұсаукесері Қытайдың Шанхай қаласында өтуі және сол қалада 150-ге жуық мемлекет өкілдері қатысқан халықаралық кітап жәрмеңкесінде «Құз басындағы аңшының зарының» «адамзаттың ертеңгі күніне дұрыс бағыт, өнегелі тәлім-тәрбие беретін, соңғы жылдардағы «ең парасатты кітап» деп бағалануы айтулы үлкен оқиға болғаны да есте.

Философиялық пайымдауды, әртүрлі тарихи оқиғаларды талдауды және авторлардың оқырманға деген шынайы ағынан жарылған керемет кітап. Кітап 1995 жылы жазылып, 2008 жылы Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматов қайтыс болғаннан кейін қайта басылды. Кітаптың әр тарауы, авторлардың белгілі бір өткір тақырыпқа негізделген пікірлері және адамзаттың ғаламдық проблемаларын талқылауы және екі жақын дос арасындағы әңгіме олардың «ғасырдың айрығындағы сырласуы» болып табылады [6].

Кітаптың «Төрт ана немесе Туған жерге табан тіреу» деп аталатын бірінші тарауында авторлар Отан, ана тілі, әдет-ғұрып, дәстүр, туған өлке тақырыбында сөз болады. М. Шаханов өз сөзінде қазақ халқының жеті атаға дейін қыз алыспайтынын, ал өзбек, түрік, әзірбайжан, ұйғыр және қытай жерінде тұратын өзге ұлттардың едәуірі туған ағасының қызын туған інісінің баласы ала беретінін, тіпті бір анадан өрбіген перзенттердің өзі бір-бірімен тағдыр қосып жататынын айта кетіп, мұның ұлттық генофондыға кері әсер ететінін әңгімелейді. Тамырын тереңге жібере алмаған дарақтың қашанда ғұмыры келте болады [1, 6 б.].

Екінші тарау «Жомарт шуақты жұлдыздар немесе Бір уыс топырақ» аталады. Бұл тарауда «сүйегі қазақ болғанмен, еті қырғыз» даралар Мұхтар Әуезов, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы, Шоқан Уәлиханов, сонымен қоса қазақ пен қырғыздарды жақындастыруда «алтын көпір» болған Сүйменқұл Чокморов туралы баяндайды. Осындай алып тұлғаларды еске түсіру өзіміз үшін қажет болса, екіншіден, екі ел арасындағы өскелең ұрпақ алдындағы борышымыз, әрі бейітіне салған бір уыс топырағымыз болар дегенді көрсетеді [1, 52 б.].

Өз сөзінде М. Шаханов осындай қызықты мысалдарды келтіре отырып, кезінде «Құз басындағы аңшының зарын» Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Кәрімовтың оқып, Ш. Айтматовпен және менімен жолығып, Өзбекстанда жеті атаға дейін қыз алыспайтын заң шығартқызатынын айтты. Кітапты өзбек тіліне аудартқызып, Айтматов екеумізді Өзбекстанға шақырып, үлкен ғылыми конференция өткізді. Әрі ол арнайы заң шығартқызып, өз уәдесін орындады. – Жуырда Әзірбайжан республикасында болғанымда, – деді М. Шаханов, – сол елдің бір белгілі ақыны, депутаты Айтматов екеуміз әңгімелеген генофонды төңірегінде Парламентте үлкен мәселе көтеретінін мәлімдеді.

Қызу пікірталас тудырған тақырыптардың бірі – садизм мен қатыгездік тақырыбы. Қатыгездік, зұлымдықты насихаттау – авторлардың пікірінше, қазіргі заманның басты проблемаларының бірі. Осы тақырып төңірегінде Ш.Айтматов пен М. Шаханов «Ғасырлар тасасындағы қылмыс немесе Маркиз де Сад, Дөненбай және қос тісті Африка балығының уы» тарауында ашық айтады [1, 110 б.].

Менің жеке өзім үшін «Билік және рухани байлық немесе осы екі қарудың патшалар, хандар, король мен президент тағдырындағы көріністері» тарауын кітаптың негізгі бөлімдерінің бірі ретінде белгіледім. Мысалы, авторлар демократия деген не екенін, халықтың таңдау құқығы, биліктің жоғарғы жағындағы адамдардың халық алдындағы жауапкершілігі қандай болуы керек және олардың қандай кемшіліктері мен қателіктері бар, елдің қарапайым азаматтарының жауапкершілігі мен ережелер мен тәртіпті қалай сақтау керектігін анық көрсетеді [1, 132 б.].

Ш. Айтматов пен М. Шаханов шенеуніктердің халық алдындағы жауапкершілігі, дұрыс және ақылға қонымды шешімдердің маңыздылығы секілді тұжырымдаманы негіздеуге тырысқан. Авторлардың пікірінше, ел

билеушісі қандай да бір заң не үкім шығарарда, әркез ата-баба дәстүрін еске ала отырып орындағаны абзал дегенге саяды.

Кітапта Ш. Айтматов пен М. Шаханов өздері жеке танысқан әртүрлі елдердің басшылары туралы көптеген ойларын, олардың ел басқарудағы ұстанымдары туралы баяндайды. Бұл тарауда авторлар кез-келген билеуші өзін тек шенеуніктермен ғана емес, сонымен бірге шығармашылық адамдармен, ақындармен, жазушылармен, халыққа жақын адамдармен, халықтың арман-тілектерін, олардың жан дүниесін білетін және сезінетін адамдармен қоршау керек деген өз ой-пікірлерін білдіреді.

«Адасқан аққудың мұңы немесе Медуза құпиясы» атты тарауда жалпыадамзаттық эгоизмді жеңу, тірі табиғатқа жанашырлықпен қарау,кейде тіпті жан баласынан көрмеген қамқорлықты аңдардан көруге болатыны, су,ауа,топырақ-бізге берілген теңдессіз байлық тақырыптарында сөз етеді. Ел болашағы-балаларымызды ерте кезінен қоршаған ортаны қадірлеп, қастерлеуге шақырады. Сонымен қатар, «өзім би, өзім қожамын» деген эгоцентризмнен алшақ кете алмаған адамдар болашақта зиялы қауым не шенеунік болатын болса, мемлекет те эгодан алыс кете алмайды дегенге келтіреді [1, 210 б.].

Келесі бір тарау «Құмырадан шыққан бассүйек немесе Түркі тарихына көзқарас» аталады. Бұл тарауда жақсы болсын, жаман болсын кез-келген ұлттың өз тарихы болады. Сол тарихты атадан балаға мұра етіп, келер ұрпаққа баяндап беру – адамзаттың туған ел алдындағы бір борышы іспеттес.
Тарихымызда кейбір сырларды ашам,әшкерелеймін деп, патша билігіне қарсы шыққан адамдар жазықсыз жала жабылғаны, «Халық Жауы» атанғаны, өлім құшқаны туралы баяндайды. Тарихтың бір әрпі қате түскен жерде тек қазіргі емес, сонымен қоса болашақ ұрпаққа қиянат төнеді [1, 228 б.].

Маған әсер еткен тағы бір тарау – авторлардың өмір жолында кездескен және өмірлерінде із қалдырған әйелдерге арналған «Біздің өміріміздегі әйелдер немесе Арулар хақында өткен екеуара поэзия кеші». Екі дос осылайша ашық және жасырмай сөйледі, оларды есіне алды, жоғалтулар мен олардың түсінігіндегі нағыз әйелдің рухына деген сүйіспеншілікпен бөлісті. Бұл тарау мансап пен билік қуған, «еркек пен әйел тең» деген қағиданы ұстанушы әйелдер туралы емес, үйдің түтінін түтететін, жанына қазан-ошағын серік қылған мейірімді және кешірімді аналар мен нәзік және адал әйелдер, сезімтал қыздар туралы жазылған [1, 296 б.].

Қорыта айтсақ, бұл әдеби туындыны жалпыдамзаттық құндылықтар мен антиқұндылықтарды сараптаған кітап десек артық айтпаймыз. «Қырғыз бен қазақ бір туған» деген ұстанымды тек тарих қана емес, сонымен қоса әдебиетіміз де қолдайтынына көзіміз тағы бір мәрте жетіп отыр. Бұл туындыда әр сөйлем, әр абзац – тұнып тұрған дәйексөз! Барлығы соншалықты түсінікті және артық сөзсіз.

«Құз басындағы аншының зары» – қазақ-қырғыз,жалпы түркітектес халықтардың басынан өткен өміріндегі көлеңке тұстарды әшкерелеп, тарихи оқиғаларға талдау жасап, өз пікірін білдірген, көптің ықыласына бөленген кітап

дер айтар едім. Әр тарауда әртүрлі тақырып туып, әңгімеден әңгіме өрбітіп, туған халықтарының күйін шертеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Айтматов Ш., Шаханов М. Құз басындағы аңшының зары (Ғасыр айрығындағы сырласу). – Алматы: Рауан, 1997. – 352 б.

2 Ақыш Н. Замана рухы: – Әдеби зерттеулер мен сын мақалалар. – Қарағанды, 2013. «Ли Ю.Ю.» ЖК. – 294 б.

3 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%98%D0%B4%D0%B5%D0%B1%D0%B8_%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D181.

4 Ахметов З. Әдеби байланыс арнасы. Қазақстан коммунисі. 1982, № 2. – 34-40 б.

5 Тұрғанбек Б. Ғасыр айрығындағы сырласу. 2021. – https://bilim-all.kz/article/14544.

6 Ахметова С., Серікбай Е. Аңшының зары. Қытайды дүр сілкіндірді. – 2015. https://abai.kz/post/40364.

ҒТАМР 03.20

ТҮРІК, ШЕШЕН ЖӘНЕ ҚЫРЫМ ТАТАР ДИАСПОРАСЫ ӨКІЛДЕРІМЕН ҰЛТАРАЛЫҚ НЕКЕ ҚҰРУ

Н.Д. Тогузбаева
Магистр, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Мақалада түрік, шешен және қырым татар диаспорасы өкілдерінің басқа ұлт өкілдерімен неке одақтары қарастырылған. Көпэтносты Қазақстанда ұлтаралық некелер-жиі кездесетін құбылыс. Жоғарыда аталған диаспоралардың аралас неке пайызы мүлдем өзгеше екенін атап өткен жөн: ең жоғарғысы – қырым татарлары, ең төмені – шешен, ал орташа – түрік. Бірінші жағдайда, ұлттық мәдениетті сақтау көрсеткіші өте төмен, ал қалған екеуінде – жоғары. Бұл фактор аралас некенің ұлттық мәдениетті сақтауға, демек, этностың өзіне қатты әсер етеді. Мақала түрік, шешен және Қырым татар диаспорасы өкілдерінің басқа ұлт өкілдерімен неке одақтарының тарихын зерттеуге арналған.

Түйін сөздер: ұлтаралық неке, түріктер, қырым тара, шешендер, этнос, диаспора.

Қазақстанда түрік-ахыска арасындағы ұлтаралық неке шешендерге қарағанда сирек емес, бірақ орыс және қырым татарлары сияқты жиі емес. Мұндай одақтар айыпталмайды, бірақ оларды аға буын мақұлдамайды. Әдетте түріктердің діншілдермен, көбінесе түркі этностарының өкілдерімен: өзбектермен, қазақтармен, әзірбайжандармен, татарлармен некелері байқалады. Мұндай одақтарда олардың салыстырмалы бекінісі дәл осы факторлармен түсіндіріледі: бір реттік және этникалық шығу тегі. Әдетте мұндай отбасыларда үй шаруашылығына, бала тәрбиесіне, туыстарымен қарым-қатынасқа, қоғамдағы мінез-құлыққа және т.б. қатысты келіспеушіліктер сирек кездеседі. [1].

Түріктер орыстармен үйленген кезде жағдай мүлдем басқаша көрінеді. Басқа ұлдармен некеден шыққан балалар исламды ұстануы мүмкін, дәстүрлер мен тілді білуі мүмкін, бірақ ең жақын туыстары тұрғысынан олар енді түріктер емес. Мұндай балалардың орыс мәдениетін қабылдауы жағдайында жағдай мүлдем басқаша көрінеді: түрік қоғамы оларды мойындамайды. Мұндай

адамдардың түрік қоғамында сіңісіп кетуі сирек кездеседі, бұл түрік мәдениетін қабылдағандарға да қатысты.

Атап айтарлығы, түрік диаспорасында ер адамдар әдетте өз тағдырларын шетелдіктермен, әдетте орыс, өзбек, татар әйелдерімен байланыстырады. Түріктер шетелдіктерге аз үйленеді, әдетте бұл діндарлар: әзірбайжандар, өзбектер, қазақтар. Түрік әйелдерінің басқа ұлттармен, мысалы, орыстармен некелері іс жүзінде кездеспейді. Әдетте қалалық интеллигенция ұлтаралық некеге бейім, ауыл тұрғындары мұндай мәселелерде консервативті және қатал. Мұндай мінез-құлық ұлттық дәстүрлер мен тілді, ұлттық өзін-өзі тануды сақтауға деген ұмтылысқа байланысты. Алайда, ұлтаралық неке мәселелерінде түрік-ахыска шешендер сияқты қатал емес.

Аралас некелер арасында шешен арасында бар, бірақ басқа ұлттарға қарағанда өте сирек. Қазақстан шешендерінің мұндай некелерге деген теріс көзқарасы депортациядан бері қалыптасқан. Аралас некеге тыйым салу олардың этникалық ерекшелігін сақтауға көмектесті [2].

Алматы облысындағы шешен диаспорасының өкілдері Хадиджа Якуева: «тек бір-бірімен некеде ғана өз ұлтын сақтап қалуға болады» – деп есептейді. Шешен үшін басқа ұлттың қызын жақсы көру ата-анасының еркіне қарсы шығу, және бәрі бірдей мұны істеуге батылы жетпейді. Шешен ортасындағы одан да жаман нәрсе қыздың басқа ұлттың жігітке тұрмысқа шығуы – мұндай некелер кезінде отбасы үзіледі деп саналады. Шешендер үшін бұл ауыр күнә. Кейбір жағдайларда ата-аналар қыздарынан бас тартып, оларға қарғыс айтады.

«Шешендерде мұсылман емес дінділермен некелескендерді басқа ұлт өкілдерімен некелескендерге қарағанда көбірек айыпталады. Мұндай некеден шыққан балаларды әдетте шешен деп танымайды. Әдетте орыстар мен украиндарды, сондай-ақ басқа ұлттардың әйелдерін шешен отбасы ресми әйел ретінде мойындамайды. Қайын ата мен қайын ененің көзінде мұндай әйел ұлының қожасы болып саналады. Бүкіл отбасы еркекті ондай әйелден ажыратып, шешен келініне үйлендіреді» – дейді «Вайнах» ҰҚК белсендісі А.Джабраилов [3].

Ажырасқан жағдайда неке аралас болмаса да, балалар әкесінде қалады. Бұл әсіресе ер балаларға қатысты: шешен ұғымдары бойынша болашақ жауынгер және қорғаушы ерлердің арасынан өсуі керек. Балаға әйелден қажет нәрсенің барлығы – қамқорлық пен мейірім сәби кезінде алса, қалғанын әкесі береді. Көптеген шешендер осылай ойлайды.

Көп жағдайда аралас некеден шыққан балаларды шешендер мойындай бермейді. Шешен жұртшылығы олардан сақтанып отырады. Анастасия Л.: «Менің анам орыс, әкем шешен, – дейді шешен туыстары мен жалпы шешендер маған дұшпандықпен қарайды». Әдетте мұндай балалар өз өмірін шешен жұртшылығының өмірімен сирек байланыстырады [4].

Қазақстан шешендері, мысалы, Ресей шешендеріне қарағанда, аралас некеге тыйым салуды қызу жақтайды. Кейбір жағдайларда шешендер (әсіресе ер адамдар) орыстар мен украиндарға үйленеді. Қазақстан шешендері арасында бұл Шешенстандағыдай танымал емес, бірақ ол кеңес заманында да орын алған.

Әдетте, ауқатты адамдардың бірнеше әйелі болады. Егер шешендер күйеуінің басқа әйелмен екінші немесе үшінші некеге тұруына қарсы болмаса, онда бұл орыс әйелі үшін қолайсыз. Мұндай жағдайларда жиі жанжал туындайды, ол ажырасумен аяқталуы мүмкін. Орыс әйелдерінің көп әйел алу дәстүрінен бас тартуы олардың оны архаикалық жәдігер деп санауымен түсіндіріледі, әсіресе күйеуінің екінші әйелінде әлеуетті бәсекелесті көреді. Олар күйеуінің екінші некесін шешендер арасындағы онсыз да қиын жағдайды шайқайды деп сенеді [5].

Шешендердің пікірі мүлде басқа. «Қалай болғанда да, әр әйелмен бейресми түрде жатудан гөрі, ресми түрде екі-үш әйел алған жақсы», – дейді белгілі ақын Зинаида Чумакова. Алайда шешендер мен олардың орыс әйелдері арасындағы кикілжіндер мұнымен бітпейді. Шешендердің ар-намыс кодексі мен шариғат нормаларына бағынатын, қатаң реттелетін өмірге төтеп бере алатын әйелдер аз. Көп жағдайда бұл оларға түсініксіз, әдеттен тыс, кейде ауыр жағдайға әкеледі. Сондай-ақ мұндай некедегі қызғаныштан туындаған келеңсіздіктер, үнемі ерлердің бақылауына байланысты әйелдің қанағаттанбауы, балаларды тәрбиелеудегі келіспеушілік, конфессияаралық және ұлтаралық негіздегі жанжалдар, орыс әйелінің шешен дәстүрін түсінгісі келмеуі және тілі, шешен әдебінің заңдылықтарын сақтау, Құрбан айт және Ораза айт тойлауға қатысу [6]. «Шешендер үшін орыс әйелдерімен ажырасудың жалпы себебі – олардың еркін айтпағанда, моральдық деңгейінің нашарлығы, сүйіспеншілікке, некеге және жақын қарым-қатынасқа жеңілірек қарауы. Бұл кез келген орыс қызы үшін табиғи нәрсе, бірде-бір шешен әйелі өзіне жол бермейді. Махаббат өтсе, көрегендік келеді, артынан түңілу келеді. Әдетте шешен жігіті орыспен ажырасқан соң шешен әйелге үйленеді» – дейді Аслан Жабраилов.

«Кейде шешен жігітін аралас некеге тұруға ата-анасының өз ұлына қалыңдық таңдау тілегі итермелеуі мүмкін. Осылайша, ол өзінің тәуелсіздігін көрсетуге тырысады. Рас, кей жағдайда және әлі күнге дейін ата-анасының кеңесімен қалыңдықты таңдайды» – дейді халықтардың кіші ассамблеясының депутаты Ескендір Мұсаев [7]. Дегенмен, бүгінде Қазақстанның шешен диаспорасында ұлтаралық некелерді жақтаушылар немесе ең болмағанда оларға теріс қарамайтын адамдарды кездестіруге болады. Әдетте бұл жастар, халықаралық ортада тәрбиеленген орта жастағы адамдар немесе метистер (шешен қанының жартысы барлар).

Әдетте олар шешеннің шетел азаматымен некеге тұруына қарсы емес, бірақ шешеннің басқа ұлт өкілімен некеге тұруына құлықсыз. Бірақ қазақ шешендерінің арасында мұндай либералдық ұстанымды ұстайтындар өте аз. «Шешендер арасындағы аралас неке ешқашан құпталмайды, біздің ортада шетелдік азамат тек қожайындарда ғана болады, ал ресми әйелдерде болмайды» – деп түйіндейді А. Джабраилов. Аралас некеге салынған тыйымды жеңудің тағы бір жолы – қалыңдық ұрлығы. Рас, егер жас жігіт мұсылман ұлтының қызына үйленгісі келсе, бұл мүмкін жағдай. Ресейлік қалыңдық бұл әрекетті

қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырып, әлеуетті күйеу жігітті сотқа беруі мүмкін [8].

Қазақстандағы қырым-татар диаспорасына келетін болсақ, олардың арасында түріктер мен шешендерге қарағанда аралас неке жиі кездеседі және бұл әйелдерге де, ерлерге де қатысты.

Қырым татарларының әйелдері көбінесе қазақтарға, азырақ өзбектерге және орыстарға, қырым татарлары әдетте орыстарға, украиндарға үйленеді. Қырым татарлары әрқашан жоғарыда аталған этникалық топтардан бөлініп келгенімен, Қазақстанда тұратын Қазан, Сібір, Еділ, Башқұрт татарларымен некеге тұру жағдайлары бар. Қырым татарлары аралас некеде әдетте басқа ұлттың мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін және дінін қабылдайды. Бұл осы некеде туған балаларға да қатысты. Бұл қырым татарларының жаңа мәдениеттері мен жаңа дәстүрлерді қабылдауымен байланысты. Мұндай бейімділік ғасырлар қойнауынан келеді, өйткені Қырым халқы барлық уақытта көп ұлтты болды [9].

Сондай-ақ, Кеңес дәуіріндегі Қазақстандағы қырым татарлары үшін қазақтар мен орыстармен некелесу көптеген қорлықтан құтқару болды. Мұндай некеден шыққан балалар бұрыннан орыс пен қазақ болып саналды, яғни олар осылай бұл қорлықтан құтылды. Аралас некеге тұрудың жақсы себебі қырым татарларының әйелдері мен олардың отбасыларының әлеуетті күйеуі мен күйеу баласының материалдық әл-ауқатына деген талаптарының артуы болып табылады [10].

Қырым татарлары үшін кедей болу ұят, өз халқының заңы бойынша өз үйі болмаса үйленуге құқығы жоқ. Сондықтан қырым татарларының жігіттері кейде басқа ұлттың қызының пайдасына таңдау жасайды. Ұлт кемсітушілікке байланысты лайықты ақша табуға мүмкіндік болмаған кеңестік кезеңде де осындай талаптар жиі қойылды.

Бүгінгі таңда ұлтына байланысты кемсітушілік жоқ, бірақ Қырым татарларының барлығы бірдей материалдық әл-ауқатқа қойылатын талаптарды қанағаттандырмайды. Сондай-ақ Қырым татарларының Қазақстан аумағында ықшам тұрғылықты жерінің жоқтығы аралас некеге итермелеп отыр. Тек Алматыда олар диаспора, басқа жерлерде олар ирредента ретінде өмір сүреді. «Аға ұрпақ әдетте қырым-татар ортасында ұлтаралық некеге қарсы. Әжем айтатын: басқаға үйленсең, кейін қалай жерленесің?» – деп еске алады Алматыдағы диаспора төрайымы Е. Қадырова. Бірақ ұлтаралық некеге қарттары кедергі келтірмейтін отбасылар бар [11]. Мұндай одақтарда балалар әдетте қырым татары емес, орыс, қазақ, өзбек және т.б. болып кетеді, олар ескі салт-дәстүрді, тілді білмейді. Әсіресе қырым татарларының өздері оңай ассимиляцияға ұшырағандықтан аралас некелерде қырым татарларының мәдениетінің әсері әдетте әлсіз болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Курдаев Т. Кто мы, турки? Ahiska Turklerini tarihi. Edebiyati ve asiklarini kisa ahtolojisi. Ш, 2007.

2 Гагалова Л. Вспомним тех, кого уж нет. Достық – Дружба октябрь – декабрь 2004.

3 Энциклопедия «Народы Казахстана. – А, 2007.

4 Песнев С. Горькая «Чечевица». Казахстанская правда. 11 марта 2011 № 88-89.

5 Ханиев М. Казахстанские новеллы. Часть вторая. Казахстанская правда. 4 марта 2011, № 80-81.

6 Касанов З. Чтобы цвели сады, чтобы цвела страна. Менің Елім, 09. 2009 № 3.

7 Тагарова Т.Г. Тема утраченной Родины в поэзии турков Казахстана СБ. МКТУ «Хабаршысы», 09.2008 № 3.

8 Ibrahim Turki Ahiska Turklerini tarihi edebiyati ve asikklarin kisa antolojisi. Шымкент. 2007.

9 Идигов А. Судьбы связующая нить. Казахстанская правда, 10 февраля 2012.

10 Доброта Л. В Шымкент на Родину! Казахстанская правда. 15 мая 2011 № 150-151.

11 Тобаяков Б. Верный друг, настоящий профессионал. Казахстанская правда, 24 февраля 2012, № 55-56.

ГРНТИ 15.31.21

КАК БЫТЬ ЧЕЛОВЕКОМ, ЧИТАЮЩИМ В ЭПОХУ ГАЖДЕТОВ?

Ш.С. Юсупова
Университет Мирас, г. Шымкент
Т.М. Пирназарова
Ст.преп., Университет Мирас, г. Шымкент

В статье упомянуты значимости книг в эпоху гаждетов, как много читает современный человек, зачем чтение нужно человеку, какие книги популярны сейчас. Представлены отличительные особенности классической литературы, рассмотрены плюсы и минусы электронных и бумажных книг.

Ключевые слова: технология, гаджеты, интернет, классика, факт, век, электронная книга, критик, баланс, опыт, информация, актуальность.

В эпоху гаджетов и высоких технологий, в наше светлое и яркое время не составляет никакого труда читать. Книга – источник знаний. Человек, который читает книги совершенствуется, развивается, грамотно мыслит, улучшает память и также может стать интересным собеседником. Поэтому книгу можно читать как угодно – с телефона, планшета, компьютера. Ведь многие люди в наше время предпочитают электронный вариант, но это никак не влияет на само чтение, если ты черпаешь знания, получаешь заряд эмоции от прочитанного. Читая книги, человек может почувствовать себя в водовороте событий, происходящих в ней. А еще, если у тебя совсем мало времени на то, чтобы читать – ее можно послушать с любого устройства воспроизведения звукозаписей. Это же космос и невероятная новость для представителей поколения прошлого и настоящего!

Что же такое чтение, зачем оно человеку, и так ли уж мало читает современный человек?

Александр Герцен говорил: «Без чтения нет настоящего образования, нет и не может быть ни вкуса, ни слова, ни многосторонней шири понимания; Гёте и Шекспир равняются целому университету. Чтением человек переживает века». Чтение обогащает знаниями и эмоциями, дает новую информацию, расширяет кругозор, позволяет оперировать абстрактными понятиями, развивает воображение, формирует мировоззрение, позволяет человеку вести внутренние диалоги, следовательно, развивает мозг, учит размышлять самостоятельно. Человек, который много читает, гораздо легче осваивает

новую информацию. Конечно же, чтение не заменит живого общения, но оно позволяет подготовиться к предстоящему общению, при этом читающий человек будет красноречивым, культурным, умеющим поддерживать любую беседу в любой обстановке . В его речи будут отсутствовать слова – паразиты.

Также не стоит забывать тот факт, что люди, которые читают и те, кто не любит читать и открывать книгу, отличаются по уровню развития, по поведению, по умению вести диалог: ведь если бы хотели, то читали бы, просто используя электронные версии книг. И говорить, что причина тому Интернет – нельзя. Почему же читают мало?

Вплоть до XX века книги были одним из немногих доступных источников информации. Возникновение радио, телевидения и Интернета сделалось значительным соперником литературы. Ведь Интернет – большая энциклопедия, всемирная паутина, в которой, при правильном поисковом запросе, можно найти все. Исключено, что человек обрабатывает меньше информации, напротив, намного больше, только теперь существует иной формат. Кроме того, особенно важен момент выбора конкретной литературы для чтения. К сожалению, большинство книг особо не несут никакой пользы. Поэтому следует тщательно подбирать книги, которые могут быть полезны и познавательны для вас.

Как отличить хорошую литературу от плохой?

PBL ӘДІСТЕРІН ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Ж.Б. Тұрғанбек
Магистрант, Астана халықаралық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
Ж.А. Ибатаев
Ғылыми жетекші, х.ғ.к., қауымд. профессор, Астана халықаралық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

PBL – білім беруді дамыту және бағалау негізіндегі жоба. PBL жобалау арқылы білім беруді іске асырады. Берілген мақалада білім беру үдерісінде қолданылатын PBL әдісін химия пәнін оқытуда қолданудағы заманауи тәжірибелері туралы қысқаша сипаттама берілген.

Түйін сөздер: жобалық оқыту, білім беру, тәжірибе, қолдану, дамыту, күнделікті өмірлік жағдайлар.

Жаңа ғасыр қоғамды қайта құру жағдайында Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы басты міндеттердің бірі – ұлттық ерекшеліктерді еске алып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісін дамыту және жетілдіруді басты мақсат етіп отыр. Білім мен тәрбие берудің негізі жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процесін жақсарту кезек күттірмейтін мәселе десек, мектеп – соның бастауы.

Соңғы уақытта заман талабына сай оқытудың тәрбиелік және дамытушылық функцияларын қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық оқыту әдістерін табу немесе дәстүрлі білім беру жүйесін қайта қарастыру кең етек алуда. Ал жасалынып жатқан инновациялық тәсілдер көп жағдайда психологиялық-педагогикалық негізге ие болмайды, бірақ оларды оқу процесінде пайдалану сөзсіз табысқа ие. Сондықтан оқушыларды біліммен сусындату жүйесіне ұтымды әдіс тәсілдерді енгізу маңызды. Ал жобалық оқыту (Project-based learning) қазіргі замандағы білім беру жүйесінде оқушының пәнге деген зейінің арттыратын ұтымды әдістердің бірі десек қателеспейміз.

Өзектілігі: жобалап оқыту мұғалім бен оқушының бірлесіп жұмыс жасауына бағытталған, сонымен қатар тұлғаны тереңдетілген біліммен қоса жауапкершілікке, досына сенім артуға, топпен жұмыс істеуге үйретеді және оқушының химия пәніне деген қызығушылығын арттырып олардың жүйелі ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Жобалық оқытудың негізгі шарты – ғылыми жобаны кәдімгі өмірмен байланыстыра алумен қоса сыни тұрғыдан ойлауды және көптеген ақпаратты коммуникациялау технологияларымен жұмыс істеуді үйрету.

Жаңартылған мектептерде жетекші орын жобалық оқыту әдісіне беріледі. Бұл әдіс мектеп оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін практикалық немесе теориялық маңызды мәселені шешу кезінде алынған нәтижеге бағыттау идеясына негізделген [1].

Жобалық оқыту – бұл жобалардың төңірегінде оқу процесін ұйымдастырудың үлгісі – нәтижеде шынайы өнімді немесе презентацияны беретін күрделі тапсырма. Бұл әрекет оқушыларды жобалауға, есептерді шешуге, шешім қабылдауға немесе ізденіс әрекеттеріне, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы автономды жұмыс істеуге мүмкіндік беретін тапсырмалар немесе сұрақтарға негізделген. Осыған сай жобалық оқытудың бес негізгі критериін атап өтуге болады:

– жобалар оқушыларды өз бетінше зерттеу жүргізуге үйретеді;

– жобалар оқушыларды пәннің негізгі ұғымдары мен қағидаларымен танысуға мәжбүрлейтін проблемалар мен мәселелермен тығыз байланысты;

– жобаны жүзеге асыру кезіндегі оқушылардың іс-әрекеттері жаңа білімді қалыптастыруға бағытталуы керек (яғни жоба оқушыларға белгілі бір қиындық тудыруы керек);

– жоба шындығында оқушыларға негізделген (яғни оқушыларға жобаны қалай орындау керектігін ешкім айтпайды; зертханалық жаттығулар жоба ретінде саналмайды);

– жобалар оқушыларға шынайы еңбек сезімін береді, олар нақты сынақтарға жауап беруді үйренеді [2].

Қазіргі таңда білім беру саласындағы көптеген технологиялардың ішінен PBL (жобалап оқыту) әдісі жиі қолданылатын болып жүр. Жобалық оқыту Қазақстан Республикасында бастауын 2000 жылдардан алса, ал Батыс елдерінде 1920 жылдардан бастап қолданыла бастаған. Сондықтан да Батыс елдерінің жобалық оқытумен байланысты әдебиеттері, оқыту тәжірибелері мен нақты нәтижелері жетерлік десек те болады. Енді жобалық оқытудың заманауи, табысты тәжірибелеріне тоқталып өтейік. Бірінші мысал мектептен тыс орындалатын жоба болып табылады, өйткені білім ордасының зертханасы мектептен тыс орналасқан. Bayer компаниясының мектептерінің оқушылары мектептен тыс орналасқан «BayLabs» зертханасына келіп, бір күндік әртүрлі жобаларды орындайды. Жобалардың бірі макролоннан бұйымдар жасау болып табылады, жоба барысында мектеп оқушылары полимерлер туралы көптеген қызықты нәрселерді біледі. Осындай тәжірибе Питтсбург университетінде бар, ол үлкен студенттерді сканерлеуші туннельдік микроскопта магниттік сұйықтықтармен жұмыс істеуге шақырады [3]. Мысалы, мектеп оқушылары сұйықтық бетінде қандай жағдайда «кірпікше» пайда болатынын зерттейді. Дегенмен, мұндай жобалар үшін өте күрделі жабдықтар пайдаланылады, сондықтан оларды мектептерде кеңінен қолдануға болмайды.

АҚШ-тағы «нақты жобалар» көбінесе «қызметтік оқыту жобалары» белгісімен алға жылжытылады. Студенттер өздерінің қоғамдастығындағы нақты проблемаларды қарастыратын қандай да бір «нақты жобаны» қолға алады (көбінесе жергілікті билік органдарымен немесе ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп жүзеге асырылады). Мысалы, 1996-1997 жылдары Юта университетінің бірінші курс студенттері Солт-Лейк-Ситидегі үйлердегі бояулардың таралуын картаға түсірді. Қорытынды баяндаманы мұғалім шығарды, себебі студенттер мұны істеуге үлгермеді. Жобаның нәтижесінде оқушылардың ынтасы артып, зертханалық жұмыс дағдылары пайда болды, өз жұмыстарына қанағаттану сезімі пайда болды [4].

Шачтер М.А., Эдгерли Дж.С. жаратылыстану пәнінен басқа студенттерге арналған «Химия және қоршаған орта» жобалық курсын әзірледі. Он апталық курс аясында студенттер «Шөлмекке құйылған су соншалықты жақсы ма», «Көлік құралдарынан шығарылатын газдар: ықтимал баламалар», «Университеттегі қалдықтарды қайта өңдеуден хабардар болу», «Ішкі ауаның сапасы» т. б жобаларды аяқтады. дістерді таңдауды және талдауды студенттер өз бетінше орындады. Жобаның соңында жүргізілген сауалнамада кейбір студенттер тест тапсырудан бөлек алған білімдері не үшін қажет екендігін түсінгендерін атап өтті. Яғни, жоба алынған білімнің мәнділігін арттыруға ықпал етті [5].

Біздің елімізде жобалық оқыту әдісін кеңінен пайдаланатын алдыңғы қатардағы мектептерге БИЛ (Білім-инновация лицей интернаты), НЗМ (Назарбаев зияткерлік мектебі) мектептерін жатқызуға болады. Айта кетсек БИЛ-дің оқу үрдісіне PBL бағдарламасы 2014 жылдан бастап енгізілді. Химия пәні мұғалімі Балмасов Дамир Табылдыұлының сабақтарында 8-сынып оқушылары Менделеевтің периодтық кестесін жоба арқылы құрастырған. Өз тәжірибесімен бөліскен мектеп мұғалімі әр химиялық элементке жоба жасамас бұрын, оның қасиеттерін егжей-тегжейлі зерттеу керектігін, ауаның молекулаларын жоба арқылы көрсету де оқушылардан аз шығармашылықты талап етпейтіндігін атап өтті. Тәжірибе нәтижесінде белгілі тақырыпқа арналған зерттеу жобасы көптеген оқушыларды тығырықтан шығу жолын табуға, оның мүмкіндіктерін қарастырудағы іздену дағдыларын қалыптастыруға, тез шешім қабылдауға дағдыландырған [6].

Қорыта келгенде, жобалық әдіс шығармашылыққа деген көзқарасты түбегейлі өзгертеді. Маңыздысы түпкілікті нәтиже емес, оны іздеу, шығармашылық белсенділік, зерттеу тәжірибесі, яғни, шығармашылық процестің өзі. Сәтсіз шығармашылық жобаның да оң педагогикалық мәні бар: қате мәлімдемеден қорқу жоғалады, психологиялық инерция жеңеді, шығармашылық қиял дамиды, әртүрлі тапсырмаларды орындау технологиялары жасалады.

Дегенмен, жобалық оқытуды тәжірибеде қолдану кезінде бұл әдістің химияның бүкіл курсының мазмұнын толық қамти алмайтындығын және айтарлықтай уақытты қажет ететінін есте ұстаған жөн. Жоғарыда айтылған тәжірибелерге шолу негізінде мектептегі химия курсында жобалық әдістің

қолдану аясы шектеулі мүмкіндіктерге ие деп айтуға болады. Сондықтан жобалық оқытуды ең тиімді жолмен қолдану, оны дәстүрлі оқыту әдістерімен бірге қолдануға болатын маңызды қосымша ретінде пайдалану болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Бухаркина Е.С., Моисеева М.Ю., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие для студентов пед. вузов и системы повышения квалификации пед.кадров. – М.: Академия, 2001. – С. 272.

2 Thomas J.W.A Review of Research on Project-based Learning. Supported by The Autodesk Foundation, 2000. URL:http://www.bobpearlman.org/BestPractices/PBL_Research.pdf.

3 Furlan P.Y. Engaging Students in Early Exploration of Nanoscience Topics Using Hands-On Activities and Scanning Tunneling Microscopy. // J. Chem. Educ., 2009, 86 (6). – P. 705-711.

4 Kesner L., Eyring E.M. Service-Learning General Chemistry: Lead Paint Analyses. // J. Chem. Educ., 1999, 76 (7). – P. 920-923.

5 Shachter M.A., Edgerly J.S. Campus Environmental Resource Assessment Projects for Non-Science Majors// J. Chem. Educ., 1999, 76 (12). – P. 1667-1670.

6 https://astanaboysbil.edupage.org/news/?eqa=bmV3c2FyY2hpdmVmPTIwMTUtMDI%3D.

ҒТАМР 27.31.55

ЕКІ АСИМПТОТИКАЛЫҚ ФОРМУЛАНЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТІК КРИТЕРИЙІ

А.Е. Замзина
Магистрант, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ, Өскемен қ.

Асимптотика дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап беру – «математика дегеніміз не?» деген сұраққа жауап берумен тең. Дегенмен, біз «асимптотика» сөзіне түсініктеме беруге тырысамыз. Көбінесе біз белгілі бір мәнді есептеуіміз керек, және бұл есептеу іс-әрекеттің өте үлкен санына әкеледі, сондықтан оларды орындау мүмкін болмайды. Бұл жағдайда осы мән туралы қосымша ақпарат алудың басқа әдісі болуы мүмкін, бұл оның мәнін кем дегенде шамамен табуға мүмкіндік береді. Әдетте мұндай әдіс (Лаплас атап өткендей) «неғұрлым дәл болса, соғұрлым қажет», яғни біз қалаған мәнге неғұрлым дәл жақындасу үшін, оны тікелей есептеу үшін неғұрлым көп әрекет қажет болады. Ұқсас позицияда біз асимптотикалық бағалау немесе асимптотикалық формула туралы айтамыз. Бұл анықтама, әрине, өте анық емес.

Түйін сөздер: асимптотика, оператор, эквиваленттілік, BKS теоремасы.

Белгілі бір $\{\lambda_n\}_{n=1}^{\infty}$ тізбектің асимптотикасын табу – бұл

$$\lambda_n \sim f_n, \quad n \to +\infty \qquad (1)$$

арақатынасты қанағаттандыратын белгілі (контекстен туындайтын) қасиеттері бар $\{f_n\}$ тізбегін ұсынады.

Мұнда және барлық жерде $f(x) \sim g(x), \quad x \to x_0, \quad x \in D$ жазбасы x_0 шектік нүктесімен D жиынында анықталған g және f функциялары үшін асимптотикалық теңдік (эквиваленттілік) ретінде түсініледі:

$$g(x) = f(x)(1+\alpha(x)), \quad x \in D, \quad \lim_{x \to x_0} \alpha(x) = 0.$$

Кейде (1) формуласын нақтылауға болады. Мысалға, егер L – $y(0) = y(\pi) = 0$ шеттік шарттары бар және $q \in W_2^m[0,\pi]$ болатын $-y'' + qy$ дифференциалдық өрнегінен тұратын $L^2(0,\pi)$ құрылған оператор болса, ал $\{\lambda_n\}$

– алгебралық еселіктерді ескере отырып, модульдердің кемімейтін реті бойынша нөмірленетін L – дің меншікті мәндері, онда

$$\lambda_n - \left(n^2 + \sum_{j=1}^{[m+1/2]} c_j n^{-2j} \right) = n^{-m} \alpha_n, \quad c_j = const, \quad \{\alpha_n\} \in l^2 .$$

Алайда, тізбектер жиі келетін тапсырмаларда

$$N(\lambda) \sim g(\lambda), \quad \lambda \to +\infty \qquad (2)$$

формуласын қолданады, мұндағы $N(\lambda) = \sum_{\lambda_n < \lambda} 1$ – $\{\lambda_n\}$ бөлу функциясы. Мұның себептері әртүрлі болуы мүмкін: кейде (2) формуласының пайдасына таңдау қолданылатын әдістер мен тәсілдерге емес, мәселенің мәнінен туындайтын тереңірек ойларға байланысты болуы мүмкін.

Мысал 1. Айталық G – IR^m-дағы шектелген облыс, $-\Delta_D^G$ – G облысының Лапласиан Дирихлесі – $L^2(G, dx)$ – да өздігінен жүретін

$$q(f, g) = \int_G \nabla f \overline{\Delta} \overline{g} dx, \qquad f, g \in C_0^\infty(G)$$

формасының тұйықталуы болып табылатын квадраттық формамен байланысты оператор.

Айталық $\{\lambda_n\}$ – A операторының олардың еселігін ескере отырып, кему тәртібімен нөмірленген өз сандары. Содан кейін егер G-да жордан көлемі бар болса, онда

$$N(\lambda) \sim (2\pi)^{-m} \tau_m W_m(G) \lambda^{m/2}, \qquad \lambda \to +\infty \qquad (3)$$

мұндағы W_k – k-өлшемді жордан көлемі. G аймағына және оның Г шекарасына қосымша шарттар орындалған кезде ([4, §§ 17. 5, 24. 7], [5] қараңыз) (3) формуланы *(m − 1)* – өлшемді Г өлшемі тұрғысынан көрсетілген ыдыраудың екінші мүшесін бөліп көрсету арқылы нақтылауға болады.

Мысал (2) формуласының пайдасына таңдау қаншалықты табиғи болатындығын көрсетеді. Әрине, g функциясын білу $\{f_n\}$ тізбегі туралы біраз түсінік береді деп болжанады. Бұл болжам, мысалы, $\{\lambda_n\}$ тізбегі қатаң монотонды екендігі белгілі болған жағдайда және g функциясы тізбектің асимптотикалық эквивалентін сақтайды, яғни $\{x_n\}$ және $\{y_n\}$ кез-келген шексіз үлкен тізбектер үшін

$$x_n \sim y_n, \quad n \to +\infty \Rightarrow g(x_n) \sim g(y_n), \quad n \to +\infty. \qquad (4)$$

тұжырымы дұрыс.

Шынымен де, егер $\{\lambda_n\}$ өссе, онда $N(\lambda)=n-1$, және (2), (4) формулаларынан

$$g(f_n)\sim n, \qquad n\to\infty \qquad (5)$$

аламыз.

Егер g функциясы үздіксіз және *[A,+∞)* өседі және g^{-1} кері функциясы да асимптотиканы сақтайды деп болжасақ, онда (5) қатынасынан $f_n\sim g^{-1}(n),\quad n\to+\infty$ аламыз.

Төменде 1-леммада біз $\{f_n\}$ тізбегі мен g функциясы азаймайтын болса, (1) бағалауды қанағаттандыратын кез келген азаймайтын $\{\lambda_n\}$ тізбегі үшін (2) бағалау да дұрыс болатынына (5) шарт қажет (бірақ жеткіліксіз!) екенін көрсетеміз.

Нақты жазбаның мақсаты – g функциясы немесе $\{f_n\}$ тізбегі үшін қажетті және жеткілікті шартты табу болып табылады, онда (1) немесе (2) формулалардың бірін қанағаттандыратын кез-келген азаймайтын $\{\lambda_n\}$тізбегі үшін басқасы дұрыс болады.

Нәтижелерді тұжырымдауды бастамас бұрын, асимптотикалық (4) эквивалентті сақтайтын функциялар класы жақсы белгілі екенін ескереміз.

BKS Теоремасы (V.V. Buldygin, O.I. Klesov, J.G. Steinebach [8]). Айталық, g функциясы *[A,+∞)* – да өлшенеді және $\lim\limits_{x\to+\infty} g(x)=+\infty$. Онда келесі мәлімдемелер эквивалентті болады:

1) g функциясы тізбектің асимптотикалық эквивалентін сақтайды.

2) g функциясы үздіксіз функциялардың асимптотикалық эквивалентін сақтайды, яғни

$$\lim_{t\to+\infty} u(t)=\lim_{t\to+\infty} v(t)=+\infty$$

шартын қанағаттандыратын және $+\infty$-те асимптотикалық эквивалентті *(B,+∞)* интервалында үздіксіз кез келген *u, v* функциялары үшін $g(u(t))\sim g(v(t)),\quad t\to+\infty$.

4) g функциясы

5)

$$\lim_{\delta\to1+0}\limsup_{x\to+\infty}\frac{g(\delta x)}{g(x)}=1 \qquad (6)$$

шартын қанағаттандырады.

Осы теоремадан, егер g функциясы *[A,+∞)* үздіксіз болса, артып, $f_n=g^{-1}(n)$ шексіз болса, онда кез-келген өсіп келе жатқан тізбекті (1)

асимптотикамен (2) қанағаттандыру үшін және (6) шарттың орындалуы жеткілікті.

Барлық жерде ары қарай $\{\lambda_n\}_{n=1}^{\infty}$ еркін, материалдық емес, азаймайтын тізбекті білдіретін болады, S^{∞} – азаймайтын шексіз тізбектер жиынтығы, F^{∞} – белгілі бір (,+∞) аралықта (әр функция үшін өзіндік) шексіз мәндерді алатын, азаймайтын және шексіз болатын көптеген функциялар.

Бір қарапайым мәлімдемеден бастайық.

Лемма 1. Айталық $\{f_n\} \in S^{\infty}$, $g \in F^{\infty}$ (1) қанағаттандыратын кез-келген {g} тізбегі үшін (2) бағалау да дұрыс болатындай болсын. Содан кейін (5) орын алады.

Мақаланың негізгі нәтижесі – келесі теоремада.

Теорема 1. Айталық $\{f_n\} \in S^{\infty}$, $g \in F^{\infty}$. Содан кейін (5) және (6) шарттар орындалса, (1) қанағаттандыратын кез-келген $\{\lambda_n\}$ тізбегі үшін (2) бағалау дұрыс болады.

Кері, егер (1) қанағаттандыратын кез-келген $\{\lambda_n\}$ тізбек үшін (2) дұрыс болса, онда $\{f_n\}$ және g (5) және (6) қанағаттандырады.

1-лемманың дәлелдемесі. $\{f_n\}$ төмендемейтіндіктен,

$$f_i = v_k, \quad i = \overline{n_{k-1}+1, n_k}$$

болатындай $\{n_k\}$сандар тізбегі және өсіп келе жатқан $\{v_k\}$ тізбегі бар.

$\lambda_i = f_i$, $i \in IN$ қоямыз. $\lambda \in (v_{k-1}, v_k]$ болғанда, $N(\lambda) = n_{k-1}$ бар. (2) сәйкес кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$n_{k-1}(1-\varepsilon) < g(\lambda) < n_{k-1}(1+\varepsilon), \quad \lambda \in (v_{k-1}, v_k], \quad k \geq K_{\varepsilon}$$

болатындай $K_{\varepsilon} \in IN$ бар.

Осыдан, $i = \overline{n_{k-1}+1, n_k}$ – да $g(f_i) = g(v_k)$ болғандықтан, онда

$$g(f_i) < i(1+\varepsilon), \; i = \overline{n_{k-1}+1, n_k} \qquad (7).$$

Енді (1) – ді қанағаттандыратын басқа тізбекті аламыз: $\lambda_i = f_{i-1}$. Онда $\lambda \in (v_{k-1}, v_k]$ болғанда, $N(\lambda) = n_k$, осыдан (2) үшін кез келген $\varepsilon > 0$ – ға

$$n_k(1-\varepsilon) < g(\lambda) < n_k(1+\varepsilon), \quad \lambda \in (v_{k-1}, v_k], \quad k \geq K_{\varepsilon}$$

болатындай $K_{\varepsilon} \in IN$ нөмір табылады.

Осыдан,

$$f_i = v_k, \quad i = \overline{n_{k-1}+1, n_k}$$

болғандықтан барлық $i=\overline{n_{k-1}+1,n_k}$, $k\ge K_\varepsilon$ үшін $g(f_i)>n_k(1-\varepsilon)$, (7) мен бірге (5) – ті береді. Лемма дәлелденді.

1-теореманың дәлелденуі. (5) және (6) жеткіліктігі. Айталық (5) және (6) орындалды және $\{\lambda_n\}$ – (1) асимптотикасы бар азаймайтын тізбек. BKS теоремасына сәйкес $g(\lambda_n)\sim g(f_n)$, $n\to\infty$, осыдан (5) үшін

$$g(\lambda_n)\sim n, \qquad n\to\infty \qquad (8).$$

Айталық, $\{n_k\}$ және $\{\mu_k\}$ _ $\lambda_i=\mu_k$, $k=\overline{n_{k-1}+1,n_k}$, $n_0=0$ болатындай өспелі тізбектер. Онда $\lambda\in(\mu_k,\mu_{k+1}]$ болғанда, $N(\lambda)=n_k$. Ары қарай, (8) – ден кез келген $\varepsilon>0$ үшін барлық $k\ge K_\varepsilon$ – да

$$n_k(1-\varepsilon)\le g(\mu_k), \qquad g(\mu_{k+1})\le(n_k+1)(1+\varepsilon)$$

болатындай $K_\varepsilon\in IN$ табылады.

Осыдан барлық $\lambda\in(\mu_k,\mu_{k+1}]$ үшін

$$n_k(1-\varepsilon)\le g(\lambda)\le(n_k+1)(1+\varepsilon),$$

сондықтан

$$1-\varepsilon\le\frac{g(\lambda)}{N(\lambda)}\le\left(1+\frac{1}{n_k}\right)(1+\varepsilon), \quad \lambda>\mu_k, \qquad k\ge K_\varepsilon,$$

бұл (2) – ні дәлелдейді.

Қажеттілік. Айталық кез келген (1) – ді қанағаттандыратын $\{\lambda_n\}$ тізбегі үшін (2) дұрыс. Онда (5) шарты 1 леммандан шығады.

(6) дәлелдейміз. Қарама-қайшылық болды делік және (1) қанағаттандыратын, бірақ (2) қанағаттандырмайтын азаймайтын $\{\lambda_n\}$ тізбекті құрамыз.

BKS теоремасы бойынша $+\infty$ – ке ұмтылатын

$$\limsup_{n\to\infty}\frac{g(y_n)}{g(x_n)}>1 \text{ немесе } \limsup_{n\to\infty}\frac{g(y_n)}{g(x_n)}<1$$

теңсіздіктерінің біреуі болсын орындалатын асимптотикалық эквивалентті $\{x_n\}$ және $\{y_n\}$ тізбектері бар.

Айталық, бірінші теңсіздік орындалсын (екінші теңсіздік орындалған жағдай ұқсас қарастырылады). Онда

$$g(y_{n_i})>(1+\alpha)g(x_{n_i}), \quad i>I_1 \qquad (9)$$

болатындай $\alpha > 0, \quad I_1 \in IN \quad \{n_i\}$ тізбегі табылады.

Айталық, $y_{n_i} = x_{n_i}(1+\varepsilon_i)$. Бізде $\varepsilon_i \to +0, \quad i \to \infty$ бар. Ары қарай,

$$\sigma_i = \max_{k \ge i}\{\varepsilon_k\}, \quad m_i = \min\{k : f_k \ge x_{n_i}\}$$

болсын. Онда

$$f_{m_i - 1} < x_{n_i} \le f_{m_i} \qquad (10)$$

және (5) сәйкес

$$g(x_{n_i}) \sim m_i, \quad i \to \infty. \qquad (11)$$

$$\lambda_{m_i} = f_{m_i}(1+\sigma_i) \qquad (12)$$

қоямыз. λ_{m_i} тізбегі артады деп болжауға болады.

(11) – ге сәйкес

$$g(x_{n_i}) > \frac{m_i(1+\frac{\alpha}{2})}{1+\alpha}, \quad i \ge I_2$$

болатын $I_2 \in IN$ табылады. Онда $g(x_{n_i}(1+\sigma_i)) \ge g(y_{n_i})$ болғандықтан, (9) және (10) арқылы

$$g(\lambda_{m_i}) \ge \left(1+\frac{\alpha}{2}\right)m_i, \quad i \ge I_3 \qquad (14)$$

аламыз, мұндағы $I_3 = \max\{I_1, I_2\}$.

Қалған k үшін λ_k анықтап шығайық. $m_{i+1} > m_i + 1$ болсын.

$$d_i = \max\left\{k \in [m_i, m_{i+1}): \quad f_k < \frac{f_{m_i}(1+\sigma_i)}{1+\sigma_{i+1}}\right\}$$

қоямыз. $m_i \le d_i < m_{i+1}$ екені анық.

$$\lambda_k = \begin{cases} f_{m_i}(1+\sigma_i), & m_i \le k \le d_i, \\ f_k(1+\sigma_{i+1}), & d_i + 1 \le k \le m_{i+1} \end{cases}$$

қоямыз. Онда

$$\lambda_k \sim f_k, \quad d_i + 1 \le k \le m_{i+1}, \quad i \to \infty. \qquad (14)$$

(14) бағалауының $m_i \le k \le d_i$, $i \to \infty$ болғанда да дұрыс екенін дәлелдейміз. Көрсетілген k – ларда

$$\lambda_k = f_{m_i}(1+\sigma_i) \le f_k(1+\sigma_i). \qquad (15)$$

Егер $k \le d_i$, онда

$$f_k < \frac{\lambda_k}{(1+\sigma_{i+1})},$$

осыдан

$$\lambda_k > f_k(1+\sigma_{i+1}). \qquad (16)$$

(15) және (16) – дан $m_i \le k \le d_i$, $i \to \infty$ болғанда (14) шығады.

Осылайша, (1) – ді қанағаттандыратын λ_k тізбегін құрадық. Енді оған (2) бағалауының дұрыс емес екенін көрсетейік.

$N(\lambda)$ анықтамасынан $N(\lambda_{m_i}) \le m_i - 1$ екені шығады, сондықтан (13) – тен

$$g(\lambda_{m_i}) > \left(1+\frac{\alpha}{2}\right) N(\lambda_{m_i})$$

аламыз. Осыдан { λ_k } тізбегі (2) – ні қанағаттандырмайды. Теорема дәлелденді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Розенблюм Г.В., Соломяк М.З., Шубин М.А. Спектральная теория дифференциальных операторов. Уравнения в частных производных – 7. Итоги науки и техники. Сер. соврем. пробл. Мат. Фунд. напр. 64, – М.: ВИНИТИ. 1989. – С. 5-242.

2 Марченко В.А. Операторы Штурма–Лиувилля и их приложения. – Киев: Наукова думка. 1977.

3 Рид М., Саймон Б. Методы современной математической физики. – М.: Мир. 1982.

4 Хёрмандер Л. Анализ линейных дифференциальных операторов с частными производными. Псевдодифференциальные операторы. – М.: Мир. 1987.

5 Васильев Д.Г. Асимптотика спектра краевой задачи // Тр. ММО. 49. 1986. – С. 167-237.

6 Weyl H. Das Asymptotische Verteilungsgesetz der Eigenwerte linearer partieller Differentialgleichungen // Mathematische Annalen. 71:4, – P. 441-479.

7 Buldygin V.V., Klesov O.I., Steinebach J.G. Properties of a Subclass of Avakumovic Functions and Their Generalized Inverses // Ukr. Math. Jour. 54:2. 2002. – P. 179-206..

8 Buldygin V.V., Klesov O.I., Steinebach J.G. On some extensions of Karamata's theory and their applications // Publ. Inst. Math. Nouv. Ser. 80(94), 2006. – P. 59-96.

9 Сенета Е. Правильно меняющиеся функции. – М.: Наука. 1985.

ГРНТИ 27.01.45

МОДУЛЬ ТАҢБАСЫ БАР ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ТАЛДАУ

М.Т. Искакова
П.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.
Н.А. Бакытова
Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада математикадан орта мектеп оқу бағдарламасының алгебралық теңсіздіктер, оның ішінде модуль таңбасы бар теңсіздіктерді шешу тәсілдеріне бір тапсырманы бірнеше тәсілмен шешу жолдарына әдістемелік талдау жасай отырып, жаңа тақырыпты өткен тақырыптармен қалай үйлестіре еске түсіріп, қайталауға болатынын, әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тапсырманы қалай саралау қажеттілігіне назар аударылады. Қабілеттері әр түрлі оқушыларға оқулықтағы деңгейлік есеп-жаттығуларды ұсынумен қатар, сол тапсырмаларды орындаудың әр түрлі тәсілдерінің ішінен тиімді әдісті таңдау мүмкіндігі қарастырылады.

Түйін сөздер: модуль таңбасы бар теңсіздіктер, әдіс-тәсілдер, орта мектеп.

Қазақстан Республикасы егемен ел болған кезеңнен бастап жалпыға бірдей орта білім беру саласын әлемдік стандарттарға сәйкестендіру мақсатында адами капиталдың өсіп-өркендеуіне, оның ішінде өскелең ұрпақтың сапалы білім алуына бағытталған көптеген игі істерді жүзеге асыруда. Көптеген игі істер атқаруда. Осындай ізгі мақсаттар аясында халықаралық озық тәжірибелер негізінде оқушыларға ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, патриоттық тәрбие мен сапалы білім беру мақсатында жалпыға бірдей орта білім беру бағдарламасы мазмұны жаңартылды. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында орта білім беру ісіне жаңа сапалы деңгейге көтерілуіне пән мұғалімдері оқу мақсатына сай қажетті білім мазмұны бойынша ақпаратты оқушыға дайын күйінде бере салмай және тек оқулық көлеміндегі ақпараттармен ғана шектеліп қалмай, олардың колданбалы бағыттарына, өмірде кездесетін ситуациялық кезеңдерімен байланыстыра оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен сабақтастыра оқыту қажеттілігінің басымдығы айқын сезілуде.

Осыған орай орта мектептерде математиканы оқытуда оқушыларының ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытумен қатар тақырыпты жан-жақты

зерттеп, талдап, зерделеу, түсіну арқылы функционалдық сауаттылықтарын жетілдіріп, тапсырмаларды орындаудың тиімді әдіс-амалдарын саралай білуге дағдыландыру, пәнге деген қызығушылықтарын, математикалық сауаттылықтарын арттыру әдістемелік тұрғыдан математика пәні мұғалімдері үшін әлі көп ізденісті қажет ететін мәселе болып отыр.

Мақалада математикадан орта мектеп оқу бағдарламасының алгебралық теңсіздіктер, оның ішінде модуль таңбасы бар теңсіздіктерді шешу тәсілдеріне бір тапсырманы бірнеше тәсілмен шешу жолдарына әдістемелік талдау жасай отырып, жаңа тақырыпты өткен тақырыптармен қалай үйлестіре еске түсіріп, қайталауға болатынын, әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тапсырманы қалай саралау қажеттілігіне назарын аударамыз. Саралап оқыту үдерісінде әр оқушы оқу материалының күрделі деңгейін таңдау кезінде өзінің жеке қажеттіліктеріне байланысты шешім қабылдайды [1].

Бүгінде оқушылардың басым көпшілігі тапсырмаларды жалаң орындай салады немесе шығару әдісінің мән-мазмұнын түсінбей қабілетті оқушылардан көшіріп ала салуы, математиканың маңызын төмендетіп, қолданыс аясын тарылтуы да мүмкін және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын бәсеңдетіп, болашақта жақсы мамандық таңдауларына да кері әсерін тигізуі мүмкін [2].

Сондықтан қабілеттері әр түрлі оқушыларға оқулықтағы деңгейлік есеп-жаттығуларды ұсынумен қатар, сол тапсырмаларды орындаудың әр түрлі тәсілдерінің ішінен тиімді әдісті таңдауға мүмкіндік берілгені оқушылардың білім сапасының артуына септігін тигізері еш дәлелдеуді қажет етпейді деп есептейміз.

Мысалы,

Теңсіздікті шешіңіз:

$$2x^2 - 7\lceil x\rceil + 5 > 0 \qquad (1)$$

1-тәсіл.

Квадрат үшмүшелікте $\lceil x\rceil = y$ айнымалысымен белгілесек , онда $x^2 = y^2$ болады.

Демек теңсіздік

$$2y^2 - 7y + 5 > 0 \qquad (2)$$

у айнымалысына тәуелді квадрат теңсіздікке келтірілді. Бұдан

Д=49-40=9> 0, демек (2) теңсіздік шешімі квадрат теңсіздіктер шешу ережесіне сәйкес

$$y < 1 \cup y > 2{,}5$$

бірақ y айнымалысы көмекші айнымалы болғандықтан y айнымалысының орнына $\lceil x\rceil$ қоямыз , нәтижесінде

$$\lceil x \rceil < 1 \ \cup \ \lceil x \rceil > 2{,}5 \qquad (3)$$

белгісіз шама модуль таңбасы ішіндегі екі қарапайым модуль таңбасы бар теңсіздіктерге келтіріледі .

Бұдан бірінші теңсіздіктің шешімі $-1 < x \ < 1$, ал екінші теңсіздік шешімі,

$$\mathrm{x} < -2,5 \ \cup \ x \ > \ 2,5$$

Сонымен (1) теңсіздік шешімі,

$$\mathrm{x} < -2,5 \ \cup -1 < x \ < 1 \ \cup \ x \ > \ 2,5 \qquad (4)$$

аралықтарының жиынтығын береді.

2-тәсіл.

$$2x^2 \ - \ 7\lceil x \rceil + \ 5 \ > 0$$

Теңсіздіктегі $\lceil x \rceil$ өрнегін модульдің анықтамасына сүйеніп, ашып жазайық, яғни

$$\lceil x \rceil = \begin{cases} x \text{ егер } x \geq 0 \text{ болса} \\ -x \text{ егер } x < 0 \text{ болса .} \end{cases}$$

Демек (1) теңсіздік

$$\begin{cases} 2x^2 \ - \ 7x + \ 5 \ > \ 0 \\ x \geq 0 \, . \end{cases} \quad \text{және} \quad \begin{cases} 2x^2 \ + \ 7x + \ 5 \ > 0 \\ x < 0 \, . \end{cases} \qquad (5)$$

Екі теңсіздіктер теңсіздіктер жүйелеріне жіктелінеді.

Теңсіздіктер жүйелеріндегі квадрат теңсіздіктер шешімдері, сәйкестерінше

$$x < \ 1, \cup \ x > 2.5 \text{ және } \mathrm{x} < -2,5 \cup \ x > -1$$

аралықтарында жатады.

Бұдан (5) теңсіздіктер жүйелері

$$\begin{cases} x < \ 1, \cup \ x > 2,5 \\ x \geq 0 \end{cases} \quad \text{және} \quad \begin{cases} \mathrm{x} \ < -2,5 \cup \ x > -1 \\ x < 0 \, . \end{cases} \qquad (6)$$

тұрпатта жазылады.

Сонда әрбір теңсіздіктер жүйелерінің шешімдері сәйкестерінше

$$0 \leq x < 1 \cup x > 2{,}5 \quad \text{және} \quad x < -2{,}5 \cup -1 < x < 0 \qquad (7)$$

(7) теңсіздіктер топтамаларындағы аралықтарды біріктірсек

$$x < -2,5 \cup -1 < x < 1 \cup x > 2,5 \qquad (4)$$

ізделінді шешімді аламыз.

3-тәсіл.

$$2x^2 - 7\lceil x \rceil + 5 > 0$$

Теңсіздіктегі модуль таңбасына тәуелді өрнекті теңсіздіктің оң жағына шығарамыз. Сонда теңсіздік

$$2x^2 + 5 > 7\lceil x \rceil \qquad (8)$$

келтіріледі.

Байқап отырғанымыздай теңсіздіктің оң жағындағы да, сол жағындағы өрнек те оң таңбалы. Сондықтан (8) теңсіздігінің екі жағын да квадраттамйыз. Нәтижесінде

$$(2x^2 + 5)^2 > (7\lceil x \rceil)^2$$

Енді қайтадан теңсіздіктің оң жағындағы өрнекті қарама-қарсы таңбамен сол жағына өткіземіз.

$$(2x^2 + 5)^2 - (7\lceil x \rceil)^2 > 0$$

$$(2x^2 + 5)^2 - 49\,x^2 > 0 \qquad (10)$$

Бұдан теңсіздіктің сол жағы екі алгебралық өрнектердің квадраттарының айырымына келтіріліп тұрғанын байқаймыз. Демек

$$(2x^2 + 7x + 5)(2x^2 - 7x + 5) > 0 \qquad (11)$$

(11) тенсіздік шешімін аралықтар тәсілімен табамыз.

Теңсіздіктің оң жағындағы көпмүшелікті нольге теңестіріп, нольдік нүктелерін анықтаймыз

Олар $x_1 = 1$, $x_2 = 2{,}5$, $x_3 = -1$ және $x_4 = -2{,}5$.

Берілген теңсіздіктің анықталу облысын, нольдік нүктелер арқылы аралықтарға бөліп, әрбір аралықта көбейткіштердің таңбасын, одан көбейтіндінің таңбасын анықтаймыз.

Аралықтар	**(-∞; −2, 5)**	**(-2,5;-1)**	**(-1;1)**	**(1;2,5)**	**(2,5;∞)**
$2x^2 + 7x + 5$	+	-	+	+	+
$2x^2 - 7x + 5$	+	+	+	-	+
$(2x^2 + 7x + 5)(2x^2 - 7x + 5)$	+	-	+	-	+

Бұдан ізделінді шешімнің

$$(-\infty; -2,5) \cup (-1;1) \cup (2,5;\infty) \qquad (12)$$

Аралықтарында жататынын анық байқауға болады.

4-ші тәсіл.

Бастапқы теңсіздіктен модуль таңбасы бар өрнекті теңсіздіктің оң жағына шығарып, теңсіздіктің екі жағын да квадраттаймыз. Нәтижесінде

$$(2x^2 + 5)^2 > (7\lceil x\rceil)^2$$

Бұдан жақшаларды ашып, ұқсас мүшелерін біріктіріп, теңсіздікті стандарт түрге келтірсек

$$4x^4 - 29x^2 + 25 > 0 \qquad (13)$$

биквадрат теңсіздігін аламыз.

$$x^2 = z \qquad (14)$$

айнымалысымен белгілесек, онда $x^4 = z^2$ болады. Нәтижесінде (13) теңсіздік

$$4z^2 - 29z + 25 > 0 \qquad (15)$$

квадрат теңсіздікке келтіріледі.

Бұл теңсіздіктің шешімі

$$z < 1 \quad \text{және} \quad z > 25/4 \qquad (16)$$

болады.

Z айнымалысының (16) орнына бастапқы айнымалыны апарып қойсақ

$$x^2 < 1 \quad \text{және} \quad x^2 > \frac{25}{4} \qquad (17)$$

Бұдан бірінші теңсіздік шешімі

$-1 < x < 1$, ал екінші теңсіздіктен x $< -2,5 \cup x > 2,5$ жауабы шығады.

Ал ізделінді шешім осы теңсіздіктер шешімдерінің бірігуі арқылы сипатталады.

5-тәсіл.

Берілген теңсіздікті қайсыбір жағдайларда графиктік тәсілмен шешуге де болады.

(8) теңсіздіктен

$$\begin{cases} y = 2x^2 + 5 \\ y = 7\lceil x \rceil . \end{cases}$$

Функцияларының графиктерін бір координаталық жазықтықта саламыз.

$y = 2x^2 + 5$ функциясы графигінің $y = 7\lceil x \rceil$ функциясы графигінен жоғары жатқан нүктелеріне сәйкес келетін айнымалысының мәндері берілген теңсіздік шешімін береді.

Көпшілік жағдайларда математика сабағында оқушылар есеп-жаттығуларды тек стандартты тәсілдермен ғана орындап дағдыланады, сол себепті тақырыптар арасындағы сабақтастықтар, тапсырманы жан-жақты зерттеу, әдістемелік тұрғыдан талдау, тиімді жолын іріктеп-таңдап алу сынды дағдыларды қалыптастыру назардан тыс қалып жатады. Ал оқу үдерісінде тапсырманы жан-жақты зерттеп, қолданылатын әдіс-тәсілдерін саралай отырып, тиімдісін таңдап алу олардың теориялық материалды терең түсінумен қатар, практикалық қолданысы аясын кеңейтуге, функционалдық сауаттылықтарын жетілдіруге, пәнге деген қызығушылықтарының артуына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 «Тренерге арналған нұсқаулық» Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Математика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқытатын тренерлерге арналған. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

2 Голубев В. Школа решения нестандартных задач. Занятие 3. Нестандартная техника решения неравенств с модулем // Математика №5, 2005. – С. 24-31.

ГРНТИ 34.27.29

СИЫР, БИЕ, ТҮЙЕ СҮТТЕРІНЕН АҚУЫЗДАРДЫ БӨЛІП АЛУ

А. Найманғазы, А. Сулейменова
Қазақ ұлттық Аграрлық университеті, М. Мәметова атындағы орта мектебі, Алматы қ.

Қазіргі таңда адамның тамақтануы проблемасы ақуыздың жетіспеушілігінде. Сүттің құрамында белоктар орта есеппен 3,2% құрайды. Сүтті құрайтын ақуыздар құрылымы, физико-химиялық қасиеттері және биологиялық қызметтері бойынша әр түрлі. Бұл мақалада бие, түйе, сиыр сүттерінен казеинді бөліп алу және ссүт сарысуындағы ақуыздардарын бөліп алынды.

Түйін сөздер: БАЗ – биологиялық активті заттар, УК – ультракүлгін спектроскопия, А – интесивтілігі, НМ – толқын ұзындығы.

Казеин – барлық сүтқоректілердің негізгі сүт ақуызы, сиыр сүтінің негізгі ақуыз тобы. Ақуыз қорына жатады, фосфопротеидтер деп аталатын ақуыздардың фракциясына жатады. Барлық маңызды аминқышқылдары бар ең құнды тағамдық ақуыздардың бірі. Оның сиыр сүтіндегі құрамы барлық ақуыздардың шамамен 80% (~78-87%) құрайды. Казеиннің негізгі компоненттері *-α s1-, β-, χ-, γ-казеин*. А және β-Са иондарына аса сезімтал казеиндер γ-казеин са иондарымен тұндырылмайды, алайда γ-казеиннің құрамында фенилаланин мен метионин қалдықтарынан түзілген итмұрынға сезімтал пептидтік байланыс бар. Казеин, кез-келген басқа ақуыз сияқты, термиялық өңдеу кезінде ыдырайды, бірақ ол әлдеқайда ыстыққа төзімді. Оны жою үшін 130 градус температурада әсер ету қажет. Казеин сонымен қатар полипептидтік тізбекте бір-бірімен байланысқан әр түрлі аминқышқылдарының көп мөлшерін қамтиды, бірақ оның құрамында кальцийді байланыстыратын көптеген фосфат топтары бар (кальций казеинаты, кальций тұзы).

Ақуыздармен қатар сүтте ақуызсыз азотты қосылыстар бар: бос аминқышқылдары, пептидтер, мочевина, аммиак және зәр қышқылы және т.б. Олардың мөлшері сүттегі жалпы азоттың шамамен 5% құрайды. Ақуыздарды бөлудің және оқшаулаудың заманауи әдістерін қолдана отырып, ғалымдар сүттің құрамында үш белок бар екенін анықтады.

Сүт құрамына казеиндер, альбуминдер және глобулиндер кіреді. Сүт белоктарының биологиялық қызметтері әр алуан. Казеин нәресте организмінде

құрылымдық қызмет атқаратын тағамдық белок болып табылады. Сонымен бірге, казеин өзінің құрамында Са, Р, Mg-ді тасымалдайды. Тасымалдаушы қызметті β-лактоглобулин де атқарады. Сүттің иммуноглобулиндері қорғаныштық, ал α-лактальбумин реттеуші қасиет көрсетеді [1, 2 б.]. Сүт құрамына казеиндер, альбуминдер және глобулиндер кіреді. Сүт белоктарының биологиялық қызметтері әр алуан. Бие сүтінде белок 1,8-2,2 % болады. Ал, түйе сүтіндегі жалпы белоктың мөлшері – 3,60%-4,45%, казеин-2,80%, альбумин мен глобулиндер – 0,87%. Сүттің белоктарына липотропты қасиет тән, олар май алмасуын реттейді, тағамдық тепе-теңдік болуын қамтамасыз етіп, басқа белоктардың сіңірілуін жоғарылатады.

Сүтті майсыздандырып, казеиндерін тұндырғаннан кейінгі шыққан сұйықты сарысу деп атайды. Сарысу – сүт өнеркәсібінде ірімшік немесе казеин өндіру барысында үлкен көлемде (жылына 130 миллион тонна шамасында) өндіріліп отырған қосымша өнім [3]. Сарысу белоктарының суды байланыстыру, гель түзу сияқты көптеген техникалық функционалдық қасиеттерімен қоса, керемет тағамдық сапасы да бар. Сарысу белоктары өздерінің тиімді функционалдық қасиеттерінің арқасында көптеген тағам өнімдерінің: сусындардың (жақсы еритіндіктен), кондитерлік өнімдер, десерттердің (эмульгатор ретінде), сүт өнімдерінің (тұтқырлық береді), ет өнімдері (майды және суды байланыстырады), нан өнімдерін даярлауда (қыздыруға төзімділігіне байланысты), балалар тағамының (аллергендігі төмен болғандықтан) құрамына кіреді. Сүттің сарысу белоктары – биологиялық құндылығымен ерекшеленеді. Тамақтану физиологиясы тұрғысынан қарағанда сарысу белоктары аминқышқылдық шкаласы бойынша кәдімгі белокқа жақын келеді. Ғылым мен диетологтар бұлшық еттерді шынықтыру мен өсіруді қалаған (культуристер) адамдар үшін тамақтанғанда сүттің сарысу белогын пайдалануды ұсынады. Сарысу белогының сіңірілу коэффициенті жоғары болғандықтан, олардың аминқышқылдары қан сұйықтығын тез қанықтырып, бірден бұлшық ет ұлпасына түседі де, бұлшық етті өсіреді. Тағамдық маңызынан басқа, көптеген сүт белоктары жоғары биологиялық белсенділік пен ғажап емдік қасиет көрсетеді [4].

Сүтте казеин еркін түрде емес, казеинат кальция фосфат кешені түрінде – ККФК болады. Казеинаткальцийфосфат кешені субмицеллалардан тұратын сфералық мицеллаларды құрайды. Табиғи казеин мицеллалары бетінде жалпы теріс зарядқа және қатты гидрат қабығына ие, бұл олардың сүттегі тұрақтылығын айтарлықтай анықтайды. Казеиннің бұл түрін кейде казеиноген деп атайды.

Қышқылданған кезде сүт бұралып, казеин сүзбе түрінде тұндырылады. Сүттегі казеиннің коагуляциясы шырынның протеолитикалық ферменттерінің, сүт қышқылы бактериялары шығаратын қышқылдардың әсерінен немесе қышқылдардың тікелей қосылуымен (техникалық казеин) жүреді.

Казеин көптеген жолдармен алынады. Казеиннің өнеркәсіптік өндірісін анықтайтын маңызды фактор оның әртүрлі ерітінділердегі ерігіштігі болып табылады. Казеин сұйылтылған сілтілік ерітінділерде және күшті қышқылдарда

ериді, бірақ сұйылтылған қышқылдарда ерімейді, онда ол тұнбаға түседі. Казеин өндіру үшін жаңа майсыз сүт қолданылады. Сүттегі майды кетіру центрифугалау арқылы жүреді, содан кейін оған аздап сілтілі ерітінді қосылады. Майдың кішкене іздерін бөлу үшін казеиннің тұнбаға толық түсуіне қол жеткізу үшін қайтадан центрифугаланады және сұйылтылған қышқыл ерітіндісі құйылады. Алынған сүзбе қышқылды кетіру үшін жуылады және төмен температурада кептіріледі, өйткені казеин ыстыққа сезімтал.

Сүт пен сүт өнімдеріндегі ақуыздың массалық үлесін анықтаудың төрт негізгі әдісі бар:

– кьельдаль әдісі;
– рефрактометриялық әдіс;
– колориметриялық әдіс;
– формальды титрлеу әдісі.

ГОСТ 25179-2014 колориметриялық әдіс пен формалды титрлеу әдісіндегі ақуыздың массалық үлесін анықтау әдістерін белгілейді. МЕМСТ 53951-2010, сондай-ақ МЕМСТ 23327-98 Кьелдаль бойынша ақуыздың салмақтық үлесін өлшеуді реттейді.

Зерттеу жұмысы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде «Сүт өнімдерінің референтті зертханасында» жүргізілді. Сарысу ақуызын бөліп алу үшін зерттеу объектісі ретінде Алматы обылысындағы сиыр, түйе, бие сүттері таңдап алынды. Сүттен сарысу ақуыздарын бөліп алудың бірнеше әдістері белгілі.

Ең алдымен, сиыр, бие және түйе сүттерінің сарысу физико-химиялық құрамын: қышқылдығын, тығыздық, майлылығын, жалпы белоктың және казеиннің процент мөлшерін Дания мемлекетінде жасалған FOSS Milkoscan FT1 құрылғысында анықталды. 1-кестеде көруге болады. Казеинды бөліп алу Маттиопуло әдісі арқылы анықталды. Сиыр сүті бойынша физико-химиялық қасиеттері көрсетілген. Құрамы бойынша майлылығы ақуыз, қант мөлшері тығыздығы, казеин мөлшері т. б нормаға сәйкес келетінін көруге болады.

Кесте 1. Сиыр сүтінің физико-химиялық көрсеткіштері.

Product	**Fat (%)**	**Protein (%)**	**SNF (%)**	**TS (%)**	**Lactose (%)**	**Low Lactose (%)**	**Galactose (%)**	**Glucose (%)**	**Casein (%)**
Сиыр сүті	4,92	3,72	8,65	14,08	4,4	3,45	0,91	0,42	2,61
	4,45	3,74	8,7	13,62	4,39	3,55	0,84	0,41	2,66
	4,69	3,73	8,68	13,85	4,39	3,5	0,88	0,42	2,64

Freezing Point m°C (m°C)	Freezing Point °C (°C)	Acidity Dornic (°D)	Acidity °SH (°SH)	Acidity °Therner (°TH)	Lactic Acid (%)	Density (g/L)	CitricAcid (%)	FFA (mmol/kg)	Urea – mg100ml (mg/dL)	Urea – mgL (mg/L)
-570,6	-0,571	12,98	5,59	14,72	0,13	1030,1	0,15	0,323	48,93	489,26
-565,9	-0,566	13,75	5,94	15,49	0,137	1031,5	0,15	0,359	49,93	499,3
-568,2	-0,568	13,36	5,76	15,11	0,134	1030,8	0,15	0,341	49,43	494,28

Сиыр, бие, түйе сүт сарысуының физико-химиялық қасиеттері көрсетілген. Бөлініп алынған сүт сарысуының физико-химиялық құрамы зерттелді. Мұнда сиыр сарысуында казеинін мөлшері жоғарырақ екенін көруге болады. Казеин ақуызы құрамы жағынан ерекшеленіп келеді. Казеин адам ағзасындағы гормандор мөлшерлерін реттеп отырады сонымен қатар, казеин өз жолында кальций, фосфор және магний металдарын ағзаға тасымалдайды.

Сүттің сарысуы ақуыздары казеинмен салыстырғанда гидрофильділікке ие, нәтижесінде оның ылғалға төзімділігі мен ыстыққа төзімділігі артады.

Барлық сарысу ақуыздары молекулалық құрылымына байланысты жылуға сезімтал болып келеді. 60°С және одан жоғары температурада β-лактоглобулин мономерлерге түседі, 75°С дисульфидті байланыстар түзіледі. Сарысудан ақуыз бөлудің кеңінен тараған әдістері қыздыру қышқылдық және қышқылдық-сілтілік тәсілдермен сарысуды коагуляциялау. Сүттің сарысуы келесі ретпен бөліп алынды: Екі колбаға 20 мл сүт және 80 мл дистилденген су құйып, колбаның біреуіне бюреткадан 0,04 Н күкірт қышқылының ерітіндісін казеин тұнбасы түскенге дейін тамшылатып қосады. (шамамен 23-28 мл). Екінші колбаға да күкірт қышқылының сондай мөлшерін құямыз. Бірінші колбадағы казеин тұнбасының бетіндегі сұйықты 100 мл өлшем колбаға сүзіп бөліп алады. Казеин тұнбасы бар екінші колбаға 2-3 тамшы фенолфталеин қосып, 0,1 н NaOH ерітіндісімен солғын күлгін түске дейін титрлейді. 100 мл өлшем колбадағы фильтратты Эрленмейер колбасына ауыстырып, 2-3 тамшы фенолфталеин қосып, 0,1 н NaOH ерітіндісімен солғын қызғылт түске дейін титрлейді.

Кесте 2. Сиыр, бие, түйе сүтіндегі ақуыздың массалық үлестері.

№	Сүт түрі	Жалпы белок мөлшері		Казеин ақуызы		Сарысу ақузы	
		г	%	г	%	г	%
1	Сиыр	2,75	100	2,33	85	0,42	15
3	Бие	1,85	100	1,02	55	0,83	45
4	Түйе	3,02	100	2,24	72	0,78	28

Сиыр сүтіндегі казеин мөлшері 85%, сарысу ақуызы мөлшері 15% болса, ал бие сүтінде казеин 55%, сарысу ақуызы 45%-ды, түйе сүтінде 72 %, сарысу

ақуызы 28% құрады (2-кесте). Ал сүт сарысуындағы ақуызға келетін болсақ. Жасалынған тәжірибе нәтижесінде сиыр, бие және түйе сүтінен сарысу белогы бөлініп алынды. Бие сарысуындағы ақуыз мөлшері жоғары болатынын көруге болады.

Сурет 1. Сүттен казеин ақуызын бөлу барысы.

Сурет 2. Бөлініп алынған казеиндер.

Сурет 3. Сүт сарысуындағы ақуыздарды бөлу барысы.

Сурет 4. Бөлініп алынған сүт сарысуындағы ақуыздар.

Қорытынды. Сүт және сүт өнімдерінің ақуыздық құрамын анықтау мақсатында сарысу ақуызы және казеин бөлініп алынды. Сарысу мен казеин ақуыздарының сиыр, бие, түйе сүтіндегі жалпы белоктың құрамы туралы мәліметтер алынды.

Зерттеу нәтижелері сиыр сүтінде казеиннін көп болатындығы белгілі. Бие сүтінде сарысу ақуызы көбірек болады. Жалпы сүттің құрамындағы заттар малдың жеген азығына да байланысты болады. Ал, сарысу ақуызы бие сүтінде көп болғандықтан бие сүтінің технологиялық маңызы артады, олар ерітіндіде тез еріп, бірқалыпты, түнбасыз сұйық консистенция ұстап тұрады. Сарысу белоктары жаңа өнімдер алуды дамытуға алдыңғы қатарлы үміткерлер болып табылады. Сүт сарысуының ақуызын қолдану оның құрамындағы құнды ақуыз-

көміртекті қосылыстары бар шикізаттарды ауыспайтын 126 амин қышқылдарымен үйлестірілген түрде тағамның биологиялық және тағамдық құндылығын жоғарылатады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Горбатова К.К. Биохимия молока и молочных продуктов. – М.: Легкая и пищевая промышленность. 1984. – С. 210.

2 Сеитов З.С., Сыманова К.Ж., Алмаганбетова А.А. Натуральный шубат из сухих кисломолочных продуктов // Пищевая технология и сервис. 1998. №3-4. – С. 9-12.

3 Aschaffenburg R., Drewry I. New procedure for routine determination of various noncasein proteins of milk // XV Int. Dairy cong. 1959. V. 3. – P. 1631-1637.

4 Farah Z. Effect of heat treatment on whey proteins of camel milk // Milchwiss. 1986. V. 41(12). – P. 763-765.

5 Сумм Б.Д. Основы коллоидной химии: учебник для студентов хим. и нехим. спец. – М.: Высшая школа, 2010. – 410 с.

6 Боровская Л.В. Электронный учебно-методический комплекс дисциплины «Физическая и коллоидная химия: учебно-методический комплекс дисциплины» Учебное пособие. ФГУП НТЦ «ИНФОРМРЕГИСТР» Депозитарий электронных изданий. – М., 2010.

ҒТАМР 34.41.37

ЕТТІ ЖӘНЕ СҮТТІ БАҒЫТТАҒЫ ӨНІМ БЕРЕТІН ДОНОР ІРІ ҚАРА МАЛДАРДЫҢ ЭМБРИОНДАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Ә.Қ. Натиева
Магистрант, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ.
М.Ж. Дюсегалиев
Ғылыми жетекші, а.ғ.д., қауымд. профессор,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ.

Автор ұсынып отырған мақалада сүтті және етті бағыттағы өнім беретін ірі қара малдардың эмбриондарын негізгі және қосымша әдістер арқылы зерттей отырып, алынған ооцит саны мен сапасына, мөлшеріне және эмбрион қалыптасуына әсері жайлы зерттеулер көрсетілген.

Түйін сөздер: Ооцит кумулусты кешен, эмбрион, ірі қара мал, Bos taurus taurus, Bos taurus indicus.

Әлемдік ауылшаруашылық саласына эмбриотехнологияны практикаға енгізу, қосымша репродуктивті технологияны қолдана отырып, асылдандыру жұмыстарының эффективтілігін жоғарылатады. Өзекті тапсырма болып ірі қара малдардың донорларына селективті іріктеу жүргізу қарастырылды. Ірі қараларды іріктеу барысында конституциялық жағынан, эмбриондардың максимальді санынан сапалы генотип өндіруге және тасымалдауға қабілеттілігі, асыл тұқымына сәйкестілігі жағынан талаптар қойылды. Ірі қара малдың эмбрионын тірілей алу және трансплантациялау – өнімділігі жоғары ұрғашы ірі қараның жылдам көбеюіне биотехнологияның ең эффективті әдісі ретінде қарастырылады [1]. Жануардан тірі кезінде эмбрион алудың екі негізгі әдісі бар: in vivo (суперовуляцияны стимуляциялау, ұрықтандыру, жатыр мүйіздерінен эмбриондарды шаю), in vitro (ооциттерді трансвагинальді аспирациялау, жетілдіру, эмбриондарды бластоциста сатысына дейін культуралау және ұрықтандыру) [2-4]. Эмбриондарды in vitro әдісімен алу технологиясында өмір сүруге қабілетті ооциттердің бастапқы популяциясының сандық және сапалық көрсеткіштері бластоцистаның сәтті шығуын анықтайды. Бұл бластоцисталар витрификация немесе нативті эмбрионтрансфер үшін жарамды болып табылады [5]. Ірі қара малдың аналық бездерінен бөлінетін ооциттердің саны мен сапасы тұқымына қарай әртүрлі [6]. Ірі қара малдың

эмбрионы трансплантациясы технологиясында маңызды тармағы болып эмбрион сапасына баға беру саналады. Эмбрионның морфологиялық жағдайын 60-80 есе немесе одан да көп ұлғайтқышты микроскоп арқылы бақылауға болады. Эмбрион сапасын бағалауда қосымша әдіс бластография арқылы ұрықтың құрылымын анықтайды. Ірі қара малдың эмбрионын морфологиялық баға беру кезінде ірі қара малдың жыныстық дамуына, жасына, эмбрионның даму сатысының сәйкестілігін де ескерді. Сонымен қатар, бластомерлердің бөлінуі біркелкі болуын және цитоплазманың жалпы жағдайына, перивителинді кеңістіктің тұтастығына аса мән беріледі.

Ірі қара малдың барлық тұқымдасы Bos taurus taurus және Bos taurus indicus– тан тарайды. Бұл түрлердің геномдары митохондриялық ДНҚ және Y–хромосомада айырмашылықтары бар. Bos taurus taurus тен тараған түрлер салқын және орташа салқын климатқа, ал Bos taurus indicus ыстық климатқа бейімделген [7]. ISSR – маркердің полилокусты спектрінің полиморфизм анализі фрагменттер тобының бөлінуіне әкелді [8]. Эндокринді және метаболизм процестерін зерттеу нәтижелері бойынша, Nelore түрі, Голштейн түріне қарағанда, антральді фолликулалар санының артық болуы анықталған. [9]. Антральді фолликуладан бөлінген ооцит кумулус кешенінің морфологиясы мен әрі дамуына қажет потенциалы арасында өзара байланыс бары анықталған. Голштейн ұрғашылары, Gir ұрғашыларына қарағанда, эстральді циклде фолликулярлы толқынның аз болуы, антральді фолликуланың мөлшерінің кішіреюі, доминантты және овуляцияға қабілетті фолликуланың үлкен диаметрлі болуымен ерекшеленеді [10]. Осылайша, Bos taurus taurus және Bos taurus indicus арасында ұқсас экологиялық параметрлер мен азықтандыру шарттары болса да, гормональді статуста және аналық без физиологиясында айырмашылық бар. Бұл, сонымен қатар, Bos taurus indicus түрінің инсулинтектес өсу факторы (IGF1) және инсулиннің жоғары концентрацияда болуымен байланысты болуы мүмкін. Bos taurus indicus түрінің стероидты гормондарының метаболизмімен де байланысты. in vitro әдісі сияқты репродуктивті биотехнология нәтижесіне Bos taurus taurus және Bos taurus indicus түрлеріне тән айырмашылықтар әсер етеді.

Sales et al. [12] зерттеу нәтижесі бойынша, қоршаған ортада және өндірістік салада бірдей шартта өмір сүрген ірі қара малдарға ооциттердің трасвагинальді аспирациясы жасалынды. Пункция орындалған күнге қарамастан, Голштейн түрінің фолликулалары – 57,7%, ал Nelore түрі – 68,8% өміршең аналық жасушалары алынды. Сондықтан да, ооцит– кумулус кешендерінің сан және сапасына бағалау әдісін жүргізу етті және сүтті бағыттағы Bos taurus taurus және Bos taurus indicus ірі қара түрлерінің репродуктивті потенциалын зерттеу ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады.

Зерттеу мақсаты – өнімділік бағыты әртүрлі популяция арасынан ірі қара малдардың ооцит кумулус кешені және морфологиялық сипаттарына қарай салыстырмалы анализ жасау.

Зерттеу бойынша, сүтті және етті бағыттағы ірі қара малдарды топтарға бөлді:

1) Абердин – Ангус түрі, n=82.
2) Голштейн түрі, n=62.
3) Nelore түрі, n=149.
4) Gir түрі, n=63.

Зерттеу материалы ретінде, диаметрі 18G инесі, 7,5 Mhz жиіліктегі ультрадыбысты сканерді қолдану арқылы фолликулаларды трансвагинальді пункциялау нәтижесінде алынған ооцит кумулусты кешен. Ооциттерді жинау барысында аспирациялық жүйедегі қысым 50 мм. сын. бағ. құрайды. Шаятын сұйықтық ретінде 100 ед/мл гентамицин қосылған Дюльбекко фосфат тұзды буфер және 1% бұқаның сарысу альбумині (BSA) қолданылады. 28-90 есе ұлғайтқышты стереоскопиялық микроскоп көмегімен алынған ооциттің сапасын бағалау және визуализация үшін, ОКК локализациясын сеткалық фильтр арқылы анықтайды. ОКК сапасын төмендегідей параметрлермен– кумулус қабатының саны мен сапасы, ооцит размері, ооплазманың түсі мен гомогенділігі арқылы бағалайды. Осы параметрлермен қарағанда, жоғары сападағы ОКК – 3 қабатты кумулус, гомогенді қоңыр ооплазма мен жақсы тургорлы, орташа сападағы ОКК – 2-3 қабатты кумулус, гомогенді ооплазма мен жақсы тургорлы, ал қанағаттанарлық сападағы ОКК-1 – қабатты кумулус және оның фрагменттері, ооплазмада анық пигментациясы бар, қалыпты тургорлы болады. Әрі қарай культуралауға іріктеліп алынған ооцит мөлшері 110-120 нм аралығында болады. Кумулусы жоқ (денудирленген) ооциттер немесе дегенерация белгілері бар кумулус, біркелкі емес қара ооплазмалы және мөлдір ооплазмалы ооциттер өмір сүруге қабілетсіз болып табылады. Зерттеудегі нәтижелерді зерттеу мақсатында Стьюдент критерийі қолданылады. Есеп Atte Stat статистикалық программасы арқылы жүргізілді (1-2 кесте) [10].

Группа	*Bos taurus*		*Bos indicus*	
	абердин–ангус	черно–пестрая голштини-зированная	nelore	gir
Направление продуктивности	Мясное	Молочное	Мясное	Молочное
Возраст, мес	24–72	27–60	24–60	27–60
n, голов	82	62	92	63
ОКК всего (среднее доно-ра), шт.	16,8±0,8*	11,3±1,1*	43,1±3,6*	25,3±2,1*
ОКК жизнеспо-собных (среднее на донора), шт.	11,3±0,6a	4,8±0,6c	36,2±2,1b	18,1±2,8d

Примечание:*P<0,05.



Кесте 1-2. Сүтті және етті бағыттағы ірі қара малдардың ооцит популяциясының сипаттамасы.

Барлық алынған ұрықтарды қалыпты, ішінара бұзылыстармен, дегенерацияға ұшыраған ұрық және ұрықтанбаған жұмыртқа жасушасы деп жіктелді. Іріктеліп алынған эмбриондар, өз кезегінде, сапасына қарай: өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық, шартты жарамды және әрі қарай трансплантацияға жарамсыз деп бөлінеді. Аталған жіктелу дегенерация сатысынан, бластомерлерден, эмбрионның жалпы жағдайы және сыртқы қабықшасына тікелей байланысты.

Зерттеу нәтижесі бойынша, етті бағыттағы Bos taurus taurus және Bos taurus indicus түрлерінің өмір сүруге қабілетті гаметаларының алынуы сүтті бағыттағыға қарағанда жоғары нәтиже берді. Сүтті бағыттағы Bos taurus taurus және Bos taurus indicus түрлерін салыстырғанда, Голштейн туысының ооциттерінің шығуы Gir туысынаа қарағанда екі есе аз көрсеткішке ие. Соңғы онжылдықта сүтті бағыттағы ірі қараларды интенсивті селекция жүргізу бұл нәтиженің себебі ретінде қарастыруға болады. Bos taurus indicus түрлерін эмбрион өндіруге қабілетті гаметалары көп. Зерттеу қорытындылары бойынша, in vitro әдісімен өміршең эмбриондарды алу технологиясы ең тиімді болып табылады. Bos taurus taurus түрінің ірі қара малдары сапа және сан жағынан қабілетті ооциттер шығару нәтижесімен де, сүтті және етті бағытта да екі есе жоғары екені анықталды.

Келесі зерттеуде, зерттеу объекті ретінде 4-10 жас аралығындағы сүтті бағыттағы – шұбар Голштейн туысы, Алатау сиыры, Қызыл дала тұқымы, Айршир сиыры және етті бағыттағы– қазақтың Ақбас сиыры, Герефорд сиыры, абердин – ангус сиыры, Симменталь және Қалмақ сиыры қолданылады. Сүтті және етті бағыттағы зерттеу объектілерінен хирургиялық емес жолмен жыныстық циклдің 7 күні 2647 эмбрион бөлініп алынды. Барлық алынған эмбриондар қалыпты, ішінара бұзылыстармен, дегенерацияға ұшыраған ұрық

және ұрықтанбаған жұмыртқа жасушасы деп топтарға бөлінді. Кестеде көрсетілгендей, алынған 2647 эмбрион ішінен 1429 түрі етті бағыттағы донор ірі қара эмбрионы, ал сүтті бағыттағы донорлардан 1218 эмбрион алынды (3-кесте). Және эмбриондардың сапасын, сандық көрсеткіштерін, зерттеу қорытындысын кесте түрінде көруге болады (4-кесте).

Показатели, n	Количество исследованных зароды шей, n		Количество эмбрионов, n/%		С частичной Дегенерацией, n/%		Дегенерированных эмбрионов,n/%		Яйцеклетки, n/%	
	Всего	На донора	Всего	На донора	Всего	На донора	Всего	На донора	Всего	На донора
Мясной скот, n=157	1429	9,1±0,39	594/41,6	3,8±0,24	243/17,0	1,6±0,15	329/23,0	2,1±0,20	263/18,4	1,7± 0,15
Молочный скот, n=138	1218	8,8±0,42	685/56,2	5,0±0,25	98/8,2	0,7±0,11	171/14,0	1,2±0,12	264/21,6	1,7±0,16
Всего, n=295	2647	9,0±0,28	1279/48,3	4,3±0,18	341/12,9	1,2±0,09	500/18,9	1,7±0,12	527/19,9	1,8±0,11

Показа-тели, n	Получено эмбрионов		Отличные		Хорошие		Удовлетворите льные		Условно-годные		Непригодные	
	Всего, n	На донора,	Всего, n	На донора,	Всего, n/%	На донора,	Всего, n/%	На донора,	Всего, n/%	На донора,	Всего, n/%	На донора,
Мясной скот, n=157	1166/ 81,6	7,4± 0,35	462/ 32,2	2,9± 0,21	286/ 20,0	1,8± 0,15	89/ 6,2	0,6± 0,07	114/ 8,0	0,7± 0,08	215/ 15,0	1,4± 0,12
Молоч-ный скот, n=138	954/ 78,3	6,9± 0,41	537/ 44,1	3,9± 0,23	176/ 14,5	1,3± 0,14	70/ 5,7	0,5± 0,07	58/ 4,8	0,4± 0,05	113/ 9,3	0,8± 0,11
Всего, n=295	2120/ 80,1	7,2± 0,25	999/ 37,7	3,4± 0,15	462/ 17,5	1,6± 0,11	159/ 6,0	0,5± 0,05	172/ 6,5	0,6± 0,05	328/ 12,4	1,1± 0,08

Кесте 3-4. Донор ірі қаралардың эмбриондарына салыстырмалы анализ.

Қорытындылай келе айтарым, жалпы зерттеу жүргізу арқылы, қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсібі – мал шаруашылығын жаһандану үрдісімен бір арнада тоғыстыруға қол жеткізуге болады. Осы зерттеулер өнімділігі жоғары асыл тұқымды ірі қара малдардың генетикалық құрамын сақтай отырып, еліміздің ауылшаруашылық және экономикалық ахуалына қосар үлесі зор деп сенемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Кыса И.С. Ускоренное воспроизводство высоко-продуктивных племенных животных в молочном и мясном скотоводстве на основе новых биотех-нологических методов: Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора биологических наук. – Дубровицы, 2000.

2 Gordon I. Laboratory production of cattle embryos: Монография. – Dublin, 2003. – 548 p.

3 Пестис В.К., Голубец Л.В., Дешко А.С., Старовойтова М.П., Стецкевич Е.К., Кысса И.С., Якубец Ю.А., Попов М.В. Эффективность получения оо–цитов методом трансвагинальной аспирации у коров-доноров// Сельское хозяйство – проблемы и перспективы Сб. науч. тр. под ред. чл.–корр. НАН Беларуси В.К. Пестиса. – Т. 26. Зоотехния. – Гродно: ГГАУ, 2014. – 123 с.

4 Карымсаков Т.Н., Бекенов Д.М., Спанов А.А. Сравнительные результаты приживляемости сексированных эмбрионов, полученные методами in vivo и in vitro // Молочное и мясное скотоводство. 2017. №6. – С. 9-11.

5 Souza J.F., Oliveira C.M., Lienou L.L., Cavalcante T.V., Alexandrino E., Santos R.R., Rodrigues A.P, Campello C.C. Vitrification of bovine embryos followed by in vitro hatching and expansion // Zygote. 2018. №1 (26). – P. 99-103.

6 Ротарь Л.Н., Souza J.F. Морфологическая оценка ооцит–кумулюсных комплексов коров разного типа продуктивности в технологии получения эмбрионов in vitro // Качественный рост российского агропромышленного комплекса:возможности, про– блемы и перспективы: Материалы деловой программы XXVII международной агропромышленной выставки «АГРОРУСЬ – 2018. – СПб: СПбГАУ, 2018. – 318 с.

7 Ларкин Д.М., Юдин Н.С. Значимость геномных исследований для понимания истории формирования домашних животных // Молекулярная генетика, микробиология и вирусология. 2016. No 4. – С. 123-128.

8 Столповский Ю.А., Ахани Азари М., Евсюков А.Н., Кол Н.В., Рузина М.Н., Воронкова В.Н., Сулимова Г.Е. Сравнительный анализ полиморфизма ISSR маркеров у пород крупного рогатого скота // Генетика. 2011. № 2 (47). – С. 213-226.

9 Bastos M.R., Mattos M.C., Meschiatti M.P., Surjus R.S., Guardieiro M.M., Ferreira J.C. Ovarian function and circulating hormones innonlactating Nelore versus Holstein cows // Acta Scientiae Veterinariae. 2010. №38 (2). – 776 p.

10 Nagano M., Katagiri S., Takahashi Y. Relationship between bovine oocyte morphology and in vitro developmental // Zygote. 2006. № 14. – P. 53-61.

ҒТАМР 34.23.59

ТРАНСФЕРРИН ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ҚАРА ҚАРАКӨЛ ҚОЙЫНЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

С.А. Жумагалиева
Магистрант, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.
М.Ж. Дюсегалиев
А.ш.ғ.д., профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Бұл мақалада елтірілі қой тұқымдары, әсіресе қаракөл қойлары тірі табиғаттың нағыз генетикалық инъекциялық туындысы болып табылады, өйткені әрбір тұқымішілік популяция кейбір параметрлері бойынша күрделі генетикалық құрылымға ие. Әдетте, бұл әртүрлі генофондтың полиморфизмін құрайды.

2006-2007 жылдары жүргізілген трансферрин түрлері бойынша қара қаракөл қойының популяциясының құрылымына генетикалық мониторинг нәтижелерінде, қара қаракөл қойының қазіргі популяцияларында екі типті гетерозиготалы генотиптер де басым, трансферрин АВ (27,2 ± 3,0 – 29,3 ± 2,7%) және ВВ типті гомозиготалылар (14,0 ± 2,3 – 11,9 ± 1,9%).

Біздің зерттеулерімізде трансферрин аллельінің TfA, TfB, TfD, TfC 4 түрі анықталды.

Түйін сөздер: қаракөл қойы, трансферрин, генотип, аллель, генефонд, популяция.

Қаракөл қойының жүнінің қара түсі барлық түстердің негізі болып, басым белгі болып табылады. Қаракөл қой тұқымының негізгі массиві қара түсті.

Қара және сұр қаракөл қойларындағы трансферрин полиморфизмі 1985-1995 жылдар аралығында А.С. Ахметшаның еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Автордың (1989) мәліметтері бойынша қара қаракөл қойының генофондында олардың 9 белок жүйесі бар 7 генотипі және 4 трансферрин аллелі болған. Бұл ретте қара қаракөл қойының популяциясындағы гетерозиготалы және гомозиготалы генотиптердің үлесі 52,4 және 47,6% немесе 1,1:1 қатынасында және бұл популяцияда гендік тепе-теңдік сақталған. Бірақ олардың генофондында трансферрин типі – АС, BD, DD даралар болған жоқ.

Сонымен қатар сұр түсті қаракөл қой популяциясы трансферриндік полиморфизмге бай және олардың гендік қорында 6 трансферрин аллелі және мүмкін болатын 15 генотиптің 15-і болды. Популяциялардағы гетерозиготалы

және гомозиготалы генотиптердің арақатынасы 85,9 және 14,1% немесе 6:1; және гендік тепе-теңдік бұзылады.

2006-2007 жылдары жүргізілген трансферин түрлері бойынша қара қаракөл қойының популяциясының құрылымына генетикалық мониторинг нәтижелері 4-кестеде көрсетілген. 4-кестеден көрініп тұрғандай, қара қаракөл қойының қазіргі популяцияларында екі типті, гетерозиготалы генотиптер де басым, трансферрин АВ (27,2 ± 3,0 – 29,3 ± 2,7%) және ВВ типті гомозиготалы даралар (14,0 ± 2,3 – 11,9 ± 1,9%).

Трансферрин түрі бар жануарларда ауру жиілігі төмен болды: АД – 1,6 ± 0,5%, ВД – 2,2 ± 0,6%, АА – 3,7 ± 0,8%, ДМ – 1,6 ± 0,5 %. Пайда болу жиілігі бойынша орташа орынды СС және АС генотиптері бар адамдар иеленді, олар сәйкесінше 6,7 ± 1,1% және 7,3 ± 1,1% құрады. Дәл осындай үрдіс ромашкалар мен қошқарлар тобында байқалады [1].

Сондай-ақ, әр жылдары әртүрлі генотипті жануарлардың кездесу жиілігі тұрақты емес екенін атап өткен жөн. Мысалы, 2006 жылы АВ типті генотипті жануарлардың үлесі 27,2±3,0% болса, 2007 жылы бұл көрсеткіш 2,1%-ға өсті, ВС трансферрин типті даралар саны 15-ке артық, 9% (P<0,001). Егер 2006 жылы ДД генотипі бар жануарлар табылмаса, 2007 жылы қаракөл қойының зерттелген популяцияларындағы ДД трансферрин типі бар даралар үлесі жалпы мал басының 1,0±0,6% құрады. Керісінше, 2007 жылы ДМ генотипі бар жануарлар анықталған жоқ. Басқа генотиптерде кездесу жиілігі 2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 0,7-6,3% шегінде аз болды. Бұл деректер трансферриндік тип бойынша қаракөл қой популяциясының генофонды ресурстарын үздіксіз генетикалық бақылау қажеттілігін тағы да растайды.

Кесте 1. Қара қозыларда трансферрин түрі бойынша генотиптердің кездесу жиілігі.

Жануарлар генотипі	**Генотип жиілігі**			**2006 және 2007 жылдар арасындағы айырмашылық**
	2006 жыл	**2007 жыл**	**барлығы**	
Жануарлардың саны	**221**	**287**	**508**	
Олардың ішінде Tf түрі бойынша				
АА	5,4±1,5	2,4±0,9	3,7±0,8	-3,0
АВ	27,2±3,0	29,3±2,7	28,3±2,0	+2,1
АД	2,3±1,0	1,0±0,6	1,6±0,5	-1,3
АС	10,8±2,1	4,5±1,2	7,3±1,1	-6,3
ВВ	14,0±2,3	11,9±1,9	12,8±1,5	-2,1
ВД	2,3±1,0	2,1±0,8	2,2±0,6	-0,2
ВС	26,3±3,0	42,2±2,9	35,2±2,1	+15,9 (P<0,01)
ДД	-	1,0±0,6	0,6±0,3	+1,0
СС	8,1±1,8	5,6±1,3	6,7±1,1	-2,5
СД	3,6±1,2	-	1,6±0,5	-3,0

Сонымен, қаракөл қойының қанын зерттеу негізінде екі жыл ішінде қан жүйесінің мүмкін болатын 10 комбинациясының орта есеппен 10 генотипі анықталды. Бұл зерттелетін популяцияның трансферрин түріне сәйкес жоғары шоғырланғанын көрсетеді. Сонымен бірге АВ, ВВ және ВС трансферринді типті особьтардың жынысына қарамастан кездесу жиілігі басқа типтегі жануарларға қарағанда, зерттелген жылына қарамастан жоғары болып шықты. Басқа топтармен салыстырғанда жануарлардың осы топтарында пайда болу үлесінің статистикалық айырмашылықтары Р <0,01-ден Р <0,001 диапазонында сенімдірек [2].

Сондай-ақ, алынған нәтижелерге сүйене отырып, қаракөл қойының популяцияларындағы біртектілік деңгейі төмен (23,8%) сақталып отырғанын атап өту керек, бұл тұқымның асыл тұқымды бөлігінде біртектілік деңгейін арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Аллельдік бассейн – белгілі бір популяцияға тән аллельдердің жиынтығы және ол популяцияның генетикалық құрылымын сипаттайды, оны әрбір геннің аллельдерінің салыстырмалы жиілігімен бағалауға болады. Осыған байланысты 5-кестеде көрсетілген қара қаракөл қойының қанындағы трансферрин аллельінің жиіліктерін зерттедік.

Біздің зерттеулерімізде трансферрин аллельінің TfA, TfB, TfD, TfC 4 түрі анықталды. Бұл ретте жануарлардың Tf B аллельді түрімен кездесуінің ең жоғары жиілігі белгіленді, олардың жиілігі 2006 – 2007 жылдар кезеңінде аздап өзгерді және орташа мәні 0,459 ± 0,418 ± 0,023 – 0,486 ± 0,021 құрады.

Кесте 2. Қара қаракөл қозыларындағы аллельдердің жиілігі.

Аллель түрлері	**Аллель жиілігі**		
	2006 жыл	**2007 жыл**	**барлығы**
Жалпы жануарлар	**221**	**287**	**508**
Олардың ішінен: А	0,256±0,021	0,199±0,017	0,221±0,013
В	0,418±0,023	0,486±0,021	0,459±0,016
Д	0,041±0,009	0,026±0,007	0,032±0,005
С	0,285±0,021	0,289±0,019	0,288±0,014

Tf A және Tf C аллельдері бар тұлғалардың пайда болу жиілігі іргелес жылдарда сәйкесінше 0,256 ± 0,021 – 0,199 ± 0,017 және 0,285 ± 0,021 – 0,289 ± 0,019 аралығында өзгерді.

Қара қаракөл қойының популяциясының генетикалық құрылымында TfD аллельдері барлар үлесі айтарлықтай төмен болып шықты және генофондтағы мұндай генотиптердің жиілік шегі 0,041 ± 0,009 – 0,026 ± 0,007 және одан әрі орташа, екі жыл ішінде 0,032 ± 0,005.

Жалпы қаракөл қой популяциясының қазіргі генетикалық құрылымы тұқымдардың аллельдік қорында Tf A, Tf B, Tf C аллельдері типті особьтардың кездесу жиілігінің жоғары болуымен сипатталады. Сонымен қатар, TfB аллель типі бар адамдар басқа аллель түрлерімен жануарлардың кездесу жиілігінен айтарлықтай асып түсетіні анықталды (Р <0,001).

Трансферрин типі бойынша әртүрлі генотиптері бар жануарлардың нақты таралуын Харди-Вайнберг заңы бойынша теориялық күтілетіндермен салыстырмалы бағалау жүргіздік. Қаракөл қойының генотиптік жиілік бойынша таралуы туралы жалпы түсінік 6-кестеде келтірілген. Бұдан шығатыны, егер 2006 жылы трансферрин генотиптерінің жиілігінің эмпирикалық және теориялық таралуларында, таралуына қатысты айтарлықтай айырмашылықтар болмаса. 2007 жылы зерттелген популяциялардағы генотиптердің саны басқаша. Генотиптердің нақты және күтілетін таралуын салыстырған кезде теориялық таралуда АС типті гетерозиготалардың (-7,0%) және ББ типті гомозиготалардың (-11,8%, P<0,001) тапшылығы және керісінше эмпирикалық таралуда артық болуы байқалады. АВ генотиптері (+9 , 8%; P <0,05) және ВС (+ 14,0%; P <0,01).

Жалпы, кейбір трансферрин генотиптерінің кездесу жиілігінің эмпирикалық және теориялық таралуының айырмашылығына қарамастан, қара қаракөл қой популяциясының генетикалық құрылымы зерттеу кезеңінде өзгеріссіз қалады. 2007 жылғы үлгілердегі трансферрин типі бойынша генотиптердің эмпирикалық және теориялық таралуы арасындағы айырмашылықтар қара қаракөл қой популяциясында полиморфизмнің сақталуына кездейсоқ факторлардың үлесінің тең еместігін көрсетеді [3].

Кесте 3. Қара қаракөл қозыларының Тф түрі бойынша таралуы.

Трансферрин	**Жануарлардың таралуы**	**Бірлік өлшемі.**	**Жылдар**		
			2006	**2007**	**барлығы**
АА	эмпирикалық	гол.	12	7	19
		%	5,4±1,5	2,4±0,9	3,7±0,8
	теориялық	гол.	14	11	25
		%	6,3±1,6	3,8±1,1	4,9±0,9
АВ	эмпирикалық	гол.	60	84	144
		%	27,2±3,0	29,3±2,7	28,3±2,0
	теориялық	гол.	47	56	103
		%	21,3±2,7	19,5±2,3	20,3±1,8
АД	эмпирикалық	гол.	5	3	8
		%	2,3±1,0	1,0±0,6	1,6±0,5
	теориялық	гол.	5	3	8
		%	2,3±1,0	1,1±0,6	1,6±0,5
АС	эмпирикалық	гол.	24	13	37
		%	10,8±2,1	4,5±1,2	7,3±1,1
	теориялық	гол.	32	33	65
		%	14,5±2,4	11,5±1,9	12,8±1,5
ВВ	эмпирикалық	гол.	31	34	65
		%	14,0±2,3	11,9±1,9	12,8±1,5
	теориялық	гол.	39	68	107
		%	17,6±2,5	23,7±2,5	21,1±1,8
ВД	эмпирикалық	гол.	5	6	11
		%	2,3±1,0	2,1±0,8	2,2±0,6
	теориялық	гол.	8	7	15

		%	3,6±1,2	2,4±0,9	2,9±0,7
ВС	эмпирикалық	гол.	58	121	179
		%	26,3±3,0	42,2±2,9	35,2±2,1
	теориялық	гол.	53	81	134
		%	24,0±2,9	28,2±2,6	26,4±1,9
ДД	эмпирикалық	гол.	-	3	3
		%	-	1,0±0,6	0,6±0,3
	теориялық	гол.	-	-	-
		%	-	-	-
СС	эмпирикалық	гол.	18	16	34
		%	8,1±1,8	5,6±1,3	6,7±1,1
	теориялық	гол.	18	24	42
		%	8,1±1,8	8,4±1,6	8,2±1,2
СД	эмпирикалық	гол.	8	-	8
		%	3,6±1,2	-	1,6±0,5
	теориялық	гол.	5	4	9
		%	2,3±1,0	1,4±0,7	1,8±0,6

Бұл ретте қара қаракөл қойының популяцияларында трансферрин типті гетерозиготалы жануарлардың (76,2%) артық болуына байланысты генетикалық тепе-теңдік бұзылады ($\chi 2$ = 60,4; df = 6; P <0,001). Сондықтан қаракөл қойларының гендік қорында гендік жиіліктердің шоғырлануына ықпал ететін қаракөл қойын өсірудің нақты формалары мен әдістерін таңдауды жүзеге асыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ахметшиев А.С. Селекция каракульских овец каракалпакского сура. – Алма-Ата: Кайнар, 1989. – С. 110-113.

2 Укбаев Х.И., Джумабаев Д. Линейное разведение серых каракульских овец в АО «Мукур». //Тр. АтНИИСХ. – Алматы: Бастау, 2001. – С. 22-27.

3 Биотехнология в смушковом овцоводстве. Алибаев Н., Бекетауов О., Жумабаев Ш.А., Калгимбаева М.А. 2012. – С. 32-34.

ӨНЕРТАНУ САЛАЛАРЫ

ОТРАСЛИ ИСКУССТВОВЕДЕНИЯ

BRANCHES OF ART CRITICISM

ҒТАМР 13.51.91

ЭТНО-МУЗЕЙДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

З. Бақытбек
Магистрант, Астана Халықаралық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
Б.Ж. Еспенбетов
Ғылыми жетекші, Астана Халықаралық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Этно-музйдің тарихи-мәдени мұраларды дәріптеудегі мүмкіншіліктері өте мол. Музейдің негізгі жұмысы тарих арқылы тарихи мәдени ескерткіштерді насихаттау, сол арқылы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу болып табылады.

Түйін сөздер: музей, экспозиция, ландшафтық әдіс, коллекциялық, ансамбльдік, көрнекілік, бейнелік.

Бүгінгі музейтануда қалыптасқан ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, атқаратын қоғамдық функцияларына қарай әлеуметтік институт ретінде музей – мәдени, тарихи және ғылыми құндылықтарды сақтауға, музейлік заттар арқылы мәліметтерді жинақтап таратуға, өскелең ұрпаққа ата-бабамыздан қалған мұралар жөнінде тәлім-тәрбие беруге арналған тарихи қалыптасқан көп қырлы әлеуметтік ақпараттар институты. Музейдің мәдени көпшілік жұмыстары музей коммуникациясының бір саласы ретінде жан жақты білімді, қоғамда белсенді, эстетикалық талғамы зор, қоғамға пайдалы адам тәрбиелеуге бағытталады. Музейдің негізгі жұмысы тарих арқылы тарихи мәдени ескерткіштерді насихаттау, сол арқылы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу болып табылады. Көпшілікті музей мәдениетіне тарту, тарихыңды сүю, еліңе деген мақтаныш пен отаншылдық сезімін ояту, тарихи кезеңдермен танысу, материалдық және рухани құндылықтармен танысу қызметі атқаратыны анық. Қандай музейдің болмасын ең басты мақтанышы ол әрине көрермен назарына ұсынылатын экспозициялар. Тақырыптық экспозицияларды толыққанды жеткізе білу, осы бағыттағы әдістерді ұтымды пайдалану кез-келген музейлік экспозицияның басты мақсаты болар. Музейдегі кез-келген тақырыптың халыққа жету жолы ол әрине – экспозиция. Музейлік қарым-қатынастың басты кескіні де – экспозиция.

Жалпы музей экспозицияларын жобалаудың қалыптасқан төрт түрі бар, олар:

– коллекциялық (жүйелі, топтамалық) – музейлік зат немесе нысан экспозицияның шартты мазмұны;

– ансамбльдік – музейлік нысан ансамбльдің объективті бөлігі, көрнекілік (иллюстративный) – ғылыми мәтіндер;

– музейлі-бейнелік (образно-сюжетный) – әдеби мәтіндер.

Материалдар топтамасының тақырып мазмұнына сай іріктелген, ғылыми тұжырымдалған, маңыздылығы айқындалған музейлік жұмыстың бір түрі экспозицияны құру барысында барлық бағыттарға, әдістермен амалдарға назар аудару экспозиция авторлары алдына қоятын басты міндет. Экспозицияның сәтті шығуы жобалау жұмыстары барысында таңдап алынған сәулеттік-көркемдік шешіміне тікелей байланысты. Экспозиция құрудың жылдар бойы қалыптасқан бірнеше түрлері бар, солардың бірі коллекциялық (жүйелік) әдіс. Бұл әдіс көбінесе өндірістің арнайы бір саласына немесе нақты бір ғылым саласына жәдігерлерді арнайы жүйелі түрде топтастыру, орналастыру, жүйелі түрде тақырыпты қамту тәртібі болып табылады. Жүйелі экспозицияның негізгі құрылымдық бірлігі типологиялық (жүйелі) қатар. Экспозиция құрудың бұл әдісі көбінесе жаратылыстану ғылымы, ғылыми-техникалық, археологиялық, этнографиялық, сәндік-қолданбалы өнері музейлерінде қолданылып келеді. Кеңестік дәуірде кеңінен қолданыста болған экспозиция құрудың бұл әдісі қазіргі күнге дейін де танымдылығын жойған жоқ. Экспозиция құрудың танымал бір түрі – ансамбльдік әдіс. Бұл әдісті қолдану барысында экспозиция нақты ғылыми деректерге сүйеніп өмір сүріп келе жатқан белгілі дәуірдегі әлеуметтік мәдени жағдайға тән сюжетті сақтайды немесе қайта жаңғыртады. Ансамбльдік экспозиция мемориалдық музейлерге, музейлендірілген тарихи және мәдени ескерткіштерге – сарайлар, мекен-жайлар, тарихи орындарға тән құбылыс. Оған мысал ретінде гуманитарлық және жаратылыстану ғылымы саласындағы тарихи интерьерлер немесе олардың көріністерін айтуға болады. Экспозициядағы ансамблдік көрсетілімнің құрылымдық бірлігі – экспозициялық кешендік жиынтық. Мысалы: еңбек құралдары, қару-жарақтар, киім-кешектер, жиһаздар, бейнелеу, жазбаша деректер және т.б. Мұндай кешендік жабдықтау өзіндік мазмұны және көріп қабылдау жағынан да экспозицияны аяқталған біртұтас етіп көрсетеді [1].

Әлемдік музейлік тәжірибеде осы ансамблдік экспозиция ең үлкен таралымға ие болған. Себебі оны көрермен жеңіл қабылдайды әрі күшті эмоциялық әсер бере алады мысалы, «аспан асты» этнографиялық, археологиялық музейлері Қазақстанда да көптеп кездеседі. Ансамбльдік экспозициялармен қатар «табиғат ансамблін» құрайтын ландшафтық экспозициялар да музейлерде кеңінен қолданылып келеді. Олардың басты бірлігі – био топтар (аң-құстар, жануарлер және өсімдіктер әлемі). Біздің еліміздегі тарихи-өлкетану музейлерінде ландшафтық диорамалар бәріне тән көрініс десек артық айтқандық емес. Себебі музей көрермендерінің жақсы ықыласымен, қызығушылығын тудыратын мұндай диорамалар әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Ландшафтық көріністерде қабырғаның ішкі жағындағы экспозициялық кеңістіктің кең болуы әрі терең болуы басты шарт. Мұндай

экспозициялардың артқы қабырғасы панорамалық бейнелермен әсерленіп алдыңғы жағына өсімдіктермен жануарлар нысандары қойылады. Биотопта және диорамада жануарлармен өсімдіктерден басқа тастардың, тау жыныстарының, өзендермен көлдердің, батпақты орман алқаптарының макеттері де орыналасады. Ландшафтық әдіс әлемдегі көптеген елдерде XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап, ал Ресейде 1930 жылдардан тәжірибеге ене бастаған [2].

Экспозиция құруда кеңінен қолданылып жүрген әдістердің бірі ол көрнекілік қолдану әдісі. Көрнекілік (тақырыптық-көрнекілік) әдіс – сюжетті, оқиғаны және жалпы тақырып мазмұнын ашуға көмек береді.

Тақырыптық экспозицияның басты құрылымдық бірлігі әр түрлі заттар топтамасынан тұрады, мысалы: киімдер, құжаттар, бейнелеу материалдары, затар және т.б. Жүйелі және ансамблдік экспозицияларға қарағанда тақырыптық-көрнекілік әдісте оларды типологиялық немесе типтік (түр) ерекшеліктері біріктірмейді, тек тұжырымдамалық ережелерге анықтамалық көмек ретінде мазмұнын ашуға көмек береді. Экспозиция құрудың қай әдісі болмасын істен шыққан жоқ, керісінше жылдан-жылға жаңартылып, ізденістермен жаңа идеялардың арқасында дамытылып келеді Экспозиция құрудың қалыптасқан дәстүрлі әдістері экспозицияны біртұтас – кешенге, интерьерге, көрнекілік кешеніне, музейлік образға айналдыруға тырысады. Музеолог Т.П. Поляковтың ұсынған музей экспозицияларын құрудың жаңа әдісі бойынша музейлік өнер туындысын құруға көркемдік – мифологиялық тұрғыда талпыныс жасау керек [3]. Көркемдік – мифологиялық әдістің басты қағидасы музейлік жәдігердің түпнұсқа болуы. Көп жағдайда кейбір экспозициялар көрермен тарапынан қозғалысы жоқ, даусынан айрылған актер тәрізді қабылданады. Жаны жоқ жәдігерге жан бітіру, оның айтатын ойын көрерменге жеткізе білу әрине үлкен шеберлікті қажет етеді. Функциональдық – сәндік безендіру арқылы кез-келген экспозицияға өзіндік қайталанбас ерекшелік, жаңа тыныс бере аласыз [4]. Музейлік экспозицияны өнер туындысы ретінде қабылдасақ, бұл өнер түрі XX ғасырдың соңғы онжылдығында жобалаудың екі басты бағытын кең таралымға жіберді. Ерекше тұжырымдамалық ойларға негізделген Музей образын қалыптастырудың алғашқы бағыты «сценографиялық» тұрғысында жалғасын тауып келсе, ал келесі «дәстүрлі» бағыты салмақтылықты басшылыққа ала отырып жәдігерге басты назар аударады. Бұл әдіс музей технологиясының жоғары деңгейін қолдануға негізделген шетелдік бағыттарға бейім. Бүгінгі күнде экспозиция құруға шығармашылықпен қарау үрдісі жақсы жолға қойылып келеді, сондықтан оны жүзеге асыру барысында әртүрлі бағыттармен жанрлар қолданылады. Мысалы: арт-дизайн, орта дизайн, стилизация, дәстүрлі музейлік дизайн және тағы да басқа көптеген бағыттар. Осы бағыттардың қайсы болмасын бейнелердің өзгеше панорамасын қалыптастыра отырып қайталанбас шығармашылық нысанға айналдыра алады [5].

Музейлік экспозициялық әдістерінің бірі – бойлау әдісі. Бұл бағыттағы экспозиция адамға тақырыпты тереңінен түсінуге, сол дәуірге сапар шегуге,

тіпті көркемдік образға енуіне, оқиғаларды, нақты уақытты сезінуіне жол ашады. Тақырып мазмұнына бойлау көрерменге экспозиция кеңістігін толыққанды қабылдауына мүмкіндік береді. Экспозиция арқылы адамға мұндай әсер беру адамның өмірлік қызығушылығын арттыра отырып мәдени мұрамен тікелей тілдесуге, өзінің жеке танымы арқылы олардың құнын сезінуіне себеп бола алады. Сондықтан бойлау әдісі басқа бағыттарға қарағанда өзгешелігімен ерекшеленеді [6].

Эспозицияның бойлау әдісі көптүрлі шешімдермен бірнеше қағидаларға негізделген: экспозиция құрудың және оған қажетті заттарды жинақтаудың «антропологиялық» принциптері, сюжеттілік, ғылыми негізділігі, жинақталу толықтығы, жекелеген бөлшектерді мұқият қалыптастыру жұмыстары жоғары деңгейлік дизайнмен іске асырылуы шарт. Мұның бәрі өзіндік үйлесімдік тауып жатса ол үлкен жетістік. Экспозицияда театрландырылған амалдарды, техникалық мүмкіндіктерді шебер қолдана білу де кез-келген жұмыстың тартымды болып шығуына үлкен әсер береді. Көрме төрінен орын алған экспонаттардың музейге келуші жалпы қонақтардың бәріне түсінікті болуы басты назарға алынуы шарт. Өйткені, көрме тек қана зиялы қауым өкілдеріне (жазушылар, ғалымдар, тарихшылар, мәдениет қызметкерлері т.б.)ғана арнап құрылмайды. Музейге келуші қонақтардың негізін қала қонақтары, студенттер, мектеп оқушылары мен мектеп жасына дейінгі жастағы балалар құрайды. Еліміздің музейлерінде ұйымдастырылатын көрмелер белгілі бір ортаға ғана емес, жалпы музей келушілеріне арналады. Осы орайда музейдің қоғамдағы алар орнын онда құрылған экспозиция мен көрмелердің құндылығы анықтайды [7]. Тұрақты экспозиция мен көрмелерді ұйымдастыру арқылы музей әр түрлі жастағы халықтың санасын оятуға қызмет етеді. Музей экспозицияларын құруда қалыптасқан дәстүрлі үрдістермен жаңа әдістерді қатар қолдана отырып көрермен көңіліне жол табуға қазіргі кезде мүмкіндіктер мол. Экспозицияға өнердің бір түрі ретінде жауапкершілікпен қарап, ал жәдігерді сол өнердің сөйлейтін тіліне айналдыра алсақ бұдан музейдің ұтары көп.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ибраева А. Музейтану: тарих мамандықтарына арналған оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 251 б.

2 Юренева Т.Ю. Музееведения. Учебник для высшей школы. – 2-е изд. – М.: Академический Проект, 2004. – 560 с.

3 Яковлев А.Г., Шестаев А.Ф. К вопросу организации временных выставок естественно-исторической направленности // Музееведения. Сборник статей. Выпуск 1. – Уфа, 1995. – С. 82-84.

4 Кауман М.Е. Музейные экспозиции и выставки // Музейное дело России. – М.: ВК, 2010. – С. 307-364.

5 Кауман М. Е. Экспозиция и экспозиционер. Конспект лекций. – М.: АПРИКТ, 2001. – 63 с.

6 Михайловская А.И. Организация и техника музейной экспозиции. – М.: Государственное издательство культурно-просветительной литературы, 1951. – 213 с.

7 Музееведение. Музеи исторического профиля. – М.: Высшая школа, 1988. – 430 с.

SRSTI 18.31.01

FEATURES OF THE USE OF ICT IN THE LESSONS OF FINE ARTS

B.T. Nysangaliyeva
Assistant professor, Shakarim State University, Semey

This article discusses in detail the use of information and communication technologies in the lessons of fine arts: opportunities and features of application from work experience. The use of information technologies helps the teacher to increase the motivation of teaching children fine arts subjects and leads to a number of positive consequences: enriching schoolchildren with knowledge in their figurative and conceptual integrity and emotional colouring, facilitating the process of assimilation of material, arousing a lively interest in the subject of knowledge and expanding the general horizons of children. The article discusses the issues that pedagogical technologies and innovations in the learning process, which allow not only to give each student a certain amount of knowledge, but, first of all, to create conditions for the manifestation of cognitive activity of schoolchildren.

Key words: internet, educational technologies, creative activity, interact education, information technologists, differentiated education, module education, multimedia, creative abilities.

The era of the scientific and technical process has radically changed the perception of the world, flooding society with a stream of diverse information. We are on the way to an information society based on reason, intelligence, and erudition. The requirements imposed on the person himself are changing. A high level of information culture becomes its necessary quality. Developed intelligence, the ability to work competently with any information, professionalism – these are the main characteristics of a person prepared for life in an information society [1].

The penetration of modern technologies into educational practice, including art lessons, opens up new opportunities. The use of ICT in the lessons of fine arts is one of the urgent problems of school art education. The use of ICT will make the lesson modern, more exciting and interesting for students. This allows you to move to a new, higher level of education aimed at the creative self-realization of a developing personality, the development of its intellectual and artistic and creative abilities. The use of ICT increases interest in the lesson, affects the quality of learning, develops cognitive skills of students, helps students navigate the information space, gives the

opportunity to develop the creative abilities of each child, increases interest in art, develops creative thinking, imagination, practical skills and abilities [2].

Art lessons are a special conversation. They should be bright, emotional, involving a lot of illustrative material, using video recordings. All this can be provided by computer equipment with its multimedia capabilities.

Fine art is one of the favorite activities of children. This work requires artistic abilities, knowledge of visual literacy. A large stock of visual images and impressions, creative imagination is needed. The child has a desire to convey his impressions in drawings. He picks up a pencil and draws. . . But there comes a moment when the young artist throws away the brush and stops creating. How can I help him? A computer can come to the rescue here.

The main purpose of the subject «Fine Art» is to help children to know the surrounding reality, to develop their powers of observation, to teach them to see the world more widely and comprehensively, to cultivate in them a sense of beauty, to develop personal abilities.

The main objectives of art lessons are to introduce students to the breadth and diversity of the field of artistic and visual activity. The study of techniques of various materials and means of fine art, acquaintance with the works of Great Masters, as well as the creation and perception of artistic images.

Today, it is impossible to be a pedagogically competent specialist without studying the entire vast arsenal of educational technologies. And it is necessary to navigate a wide range of modern innovations. From the abundance of concepts, theories, technologies and techniques, I selected those that could help me create a system of work that would take into account the peculiarities of fine art lessons, in accordance with the characteristics of children and the realities of modern society [3].

A powerful flow of new information, advertising, the use of computer technology on television and in the cinema, the distribution of game consoles, electronic toys have a great impact on the education of the student and his perception of the world around him. The nature of his favourite activity – games – is also changing significantly, and his favourite characters and hobbies are changing. The modern student does not sit in the lessons, which are held according to the «classical scheme», calmly absorbing, like a sponge, all the knowledge prepared for him. A modern student learns only the information that most interested him, the closest to him, which causes pleasant and comfortable feelings, what is least annoying. Therefore, one of the means that has a unique opportunity to increase motivation and individualization of the modern student's learning, develop his creative abilities and create a positive emotional background is a computer [4].

The use of a computer and an interactive whiteboard in art lessons becomes the most natural thanks to such genuine children's interest. The computer successfully enters into synthesis with school subjects of the artistic and aesthetic cycle, harmoniously complements it, significantly expands its possibilities for an intensive, emotionally active introduction of the child into the world of art and artistic creativity.

Currently, there are various art discs containing a huge amount of information, but the use of such discs in full is impractical, since often these bright and spectacular encyclopedias do not take into account the age characteristics of children, the rules and laws of the construction of the educational process. Therefore, when developing a lesson plan, it is necessary to take into account that, as a rule, it is advisable to use videos from these discs only in fragments, immediately after presenting a new topic to comprehend the knowledge gained or at the end of the lesson to consolidate them. Based on my own experience with students in practice, I believe that it is best to use presentations on the topic that fit into the structure of the lesson. These are multimedia presentations, slide films and test tasks. The success of each application depends on the correct definition of the place in the structure of the lesson, the appropriateness of use in accordance with the goals and objectives, on the typology of the lesson [5].

Multimedia presentations – electronic filmstrips, including animation, audio and video clips, elements of interactivity (reaction to user actions) – are the most common type of presentation of demonstration materials. Multimedia presentation can be used in lessons – lectures, conversations, debates, etc. It will help to interest children, keep their attention, and not lose touch among the variety of presented works and new concepts. At the same time, it should be borne in mind that the extensive information placed on the slides is ineffective, since it distracts from the visual, and most importantly, it is difficult to replace the teacher's live speech with any printed text, even if he fully and clearly reveals the topic of the lesson to children. But the definitions displayed on the screen allow the process of writing them into an art notebook to be made faster, since the teacher does not have to repeat the text several times, and the student does not have to wait for the teacher to repeat the fragment he needs. The demonstration of the film is accompanied by a lecture or a teacher's comment. At the same time, active communication is assumed, there is an opportunity to ask questions and make the necessary digressions and explanations, collectively consider and discuss works of art.

Slide films can be used on all topics and included in any stage of the lesson, they usually have no text accompaniment, the demonstration is accompanied by a brief comment from the teacher. In order for children to get involved in practical work immediately after watching a slide movie, a selection of slides should be made so that complex works capable of evoking emotions first pass, then slides with fragments, and at the end it is necessary to show works that are simple in composition, close to the topic of the lesson, so that children have the impression that they can also do this kind of work. They allow you to change the types of activities, the lesson becomes more vivid and emotional, and the works performed by students are creative and fully revealing the topic.

Test tasks. The test tasks displayed on the screen allow the use of evaluative teaching methods, when impressions, emotions, movement, joy that they know it, are able and can determine the level of perception of the material, the degree of its assimilation, and problems are posed for the future. Task-selection (it is necessary to

choose the correct answer from the available ones); task-comparison (to establish a connection in two lists); task-ranking (correct sequence) [6].

My students and I did an experiment in teaching practice: in one class I gave a lesson the old way – I walked through the rows from the first to the last, showed clippings with photographs or reproductions, and in the other – the guys watched the presentation of the topic on an interactive whiteboard. Thanks to the large format, the guys plunge into the world of that event, that era, which the artist tells about. Such views with the teacher's comments make an indelible impression on students, which gives a huge boost to creativity [7].

After studying the theoretical part, the task and practical work of the students follow.There are also possible options in this part of the lesson. For example, showing the sequence of work on a drawing on a blackboard, I draw standing sideways to the drawing, partially blocking myself, the whole process of image and explanation, which negatively affects the self-assessment of the student's abilities, many questions arise. When working with paints, a sheet of paper is attached to the board, with the help of paints and a brush I show drawing techniques. This is also inconvenient, because the paint can flow from a vertical surface. I conclude that this method is not effective; it turns out a low result. Or when using computer technology, you can clearly and consistently show image techniques on a large screen. It is visible and understandable to everyone. At the same time, students gain skills in drawing techniques, confidently repeat lines, contribute their imagination [8].

The computer in the fine art lesson can also be used as an artistic activity tool using the «Paint» graphic editor All children, including the weakest, are not afraid to make mistakes, work with interest, are active, gambling.complexes, tightness, stiffness, fear of the result disappear. Classes using a computer develop perseverance, attentiveness, accuracy; develop finger motor skills, which can have a positive effect on working with a pencil and brush. And what is important, they come to the conclusion that it is possible to learn how to control a brush and get a result only if you have sufficient theoretical and practical knowledge and skills in visual activity. Therefore, the study of the laws and rules of fine art begins to be treated consciously and with a share of responsibility. The number of tasks completed in the lesson increases. As a result, computer graphics classes allow children to realize their creative possibilities in a new kind of visual activity.

The use of information and communication technologies is a necessary condition for the modern educational process, when the main thing is not the translation of fundamental knowledge, but the development of creative abilities, the creation of opportunities for the realization of the potential of the individual. ICT is used not as a goal, but as another pedagogical tool that contributes to achieving the goal of the lesson [9].

Conclusion. As a result of an experiment conducted in pedagogical practice with students, studying literature and using ICT in a fine art lesson, I concluded that the use of this technology in the educational process is very large: from application as an instrument of artistic activity, to ways of presenting educational information. At the same time, the computer is a powerful means of increasing the effectiveness of

training, it allows you to strengthen the motivation of the student. One of the sources of motivation is entertaining. The possibilities of the computer here are inexhaustible, but it is very important that this entertainment does not obscure the educational goals.

The advantages of using computer technology in teaching fine arts are obvious:

– acquaintance with any topic can be accompanied by the display of video clips, photos;

– widely use the display of reproductions of paintings by artists;

– demonstrate graphic material (tables, diagrams);

– «animate» maps;

– «visit» the largest museums in the world;

– «dive» into space and time;

– listen to recordings of songs at the same time as showing pictures;

– to activate the educational process.

Thus, the use of computer technology allows you to change the educational process for the better, more comfortable side, covering all stages of educational activity.

References

1 Новые педагогические и информационные технологии в системе школьного образования. Полат Е.С., – М., АСНДЕМА, 2001.

2 Концепция модернизации российского образования на период до 2100 года. URL: htth//www.informika/ru/text/goscom.

3 Антонова Т.С., Харитонов А.Л. О мифах и реалиях. //Компьютер в школе. – 2000, №5.

4 Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании. М.: ИОШ РАО, 1994.

5 Брыксина О.Ф. Конструирование урока с использованием средств информационных технологий и образовательных электронных ресурсов. // Информатика и образование. 2004, №5.

6 Гребенев И.В. Методические проблемы компьютеризации обучения в школе // Педагогика. №5. 1994.

7 Галишникова Е.М. Использование интерактивной Smart-доски в процессе обучения // Учитель. – 2007, № 4. – С. 8-10.

8 Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М., 2003.

9 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М., 2000.

ҒТАМР 18.31.51

ИНТЕРЬЕРДЕГІ СӘНДІК БҰЙЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Ш.А. Смагулова, М.Б. Оңғар
Студенттер, Астана Халықаралық Университеті, Нұр-Сұлтан қ.
Ш.Т. Дидар
Ғылыми жетекші, аға оқытушы, магистр, Астана Халықаралық Университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Сәндік өнер – адамдардың практикалық және көркемдік-эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған тұрмыстық заттарды жасау өнері. Сәндік өнер туындысының эстетикалық қасиеттері оның пайда болуымен анықталады: ол жасалған материал және өндіріс техникасы. Сәндік әрлеу, сыртқы және ішкі кескіндеме бейнелеу құралдарының көп мөлшерін пайдаланады. Сәндік бұйымдар мен мүсінді сәулет ансамблінің бөлігі және тәуелсіз өнер туындылары ретінде қарастыруға болады. Сәндік өнер туындысы – сәндік бұйымдарды интерьерлерді безендіруде кеңінен қолданады.

Түйін сөздер: сәндік өнер, эстетикалық қасиеттер, дизайн, декор, интерьер, композиция, декупаж, кескіндеме, бисермен тігу, кесте тігу, тоқу, пэчворк, скрапбукинг.

Ертеде сәулет өнері тұрғын үйлер салудан басталса, кейін адамдар өздері сенген билеушілері мен құдайларының құрметіне ескерткіштер мен символдық құрылыстар тұрғыза бастады. Әрине, бұл монументалды ғимараттар мүмкіндігінше безендірілді. Неғұрлым талғампаз элементтерді жасауды үйрену үшін қолөнер игеріле бастады. Соңғысы көркемдік құндылықтардың пайда болуына және адамның «әдеміге» деген құштарлығының пайда болуына түрткі болды. Қарапайым үйлер жайлы өмір сүру үшін қажетті минималды заттармен ғана емес, сонымен қатар белгілі бір мақсаты жоқ заттармен де жабдықталған. Олар тек әдемі қосымша ретінде қолданылды. Бұл элементтер кейінірек «декор» деп аталды. Байлардың үйлерінде ішкі әшекейлерді үнемдеген жоқ, ал кедейлер азға қанағаттанған, бірақ импровизацияланған құралдардың көмегімен тіпті лашықтарын қалпына келтіре алды. Бүгінгі таңда сәндік элементтер жиһазбен бірге бөлменің ішкі безендіруінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Қабырғаларды, төбені және еденді безендірумен бірге олар бірегей дизайн суретін жасайды. Әрбір стиль сәндік элементтердің белгілі бір түрлерін қолданумен сипатталады [1].

Сәндік өнер – адамдардың практикалық және көркемдік-эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған тұрмыстық заттарды жасау өнері. Сәндік өнер туындысының эстетикалық қасиеттері оның пайда болуымен анықталады: ол жасалған материал және өндіріс техникасы. Сәндік әрлеу, сыртқы және ішкі кескіндеме бейнелеу құралдарының көп мөлшерін пайдаланады. Сәндік бұйымдар мен мүсінді сәулет ансамблінің бөлігі және тәуелсіз өнер туындылары ретінде қарастыруға болады. Тақырып әлемінің эстетикалық қасиеттерін жақсартуға арналған дизайнның дамуымен сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының өндірісі кішігірім серияларды немесе тіпті жеке туындыларды жасаумен шектеледі, бұл мұндай туындыларды элиталық және ерекше етеді. Сәндік өнер сәулет пен дизайнмен тығыз байланысты. Сәндік өнер ұғымына мыналар кіреді:

1. Монументалды және сәндік өнер. Бұл сәулет құрылыстарын және оларға іргелес аумақтарды безендіруге қызмет ететін ірі өнер туындылары, атап айтқанда: витраждар, мозаика, суреттер, рельефтер, сәндік саябақ және монументалды мүсін;

2. Сәндік-қолданбалы өнер. Бұл адамның өмірін безендіруге қызмет ететін өнер туындыларын жасау. Оларға ыдыс-аяқ, жиһаз, маталар, киім, зергерлік бұйымдар, ойыншықтар, тұрмыстық техника және т.б. жатады;

3. Безендіру өнері. Бұл уақытша сипаттағы немесе өзгермелі ақпараты бар тұрақты жұмыстар. Олар әлеуметтік іс-шараларды безендіруге қызмет етеді немесе ақпараттық сипатта болады. Оларға көшелерді, алаңдарды, өндірістік аумақтарын, халықтық мерекелерді, театрлық қойылымдар мен шерулерді мерекелік безендіру, сонымен қатар витриналарды, түрлі экспозицияларды, ақпараттық парақтар мен плакаттарды безендіру кіреді [2].

Осылайша, сәндік өнер туындылары әрқашан қоршаған ортамен байланысты. Сәндік өнер әдемі заттар мен монументалды туындыларды тұтас, эстетикалық экспрессивті түрде жасауға бағытталған.

Интерьерде немесе экстерьерде қолданылатын сәндік бұйымдар уақыттың белгілерін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік идеяларды, мәдени техникалық және сән үрдістерін де қамтиды. Монументалды және сәндік шығармашылық заттар, бейнелеу өнері сияқты, тек эстетикалық мақсатқа ие бола алады және ешқандай утилитарлық жүктемені көтермейді. Олардың мақсаты интерьерді сәулеттік немесе графикалық элементтермен байыту және сәндік екпін жасау болып табылады.

Интерьер безендірудегі декор түстерді қосуға, екпіндерді орналастыруға және бөлмеге толық көрініс беруге мүмкіндік береді. Олар ешқандай функционалдық жүктемені көтермейтін, бөлмеде жайлылық тудыратын және оған «жылулық» әсер ететін сүйкімді кішкентай заттар. Егер сіз бөлмеде тек безендіру мен жиһазды қалдырсаңыз, онда ол ыңғайлы болады. Кеңселердегі, аурухана палаталарындағы және басқа да мемлекеттік үй-жайлардағы шкафтарға назар аударыңыз. Олар стильді көрінеді, бұл жерде адамдар тұрмайтыны бірден белгілі болады. Өйткені ол жердегі шкафтар көбінесе құжаттарға толы болады.

Әдетте, мәселені шешу бірқатар кезеңдерден тұрады:

1) талап етілетін жұмыс шарттары өндірістік мүмкіндіктерге сәйкес келмейтін элементтерді анықтау (Технологиялық есептеулер негізінде);;

2) осы элементтердің өз функцияларын орындай алмауының нақты себептерін талдау;

3) көрсетілген себептерді еңсеру жөніндегі инженерлік іс-шараларды әзірлеу арқылы жүзеге асырылады;

4)қайта жаңарту нәтижесінің жүйенің басқа элементтерінің жұмыс істеуіне әсерін болжау. Қайта құру бұл элементтердің қалыпты жұмысын бұзбауы керек.

Қайта құру мәселелерін шешу әдістемесін түсіну үшін келесі мысалды қарастырамыз.

Екінші көтермедегі сорғылар су құбыры арқылы су мұнарасына жобалық шығыннан асатын Q_p шығынымен су беруі тиіс. Гидравликалық есептеу көрсеткендей, қажетті беріліс су өткізгіштердің өткізу қабілеттілігінен асып түседі, ал екінші көтеру сорғыларының қажетті қысымы есептелген және H_1-ге тең. Құбырдың өткізу қабілеті – бұл қысымның жоғалуы проект бойынша тең болатын шығын. Осылайша, объектінің шамадан тыс жүктелген элементі Q_p шығыны кезінде H_1 қысымын жасай алмайтын екінші көтеру сорғылары болып табылады (сурет. 1. 1).

Есеп екінші көтеру сорғыларын ауыстыру немесе оларды сандық реттеу (айналым санын өзгерту) арқылы шешіледі.

Шектеуші фактор ретінде су құбырындағы қысымның жоғарылауына жол беру қарастырылуы керек, бұл өз кезегінде оның техникалық жағдайына және құбырлардың түріне байланысты.

Басқа шешу жолымен объектінің шектеуші элементтері жеткіліксіз өткізу қабілеті бар су құбырлары болады.

Олардың өткізу қабілетін арттырудың жалғыз жолы – жіптердің санын көбейту. Бұл жағдайда гидравликалық есептеу нәтижелері бойынша екінші көтеру сорғыларының қысымы Q_p-ге тең болған кезде H_2 H_1 болады. Сорғыларды бір уақытта ауыстыру немесе оларды реттеу қажет болуы мүмкін.



Сурет 1. Напор желілері және сорғылардың жұмыс шарттары.

Осылайша, бірінші нұсқа сорғы станциясын қайта құруды, екіншісі – қосымша су құбырын салуды қамтиды.

Бірінші нұсқаның артықшылығы – құрылыс-монтаждау жұмыстарының аз көлемінде, кемшілігі – электр энергиясын тұтынудың өсуі (айдалатын су көлемінің бірлігіне есептегенде), өйткені ол үлкен қысыммен берілуі тиіс. Қайта құрудың екінші нұсқасында, керісінше, құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі көбірек, ал энергияны нақты тұтыну аз болады. Нұсқаны таңдау техникалық-экономикалық салыстыруды қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Александров А.А. Монтаж систем внешнего водоснабжения и канализации. – М. 1978. – 576 с.

2 Водоснабжение и канализация. – М.: Диля, 2008. – 160 с.

3 Яковлев С.В. Водоотведение и очистка сточных вод. – М: АСВ, 2002 – 704 с.

4 Рульнов А.А. Автоматизация систем водоснабжения и водоотведения. – М.: ИНФРА-М, 2010. – 208 с.

ҒТАМР 20.53.17

DEDUCTOR АНАЛИТИКАЛЫҚ ПЛАТФОРМАДА КӨП ӨЛШЕМДІ МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨҢДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ

А.Д. Абдувалова
Т.ғ.к., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
М.Ж. Махмұт
Студент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
Р.Қ. Рахымбекова
Студент, Халықаралық IT университеті, Алматы қ.

Мақалада Deductor Studio көмегімен басқару жүйесін автоматтандырудың ерекшеліктері қарастырылған. Заманауи ақпарат құралдары жүйелеу мен талдауға қажетті үлкен көлемдегі ақпаратты сақтайтын қасиетке ие. Осы мақсатта бағдарламалық жасақтаманы қолданып фактілерді жоғары сенімділік деңгейімен бағалауға мүмкіндік беретін және басқару жүйесінде оңтайлы шешім қабылдауды жеңілдететін OLAP технологиясы үшін Deductor Studio құрал қолданылады.

Түйін сөздер: Deductor Studio, OLAP технологиясы, шешім қабылдау, мәліметтер қоймалары, деректерді аналитикалық өңдеу.

Ақпаратты тиімді сақтау үшін жедел мәліметтер базасы (OLTP) және оған сәйкес бағдарламалық жасақтама құралдары – ДҚБЖ кеңінен қолданылады. Мәліметтер базасынан деректерді SQL-де сұранысты ұйымдастыру арқылы алуға болады.

Алайда, OLTP жүйесіндегі ақпарат негізінде стратегиялық шешімдер қабылдау көптеген жағдайларда қиынға соғады. Белгілі бір ұйымда көптеген жылдар бойы жинақталған жедел ақпараттың үлкен көлемін сапалы және жан-жақты талдауға тырысу ерекше қиынға соқты. Сондықтан, қазір ретроспективті деректер тек оқу және одан әрі аналитикалық өңдеу үшін қол жетімді бөлек мәліметтер базасында сақталады, мысалы, OLAP технологиясы (OnLine Analytic Processing) қолданады.

Data Warehouse – бұл көптеген өлшемдер бойынша жинақталған деректерді қамтитын және басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпаратқа ең жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ететін оңтайлы ұйымдастырылған мәліметтер базасы [1]. Аналитикалық сұраныстарды

жеделдету үшін агрегаттар (немесе жалпы көрсеткіштер) нақты түрде сақталады. Деректер қоймасын толтыру әр түрлі сыртқы көздерден, оның ішінде статистикалық есептерден тұрады.

OLAP-тың негізгі тұжырымдамасында бірнеше түрлері бар: OLAP көптеген өлшемдері (көп өлшемді OLAP – MOLAP); реляциялық OLAP (Relational OLAP – ROLAP); гибридті OLAP (Hybrid OLAP – HOLAP) және т.б. Қазіргі уақытта реляциялық деректер қоймасы кеңінен қолданылады, олар клиенттік станциялардан MOLAP құралдары сияқты үлкен есептеу қуатын қажет етпейді. ROLAP жүйелерін енгізу үшін ДҚБЖ-ға кіріктірілген аналитикалық құралдарды, мысалы, MS SQL Server Analysis Services немесе аналитикалық платформаларды, мысалы, BaseGroup Labs ресейлік әзірлеушісінің Deductor платформасын пайдалануға болады.

Deductor Studio академиялық бағдарламасында деректер қоймасын (ДҚ) құру негізгі кезеңдеріне мыналар жатады: сақтау құрылымын жобалау, ROLAP схемасын «снежинка» қалыптастыру, деректер қоймасына сыртқы мәліметтерді жүктеу және, қоймадан мәліметтерді бейнелеу. Жобалау кезеңінде көп өлшемді координаттар жүйесінің осьтеріне талданатын басқарудың немесе бизнес-процестің негізгі атрибуттары тағайындалады. Мысалы, «Фармацевтика» ДҚ үшін бұл өнім, бөлім және сатылған күн [2]. Уақыт міндетті түрде өлшемдердің бірі ретінде қолданылады. Өлшеу осьтерінің қиылысында процесті – шараларды сандық сипаттайтын мәліметтер 1-ші суретте көрсетілгендей, бұл сатылымның жиынтығы және өнім бірліктерінің саны. Көп өлшемді куб түрінде ДҚ-ның тұжырымдамалық моделін ұсынылады.



Сурет 1. OLAP-текше Дәріханалар желісіндегі дәрі-дәрмектердің кірісі және сатылуы.

Логикалық деңгейде көпөлшемді модель иерархиямен тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ететін «снежинка» реляциялық схемасында 2-ші суретте қамтылған:



Сурет 2. ROLAP-схемасы «снежинка» (IDEF1X жазбасы).

Deductor Studio Academic-те реляциялық ДҚ құрудың ұқсас схемасы метадеректер редакторының көмегімен жүзеге асырылады. Сонымен бірге әрбір метадеректер түйіні үшін – өлшем немесе оның атрибуты – идентификатор, белгі және деректер түрі көрсетіледі. Мысалы, «Өнім» өлшемі үшін олар сәйкесінше TV_ID, Product_code және бүтін сан болады. Содан кейін сілтемелерді немесе өлшемдер иерархиясын және олардың орталық фактілер кестесімен байланысын 3-ші суретке сәйкес анықтаймыз. Келесі маңызды қадам – сыртқы деректерді ДҚ-на жүктеу. Deductor Academic платформасының білім беру нұсқасындағы құрылымдық мәліметтер көзі қарапайым txt файлдары бола алады.



Сурет 3. «Фармацевтика» реляциялық ДҚ-нің семантикалық қабаты.

Жүктеу сценарийі ағаш тәрізді формаға ие, оның түйіндері келесі әрекеттер тізбегі болып табылады: 1) деректерді сыртқы көздерден импорттау; 2) иерархияның ең жоғарғы деңгейінен бастап («Тауарлар_ тобы» өлшемінен) бастап атрибуттары бар деректерге экспорттау; 3) деректерді «Сатылым» процесіне экспорттау. MyLoad.ded жобалық файлынан жүктеу сценарийінің фрагменті 4-ші суретте көрсетілген.



Сурет 4. «Фармацевтика» ДҚ сценарийлер панелі.

Соңғы кезеңде көрнекі шеберді қолдана отырып, деректер парағынан мәліметтер алуға арналған сценарий жасайды және OLAP есептерін шығарады. Олар 3 өлшемді кестелер, олардың жолдары мен бағандарының тақырыптары кірістірілген топтастырумен аналитикалық сипаттамалардан (мәліметтер кесінділерінен) тұрады, ал ұяшықтарда есептің жиынтық көрсеткіштері болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Барсегян А. Технологии анализа данных: Data Mining, Visual Mining, Text Mining, OLAP: учеб. пособие для вузов. – СПб.: БХВ-Петербург, 2012. – 282 с.

2 Провалов В. Информационные технологии управления: учеб. пособие. – М.: Флинта, 2015. – 391 с.

3 Паклин Н.Б., Орешков В.И. Бизнес-аналитика: от данных к знаниям: Учеб. пособие. 2-е изд., испр. – СПб.: Питер, 2016. – 704 с.

ҒТАМР 20.01.45

«АЛГОРИТМДЕУ ЖӘНЕ ПРОГРАММАЛАУ» БӨЛІМІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

О.М. Жолымбаев
PhD, п.ғ.к., доцент, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.
Ш.Ұ. Асқар
Магистр, оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.
А.М. Сарғызова
Магистрант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Бұл мақалада 10-сыныпта информатика пәнінің «Алгоритмдеу және программалау» бөлімін оқытудың кейбір мәселелері мен оларды шешу жолдары қарастырылады. Алдымен, мәселенің бастапқы нүктесін айқындау барысында оқу мақсатына байланысты оқушылар тарапынан туындайтын қиындықтардың себептері анық көрсетіледі. Қиындықтарды жоюдың нақты әрекеттері толық әрі түсінікті түрде қарапайым тілде жазылған. Қарастырылып отырған мәселенің соңғы нүктесі ретінде мәселені шешудің жолдары толығымен сипатталады.

Түйін сөздер: информатика, оқыту үрдісі, алгоритмдеу және программалау, python, алгоритм, блок-схема, шарт, цикл денесі, оқытудағы қиындықтар,модель, компьютерлік технологиялар.

«Информатика» пәнін оқытудың негізгі мақсаты – информатика туралы ғылым ретінде түсінікті қалыптастыру; оқушыларды заманауи қоғамдағы өмірге практикалық даярлау; ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу болып табылады.

«Информатика» пәнін оқытудың негізгі міндеттері компьютерлік сауаттылық негіздерін қалыптастыру; логикалық және алгоритмдік ойлауды дамыту; жеке және ұжымдық жұмыс дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

«Информатика» пәні практикалық тапсырмаларды орындау, электрондық құжаттарды құру және өңдеу арқылы ашылатын пәнаралық сипатқа ие. Ал бағдарламалауды, сонымен қоса бағдарламалау ортасын неліктен үйрену керек? Бағдарламалық жасақтаманы жобалау процесі ғылым мен техникадағы мәселелерді шешудің басқа процестері сияқты, адамның проблемаларды шешу

процесі екені анық.

Бағдарламалау белгілі бір бағдарламалау ортасында мәселені сипаттауды, содан кейін мәселені шешу үшін бірнеше мәселені шешу моделін жасауды және модельді тексеруді қамтиды. Модельдеу үшін мәселені тиімді сипаттау терең объектілік ойлауды талап етеді.

Бағдарламалау ортасын қолдана отырып, дұрыс ұйымдастырылған оқыту алгоритмдік және логикалық ойлауды табиғи жағдайда дамытады; әртүрлі модельдермен жқмыс істеуге тәжірибе береді; бағдарламалаудың жалпы принциптері және әдістерімен таныстырады, бұл білім алушыларға басқа бағдарламалау орталарын меңгеру кезінде алған дағдыларын бейімдеуге, дұрыс қолдана білуге мүмкіндік береді [1].

Алгоритмдеу мен бағдарламалауды үйренудің негізгі мақсаттары:

– оқушылардың алгоритмдік және логикалық ойлауын дамыту;

– әртүрлі модельдермен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру;

– компьютерлік технологияларды қолданудың қарапайым дағдыларын меңгеру.

Алгоритмдеу және программалауды үйренуде келесі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

1. Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерімен танысу. Бұл кезеңде білім алушылар алгоритм және оның орындаушысы ұғымымен танысады. Алгоритмдердің түрлерін және оларды жазу тәсілдерін қарастырады. Алгоритмдерді құруды үйренеді.

2. Python программалау ортасымен және қарапайым операторлар мен функциялармен танысу.

3. Массив ұғымымен және оның қасиеттерімен таныстыру. Массивтерді пайдаланып программаларды құрастыру және іске асыру.

4. Бағдарламалау ортасы туралы білімді жүйелеу және кеңейту.

Алгоритмдер және программалауды меңгеру арқылы білім алушылар программалаудың мәнін жақсырақ түсіне бастайды. Олар алгоритмнің орындаушысы тек сызушы ғана емес, компьютердің өзі, тіпті адам болуы мүмкін екенін түсіне бастайды.

Алгоритм және программалау тақырыбын оқып-үйренуде оқушыларда келесідей қиындықтар пайда болуы мүмкін:

– білім алушылардың «алгоритм» ұғымын дұрыс түсінбеулері;

– алгоритм мысалдарын дұрыс келтірмеу (яғни, келтірілген мысалда алгоритмнің барлық қасиеттері орындалмайды, командалар орындаушының командалық жүйесіне кірмейді);

– алгоритмді блок-схема түрінде дұрыс ұсынбау;

– қарапайым алгоритмдік конструкцияларды дұрыс қолданбау;

– алгоритмді ресми тілге аудару принципін түсінбеу.

Ұсынылып отырған тізімнің ішіндегі алғашқы қиындықтармен осы тақырыпты оқудың бастапқы кезеңінде кездеседі. Осыған байланысты бұл мәселені ашу білім алушылардың өмірлік тәжірибесіне негізделген мысалдарды қолдана отырып беріледі. Сондай-ақ, алгоритммен танысу оның белгілі бір

мәтінді (егер ол ауызша түрде берілген болса) алгоритм ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін оның интегралдық (ажырамас) атрибуттарын немесе қасиеттерін ашу арқылы жүзеге асуы да үлкен маңызға ие. Мұғалімнің сабақ барысында келтіретін мысалдары жан-жақты және адам қызметінің әртүрлі салаларына қатысты болуы керек. Бұл әр адамның таңертеңгі уақытта орындайтын жаттығулары, көшенің арғы бетіне өту, от жағу, түймені тігу, аспаздық кітаптан тағам дайындау және басқалар болуы мүмкін. Келесі кезеңде оқушылардың алгоритм ұғымы түсінігін бекіту болып табылады және бұл жерде келесі мәселе туындайды. Оқушылар алгоритмінің анықтамасы мен оның негізгі қасиеттерін білгенімен, олар алгоритм болатын мысалдарды дұрыс тұжырымдай алмайды. Көбінесе көп көңіл бөлінбейтін кейбір маңызды атрибуттар ұмытылады. Мысалы, білім алушылар барлық іс-әрекеттер жай ғана орындалмай, қандай да бір нәтижеге әкелуі керектігін ұмытуы жиі кездесетін қателік болып табылады. Алгоритмдерді анықтауға байланысты негізгі ұғымдарды бекіту үшін және аталып өткен қиындықтарды жеңу үшін білім алушылармен келесі мазмұндағы бірнеше тапсырмаларды қарастырған тиімді:

1. Орындаушы рөлін орындау: алгоритм берілген, оны формальды түрде орындау;
2. Осы жұмыс түріне арналған орындаушы мен командалар жүйесін анықтау;
3. Осы командалар жүйесі шеңберінде алгоритмді құру;
4. Мәселені шешу үшін қажетті бастапқы мәліметтер жиынтығын анықтау.

Келесі мәселе алгоритмді блок-схема түрінде дұрыс көрсетпеумен байланысты. Осы тақырыпты оқып-үйренуде елеулі мәселелерді болдырмау үшін білім алушылар блок-схеманы жасау бойынша практикалық дағдыларды дамыту қажет, ол үшін негізгі алгоритмдік конструкцияларды ұсынудың біркелкілігін сақтау керек, сонымен қатар осы схемаларды қолдана отырып жаттығуларды бірнеше рет қайталау қажет.

Негізгі алгоритмдік құрылымдарды оқып-үйрену білім алушыларға үлкен қиындықтар туғызады. Сондықтан, сызықтық, тармақталу және циклдік алгоритмдік құрылымдардың әрқайсысына егжей-тегжейлі тоқтау керек [2].

Сызықтық алгоритмдер оңай қабылданады, бірақ білім алушылар оларды көптеген тапсырмалар үшін пайдалану мүмкін еместігін түсіндіре білу қажет. Сызбада белгілі бір тармақталу алгоритмін талдау кезінде команданы орындаудың екі мүмкін тәсілін, команданың кіру және шығу нүктелерін әртүрлі түстермен белгілеу керек. Алгоритмді «егер», «онда», «әйтпесе» кілт сөздері арқылы дауыстап айту керек. Біріншіден, бұл құрылымды жақсы меңгеруге, екіншіден, псевдокод арқылы алгоритм жазудың пропедевтикасын жүргізуге мүмкіндік береді. Шарт орындалған жағдайда орындалатын іс-әрекет әрқашан сол жақта, яғни «иә» жолына жазылатынына назар аударылады, ал оң жағында, яғни «жоқ» жолында шарт орындалмаған кезде орындалатын әрекет жазылады. Білім алушылардың назарын тармақталу командасы ұсынылған екі команданың бірі орындалғаннан кейін жұмысын аяқтайтынына аудару керек.

Оқушылармен тармақталу командасын қолдану қажеттілігін талқылап, түсіндіру керек. Ол үшін келесідей: мәселені шешу алгоритмі неге сызықтық алгоритм құрылымына ие бола алмайды? Алгоритмді орындау барысында қандай шартты тексеру қажет? Шарт орындалғанда қандай әрекеттер орындалады, ал орындалмағанда қандай іс-әрекеттер орындалады? Тармақталу командасының қандай формасы қолданылады? Алгоритмнің бұл құрылымы қандай тапсырмаларда қолданылады? және тағы осы тәрізді сұрақтарды қоюға болады. Бірқатар оқулықтарда келесі командасынан кейін бірінші оқылаын құрылым алгоритмнің жазылуын азайтуға мүмкіндік беретін цикл болып табылады. Әдетте, бұл «n рет қайталау» конструкциясы. Бұл тәсіл сызықтықтан ерекшеленетін әрекеттерді ұйымдастыру құрылымы ретінде циклдарды меңгеруде қиындықтарға әкеледі. Біріншіден, алғы шарты мен кейінгі шарты бар циклдердің басқа түрлері бір-бірінен оқшауланған ретінде қабылданады және негізгі ерекшелігі – әрекеттердің қайталануы тірек ретінде әрекет етпейді. Екіншіден, циклдарды дамытуда қажетті негізгі дағдылар назардан тыс қалады: циклды жалғастыру немесе аяқтау шартын, цикл денесін дұрыс таңдау. Шартты «*n* рет қайталау» циклінде тексеру іс жүзінде көрінбейді, ал циклдік алгоритмді білім алушылар көбінесе басқаша түрде жобаланған сызықтық алгоритм ретінде қабылдайды, бұл жалпы циклдерді қабылдауда білім алушылар үшін дұрыс емес стереотипті тудырады. Сондықтан, алдымен шарт қолданатын тармақ командасын, содан кейін қайталау командаларын оқып-үйрену әдістемелік тұрғыдан орынды болып табылады.

Қайталау командасын оқып-үйренуді алдымен оқушыға циклге кіретін командалар туралы ойлануға мүмкіндік беретін циклді пост-шартты енгізуден бастап, содан кейін ғана осы командаларды қайталау шартын (сұрағын) тұжырымдау қажет. Егер сіз бірден алғы шарты бар циклды енгізсеңіз, онда білім алушылар осы екі әрекетті бір уақытта орындайтын болатындықтан сабақтардың тиімділігі төмендейді. Сонымен қатар, постшарттары бар цикл білім алышылардың алғы шарты бар циклді қабылдауына дайындық ретінде қарастырылады, білімді қайталау командасының басқа түріне көшіруді қамтамасыз етеді және аналогия бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Оқушылардың назарын циклдің бұл түрлері шарт тексерілетін орны бойынша, цикл денесінің орындалуын қайталауға қайта оралу шартымен ерекшеленетініне аудару керек.

Егер соңғы шарты бар қайталау командасы цикл денесі кемінде бір рет орындалса, алғы шарты бар қайталау командасында ол мүлдем орындалмауы мүмкін [3].

Алгоритмді формальды тілге аудару принципін түсінбеумен байланысты соңғы қиындықты шешу үшін келесі шешімді ұсынуға болады: негізгі алгоритмдік құрылымдарды пайдалана отырып, бағдарламалау тілін үйренуді бастау қажет және ол сонымен қатар алгоритмді көрсетудің әртүрлі нысандарын параллельді пайдалану қажет, бұл белгілі бір алгоритмге ресми түрде жақындауға мүмкіндік береді.

Алгоритмдеу және программалау оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың ең қолайлы және көрнекі құралы болып табылады. Сондықтан оларды зерттеуге жіті назар аудару керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Красиков И.В., Красикова И.Е. Алгоритмы. Просто как дважды два. – М.: ИКФ «ЭКСМОС», 2006.

2 Первин Ю.А. Методика раннего обучения информатике: Методическое пособие для учителей начальной школы и методистов. – М.: Бином. Лаборатория знаний, 2008.

3 Яшуев Р.Н. Работа со школьниками в области информатики. – М., 2007.

4 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия. – 2006.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ

AGRICULTURAL SCIENCE

ҒТАМР 34.27.29

HELIANTNUS TUBEROSUS ГҮЛІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АМИНҚЫШҚЫЛДАРЫН ЖӘНЕ ОРГАНИКАЛЫҚ ЕРІТКІШТЕРДЕГІ ЭКСТРАКТЫСЫН ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ЗЕРТТЕУ

А. Сулейменова, А. Найманғазы, Г.Е. Азимбаева
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Бұл мақалада Heliantnus Tuberosus гүлінің құрамындағы аминқышқылдары «Карло-Эрба-4200» (Италия-АҚШ) газды-сұйықтық хроматографында анықталды. Нәтижесінде 20 аминқышқылдары бар екені анықталды. Олар: глютамат, аспаратат, аланин, пролин, аргинин, лейцин, серин, изолейцин, тирозин, лизин, глицин. Сонмен қатар хлороформ, бензол, ацетон, гексан сияқты органикалық еріткіштердегі экстрактылары УК – «Evolution 600» спектрінде анықталды. Оның негізгі компоненттер құрамын: каротиноидтар (А дәруменін) және а – хлорофилл құрайды.

Түйін сөздер: БАЗ-биологиялық активті заттар, УК-ультракүлгін спектроскопия, А-интесивтілігі, нм-толқын ұзындығы.

БАЗ – табиғаттың тартуы өсімдіктерден алынатын бағалы қосылыстардың бірі, олар өсімдіктерден табиғи және синтездеу жолымен алынады. Биологиялық белсенді заттарды бөлу мақсатында қызығушылық тудырып отырған тұқымдастың бірі – күрделігүлдер тұқымдасы. Бұл тұқымдастың өкілдері мәдени және жабайы түрде өседі, өзіндік құны мен практикалық маңызы жағынан қол жетімді өсімдіктердің қатарына жатады. ҚР дәрілік өсімдіктерге бай өлке. Қазіргі таңда дәрілік өнімдерді өсімдіктерден алу маңызды. Себебі, экологиялық қауіпсіз шикізаттардан алынаттын дәрілік препараттар, биологиялық активті заттар арнайы табиғи тағам өнімдерінде, фармацевтикада, медицинада, тұрмыстық химияда, ауыл– шаруашылығында аса кең көлемдегі қолданысқа ие, дәл осындай құнды шикізат көзі Heliantnus Tuberosus (топинамбур) [1].

Қазіргі уақытта Heliantnus Tuberosus-дың әр түрлі фармакологиялық, биологиялық, физиологиялық белсенділіктері жан-жақты зерттеулерден өтуде. Дегенмен бұл өсімдікті химиялық құрамы толыққанды зерттелген өсімдіктердің

қатарына жатқызуға болмайды, сол себепті Heliantnus Tuberosus өсімдігі XXI ғасыр дәрілік өсімдігі болып табылады [2].

Зерттеудің мақсаты: Heliantnus Tuberosus гүлінің құрамындағы амин қышқылдарының мөлшерін және Heliantnus Tuberosus гүлінің органикалық еріткіштердегі экстрактыларын УФ – спектрінде зерттеу.

Зерттеудің нысаны ретінде Ташкент және Алматы облыстарының елді мекенінен жиналып алынған Heliantnus Tuberosus гүлі алынды.

Экстрагент ретінде: хлороформ, бензол, ацетон, гексан сияқты органикалық еріткіштер қолданылды.

Кесте 1. Heliantnus Tuberosus гүлінің құрамындағы аминқышқылдарының мөлшері.

Амин-қышқылдарының атауы	Аланин	Глицин	Лейцин	Изолейцин	Валин	Глютамат	Треонин	Пролин	Метионин	Серин	Аспаратат	Цистин	Оксипролин	Фенилаланин	Тирозин	Гистидин	Орнитин	Аргинин	Лизин	Триптофан
Алматы (мг/100кг)	1550	502	813	546	408	2015	422	1248	220	910	1754	102	6	625	596	480	6	612	440	225
Ташкент (мг/100кг)	1675	544	883	578	450	2194	448	1295	298	978	1820	121	7	652	685	503	7	638	462	244

Heliantnus Tuberosus гүлінің құрамындағы аминқышқылдарының мөлшері «Карло-Эрба-4200» (Италия– АҚШ), газды-сұйықтық хроматографында жүргізілді.

1-кестедегі мәліметтерде көрсетілгендей аминқышқылдарының ең көп мөлшерде кездесетін түрі – глютамат. Глютамат Алматы Heliantnus Tuberosus гүлінде 2015 мг/100кг, ал Ташкент Heliantnus Tuberosus гүлінде 2194 мг/100кг мөлшерде кездесетінін көрумізге болады.

Аминқышқылдарының адам ағзасында алатын орны ерекше. Мысалы, аминқышқылдарының ішінде ең алғаш өндірілген – глютамин. Глютамин қышқылы тамақ өнеркәсібінде азық-түлікке қосылады, оның сапасын жақсартады. Глютамин кышқылын медицинада нервтік ауруларды емдеуге де қолданады [3].

Ал лизинді қосқанда нанның құнарлылығы артады. Лизинді көп мөлшерде – бактериум аэрогенес, бактериум протеус, спора түзушілерден – бациллус субтилис, ашытқы саңырауқұлақтарынан – торула утилистен өндіреді. Егер де ультракүлгін сәулемен әсер етсе микрококкус глютамикус едәуір мөлшерде лизин түзе алады. Қазір бұдан өнеркәсіптік жолмен лизин өндіру қолға алынды. Лизинді қазіргі кезде Жапонияда, Америка Құрама Штаттарында және басқа да елдерде жылына ондаған мың тоннадай мөлшерде өндіреді.

Аргининнің әсерімен ағзадағы кальций алмасуы үшін жауап беретін қалқанша маңы бездерінің қызметі жақсарады [4].

Heliantnus Tuberosus гүлінің хлороформ, бензол, ацетон, гексан сияқты органикалық еріткіштердегі экстрактылары УФ – «Evolution 600» спектрінде анықталды. Нәтижелері 1-8 суреттерде және 2-кестеде көрсетілген.

Ультракүлгін спектрлері (УК)



Сурет 1. Алматы Heliantnus Tuberosus гүлінің ацетондағы спектрі.



Сурет 2. Ташкент Heliantnus Tuberosus гүлінің ацетондағы спектрі.



Сурет 3. Алматы Heliantnus Tuberosus гүлінің гександағы спектрі.



Сурет 4. Ташкент Heliantnus Tuberosus гүлінің гександағы спектрі.



Сурет 5. Алматы Heliantnus Tuberosus гүлінің хлороформдағы спектрі.



Сурет 6. Ташкент Heliantnus Tuberosus гүлінің хлороформдағы спектрі.



Сурет 7. Алматы Heliantnus Tuberosus гүлінің бензолдағы спектрі.



Сурет 8. Ташкент Heliantnus Tuberosus гүлінің бензолдағы спектрі.

Кесте 2. Ультракүлгін спектрлерінің мәліметтері.

Үлгінің атауы	**Толқын ұзындығы, нм**	**Интенсивтілігі, А**	**Қосылыстың түрі**
1	2	3	4
Ташкент *HELIANTNUS TUBEROSUS* гүлінің хлороформдағы спектрі	375	0,402	
	401	0,544	
	422	0,664	
	445	0,749	Каротиноидтар
	473	0,615	Каротиноидтар
	536	0,105	
	667	0,087	а– хлорофилл
	700	0,083	
Ташкент *HELIANTNUS TUBEROSUS* гүлінің бензолдағы спектрі	375	0,510	
	400	0,708	
	424	0,908	
	445	1,053	Каротиноидтар
	474	0,874	Каротиноидтар
	534	0,118	
	667	0,085	а-хлорофилл
Ташкент *HELIANTNUS TUBEROSUS* гүлінің гександағы спектрі	378	0,165	
	398	0,215	
	423	0,276	
	446	0,329	Каротиноидтар
	472	0,280	Каротиноидтар
	539	0,057	
	665	0,041	а-хлорофилл
	679	0,050	
Ташкент *HELIANTNUS TUBEROSUS* гүлінің ацетондағы спектрі	378	0,931	
	400	1,251	
	423	1,539	
	447	1,773	Каротиноидтар
	475	1,443	Каротиноидтар
	665	0,064	
Алматы *HELIANTNUS TUBEROSUS* гүлінің	400	0,396	
	425	0,538	

хлороформдағы спектрі	445	0,638	Каротиноидтар
	475	0,516	Каротиноидтар
	535	0,082	
	665	0,068	а– хлорофилл
	698	0,064	
Алматы *HELIANTNUS TUBEROSUS* гүлінің бензолдағы спектрі	378	0,422	
	400	0,514	
	424	0,610	
	445	0,673	Каротиноидтар
	472	0,557	Каротиноидтар
	535	0,131	
	700	0,104	
Алматы *HELIANTNUS TUBEROSUS* гүлінің гександағы спектрі	423	1,282	
	446	1,667	Каротиноидтар
	473	1,437	Каротиноидтар
Алматы *HELIANTNUS TUBEROSUS* гүлінің ацетондағы спектрі	402	0,354	Каротиноидтар
	442	0,444	Каротиноидтар
	447	0,508	Каротиноидтар
	473	0,418	Каротиноидтар
	535	0,081	
	667	0,064	а– хлорофилл
	698	0,064	

2-кестеден көріп отырғанымыздай негізгі компоненттер құрамын: а– хлорофилл және каротиноидтарды (А дәруменін) құрайды.

Алматы heliantnus tuberosus гүлінің хлороформдағы толқын ұзындығы 445-475 нм, интенсивтілігі 0,638-0,516 А, ал Ташкент heliantnus tuberosus гүлінде хлороформдағы толқын ұзындығы 445-475 нм, интенсивтілігі 0,749-615 А аралығы каротиноидқа сәйкес келеді.

Алматы heliantnus tuberosus гүлінің бензолдағы толқын ұзындығы 445–472 нм, интенсивтілігі 0,673-0,557 А, Ташкент heliantnus tuberosus гүлінің бензолдағы толқын ұзындығы 445-474 нм, интенсивтілігі 1,053-0,874 А аралығы каротиноидты көрсетеді.

Алматы heliantnus tuberosus гүлінің гександағы толқын ұзындығы 446-473 нм, интенсивтілігі 1,667-1,437 А аралығында болса, Ташкент heliantnus tuberosus гүлінің гександағы толқын ұзындығы 446-472 нм, интенсивтілігі 0,329-0,280 А аралығында болады.

Алматы heliantnus tuberosus гүлінің ацетондағы толқын ұзындығы 447-473 нм, интенсивтілігі 0,508-0,418 А, Ташкент heliantnus tuberosus гүлінің ацетондағы толқын ұзындығы 447-475 нм, интенсивтілігі 1,773-1,443 А аралығы а – хлорофиллге сәйкес келеді. Ташкент heliantnus tuberosus гүлінің хлороформдағы толқын ұзындығы 667 нм, интенсивтілігі 0,083 А, Алматы heliantnus tuberosus гүлінің хлороформдағы толқын ұзындығы 665 нм, интенсивтілігі 0,068 А аралығы а – хлорофиллді көрсетеді.

Каротиноидтар – өсімдіктердің ұлпаларында, көптеген саңырауқұлақтарда, бактерияларда және балдырларда кездесетін, сары түстен

қызыл түске дейінгі пигменттер; терпен қатарының өте қанықпаған көмірсулар тобына жатады [5].

Каротиннің грек альфавитінің әріптерімен белгілейтін 5 изомері белгілі. Оның бәрі биологиялық белсенді. Кейбір каротиноидтар (α -, β – және γ – каротиндер, криптоксантин және т.б.)А дәруменінің негіздері болып табылады. Каротиноидтардың өзіндік белгісі болып қос байланыстарының көп мөлшерде кездесуі болып саналады. Ол каротиноидтарды полиендер тобына біріктіреді. Каротиноидтар майларда және липоидтарда ерігіш, сондықтан оларды липохромдар деп атайды [6].

Қорытынды. Heliantnus Tuberosus гүліндегі биологиялық активті зат аминқышқылдары мен каротиноидтардың адам ағзасында алатын орны ерекше. Мысалы, белок молекуласындағы маңызды аминқышкылдарының бірі аргинин ісіктердің, соның ішінде қатерлі ісіктердің өсуін баяулатады. Бүйректегі азоттық алмасудың қалдық заттарын шығарып тазарту қызметін арттыруда да қолданылады. Ағзаның А дәруменіне мұқтаждығы табиғи каротиндердің есебінен айтарлықтай дәрежеде қамтамасыз етіледі. Каротиндерді тағамдарды және мал азықтарын дәрумендеу кезінде, терінің зақымдануын емдеуде және тағамның бояғыш заты ретінде пайдаланады. Топинамбур гүліндегі биологиялық активті заттар аминқышқылдары мен каротиноидтардың тамақ өнеркәсібінде, медицинада түрлі ауруларды емдеуде, фармацевтиканың дамуына отандық өнім ретінде ерекше маңызға ие.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ягодка В.С. Лекарственные растения в дерматологии и косметологии. – М, 2008. – 98 с.

2 Налеев О.Н., Каржаубаев Е.К. Топинамбур. – Алматы: Апейрон, 2006. – 219 с.

3 Сағындықов Ж. Топинамбур өсімдігі және оның емдік қасиеттері. – Алматы, 1999. – 4-19 б.

4 Емелина Т.Н. Комплексная переработка вегетативной части топинамбура с получением продуктов микробного синтеза. Диссертация на соискание ученой степени к.т.н. – Красноярск, 2003. – 15-18 с.

5 Дорофеева Л.А., Ким Н.Ю., Рязанова Т.В., Чупрова Н.А. Исследования ве гетативной части топинамбура. Оптимизация процесса получения экстрактов из вегетативной части топинамбура // Химия растительного сырья. 19986 №2. – 53-57 с.

6 Екутеч Р.И. Разработка технологии получения инулина и пищевых волокон из клубней топинамбура. Автореферат. – Краснодар, 2010. – 11-17 с.

ГРНТИ 68.03.05

ГИДРОПОННЫЙ ЗЕЛЕНЫЙ КОРМ В КОРМЛЕНИИ ЛОШАДЕЙ КУСТАНАЙСКОЙ ПОРОДЫ

А.Б. Амандыкова
К.с.-х. н., ТОО «Қазақ тұлпары», г. Костанай, с. Заречное
А.У. Бугубаева
К.с.-х. н., Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, г. Костанай
Б.А. Хамит
Магистрант, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, г. Костанай

В статье рассмотрены влияние гидропонного корма на воспроизводительную деятельность жеребцов-производителей и кобыл кустанайской породы. Рацион для племенных лошадей, а особенно спортивных, которые участвуют в спортивных скачках, необходимо подбирать сбалансировав их и по питательности кормов. Так как племенные лошади содержаться индивидуально, в денниках, нами было предусмотрено выращивание зеленого корма для них. Многие учреждения, занимающиеся животноводством, допускают ошибки в организации кормления животных, и эти ошибки могут привести к негативным последствиям. Наступление высоких цен на зерно и корма, а также пастбища, страдающие от засух и других непредсказуемых погодных условий, заставляют многих фермеров искать экономичные, устойчивые альтернативы традиционным кормам. Выращивания зеленого корма гидропонным методом позволяет значительно улучшить состояние современного сельского хозяйства, занимающегося разведением племенных лошадей, участвующих в спортивных соревнованиях.

Ключевые слова: гидропоника, зеленый корм, пророщенный овес, спортивные лошади, перевариваемость, гидропонный зеленый корм, калорийность, новые зеленые технологии.

Высокая продуктивность и выраженность племенных качеств лошадей кустанайской породы во многом напрямую зависит от полноценного кормления. При кормлении лошадей следует постоянно помнить, что среди всех видов сельскохозяйственных животных лошадь предъявляет высокие требования к чистоте и качеству корма. Лошадь отличается от других животных тем, что основной ее продукцией является мышечная работа. Очень

важно, чтобы в кормовой рацион лошадей входили различные корма растительного и животного происхождения, а также всевозможные добавки. Из растительных кормов больше всего им скармливают зеленые, грубые и зерновые корма, и меньше – корнеклубнеплоды, силос и остатки технических производств [1].

Репродуктивная фенология является важной чертой, подвергаемой естественному отбору. Лошади в Америке принадлежат к палеарктическим популяциям после введения европейскими колонизаторами. Изменение климата является основным фактором окружающей среды для корректировки репродуктивного времени для лошади, но отсутствует в экваториальных областях. Авторы аграрного университета Эквадора и Университета Кордовы, Испания приводят данные о 929 кобылах с 2006 по 2011 год в ходе эксплуатации чистокровных лошадей в Эквадоре, которые испытывали сильную сезонность трав. Их вывод свидетельствует о том, что при поедании зеленой массы у кобыл происходит большой процент зажеребляемости, в то время как зеленая масса спадает, зажеребляемость понижается [2].

Учеными из Национального исследовательского центра в Индии было исследовано, добавление зеленого корма в рацион лошади через три и пять недель уровень витамина Е в плазме от 1,92 ± 0,21 мг повысился до 4,00 ± 0,28 мг / л [3].

Исследования во Французском институте коневодства и верховой езды показали, что при добавлении зеленной массы в рацион в зимний период племенным кобылам, жеребятам и тренирующих лошадей позволило удовлетворять свои потребности в питании без каких-либо добавок весной и летом. На фермах был реализован обоснованный подход к дегельминтизации. На основании анализа кала животным был присвоен статус экскреции паразита. В результате этой классификации только половина животных была обезвожена. Этот метод помог ограничить стоимость дегельминтизации и снижение развития паразитов [4].

Использование ГЗК в кормлении лошадей (в т.ч. спортивных) – эффективный метод, который используется многими западными фермерами в течение многих лет и позволяет добиваться высоких результатов. Корма, выращенные гидропонным способом, имеют большую пользу, содержат все необходимые питательные вещества, которые хорошо усваиваются организмом сельскохозяйственных животных (крупный рогатый скот, верблюды, лошади, овцы, кролики, курицы, свиньи) и хорошо усваиваются организмом. Гидропонные зеленые корма стоят дешевле, чем многие другие виды кормовых кормов, состав богат необходимыми питательными веществами и витаминами. Гидропонная диета из свежих ростков обеспечивает большую пользу для здоровья, чем любая комбинация обработанных или высушенных кормов. Питание лошадей может показаться сложным, но когда оно разбито на фундаментальный, естественный способ кормления, результаты могут быть удивительными [5].

В нашей стране гидропонный способ выращивания зеленых кормов еще не получил широкого распространения. Сегодня в нашей стране разрабатываются новые автоматизированные гидропонные системы выращивания зеленых кормов, которая значительно снижает трудовые и материальные затраты и снизить себестоимость произведенной продукции. Однако такие системы используются в нашей стране только в тепличных хозяйствах [6].

В настоящее время наблюдается постоянно недостаточное и экологически вредное развитие инфраструктуры кормопроизводства. В связи с этим растет интерес сельхозпредприятий к способам, позволяющим самостоятельно и с минимальными затратами средств готовить и эффективно использовать сбалансированный рацион питания целый год. Этот метод позволяет автоматизировать процесс выращивания, снизить трудозатраты. Гидропонные системы выращивания дают больший урожай за более короткий период на меньшей площади, чем традиционно выращиваемые культуры [7, 8].

Это также позволяет исключить химические вещества, такие как пестициды и гербициды, поскольку растения находятся в более защищенной среде произрастания, что обеспечивает полностью экологичный и устойчивый способ производства кормов – важный фактор для фермеров, пытающихся удовлетворить потребности потребителей, которые все чаще ищут продукты, не содержащие ГМО [9, 10].

Мы в конном заводе «Қазақ тұлпары» случной сезон планируем на февраль-март месяцы, когда как в нашем Северном регионе зеленой массы нет и зажеребляемость составляет 60-70% за последние пять лет, то после использования гидропоники, выращивания пророщенного овса в течение двух месяцев, кобылы были более склонны к зажеребляемости. Определяли мы это с помощью течкоизмерителя Драминьского, тогда как определялись показания до поедания ГЗК, промежуточные и спустя два месяца. Показатели у жеребцов-производителей исследовали эякулят на подвижность и с разбавлением свежеприготовленной среды для осеменения искусственным путем.

Данные исследования были проведены на базе ТОО «Қазақ тұлпары». Материалом исследований послужило поголовье лошадей конного завода. Гидропонная установка представляет из себя стеллажную конструкцию, на которой горизонтально расположены лотки, в них выращиваются зеленые корма из овса (рисунок 1). Овес засеивался в лотки из расчета 8 кг на квадратный метр, вода подавалась автоматически, через систему подачи воды из бака, а не впитанная вода возвращается обратно в систему полива. Самая компактная гидропонная установка – УЗК 12. Количество уровней – 3, количество лотков на уровне 4, всего лотков 12 шт. Площадь выращивания 1 лотка 0. 85 м^2, общая площадь выращивания 15 м^2. Габаритные размеры: высота 230 см., длинна 250 см., ширина 170 см.

Установка работает по принципу замкнутой рециркуляции рабочего раствора. В каждом лотке предусмотрен карман подачи жидкости и отсекающая перегородка для предотвращения попадания семян в сливное

отверстие. Система рециркуляции состоит из пластиковых труб диаметра 20-50 мм. подачи-слива, запорной арматуры, для регулировки подачи, 2 баков рабочего раствора, 2 насосов погружных для работы с загрязненными жидкостями, 4 фильтров механической очистки, патрубки соединительные силиконовые. Система рассчитана на работу с жидкостями, содержащими инородными фракциями (попадание семян и т.д.). Система автоматического включения насоса на 16 программ, с дополнительной возможностью подключения освещения.

УЗК 12 при загрузки сухого овса 18 кг производит 120-140 кг. за 6-7 дней при использовании семенного зерна репродукции Элита и соблюдении всех процессов производства.

Была внедрена гидропонная система по проращиванию овса и получению зеленых кормов в коневодстве для скармливания лошадей кустанайской породы в условиях денникового содержания. Внедрение проводилось в конном заводе в течение проведение научного проекта, на поголовье лошадей различных половозрастных групп. В конном заводе используется конюшенная система содержания лошадей. Лошади содержатся в просторных денниках (3×4) метров с возможностью выгуливаться в левадах.

При определении количества и качества корма для лошади необходимо учитывать, как необходимость удовлетворения ее энергетических потребностей, так и потребность в протеине, минеральных веществах и витаминах. Потребность лошади в энергетических веществах и протеине удовлетворяется за счет кормов (таблица 1), потребность в витаминах и минеральных веществах – за счет кормов и витаминно-минеральных добавок

Таблица 1. Суточный рацион жеребцов-производителей кустанайской породы лошадей живой массой 450-500 кг.

Показатели	**Периоды**		
	Случной	**Не случной**	
		зимой	**летом**
Сено, кг	12	8	8
Ячменная культура, кг	2-3	2-3	1,5-2
Овес плющенный, кг	2-3	2	2
Пшеничные отруби, кг	1,5	0,6	0,6
Морковь, кг	2	3	-
Куриные яйца, шт.	5	-	-
Поваренная соль, г	40	40	40

В таблице 2 представлены качественные показатели спермопродукции жеребцов-производителей кустанайской породы конного завода «Қазақ тұлпары» получавших с основным рационом пророщенный овес.

Таблица 2. Влияние пророщенного овса на спермопродукцию жеребцов-производителей.

Кличка жеребца	Показатели качества спермы жеребцов					
	В начале опыта			В конце опыта		
	объем эякулята, мл	концетрация спермиев, млрд. / мл	активность спермиев, балл	объем эякулята, мл	концетрация спермиев, млрд. / мл	активность спермиев, балл
Рыздык	36	239	5	45	260	7
Преферанс	40	240	5	50	264	8

Исходя из данных таблицы, видно, что до введения в рацион пророщенного овса показатели спермы жеребцов-производителей составили: объем эякулята 36-40 мл, концентрация сперматозоидов – 239-240 млрд/мл, активность спермиев – 5 баллов. Применение пророщенного овса позволило достичь увеличения объема спермы на 9-10 мл, содержания в ней спермиев – на 21-24 млрд/мл, активности спермиев – на 2-3 балла. В результате, пророщенный овес оказывают положительное влияние на воспроизводительные качества жеребцов.

При проращивании овес обогащается всеми необходимыми витаминами А, В, Е для организма жеребой кобылы. Проращенное овес мы вскармливали также кобылам вместе с концентратами. Определенных кобыл к этому процессу приучали постепенно. Известно, что при использовании проращенного овса снижается количество абортов. Наша задача следить за качеством гидропонного зеленого корма и не допускать до развития плесени. В таблице 3 показан рацион кобыл с использованием ГЗК.

Таблица 3. Суточный рацион кобыл кустанайской породы лошадей живой массой 450-500 кг.

Показатели	Холостые	Жеребые
Сено разнотравное, кг	8	10
Ячменное зерно, кг	1,5	2
Овсяное зерно, кг	2,5	3
Пшеничные отруби, кг	-	1,5
Подсолнечный жмых, кг	0,5	-
Поваренная соль, г	35	35

1 – день

2 – день

3 – день

4 – день

7-8 день

Рисунок 1. Установка гидропонного зеленого корма для лошадей.

Рисунок 2. Пророщенный овес – гидропонный корм (зеленая масса) для лошадей.

В начале опыта холостые кобылы составляли из 30 голов – 15 голов, после того как в состав рациона стали добавлять пророщенный овес, ситуация улучшилось. Из 15 голов в охоту пришли 10 голов.

При составлении рационов для жеребых кобыл внимание уделяли на питательность кормов. Когда наступает треть беременности в рацион жеребых кобыл в расчете на 100 кг их веса должно содержаться 17 г кальция, 7 г фосфора и 25-35 мг каротина.

Жеребым кобылам в рацион время от времени добавляли пшеничные отруби в количестве от 0,5 до 1,5 кг., так это оказывают благоприятное действие на работу пищеварительного тракта, предупреждая опасные предродовые запоры.

Заключение. Применение пророщенного овса позволило достичь увеличения объема спермы на 9-10 мл, содержания в ней спермиев – на 21-24 млрд/мл, активности спермиев – на 2-3 балла. В результате, пророщенный овес положительно влияет на воспроизводительные качества жеребцов. Также положительно влияет на воспроизводительную функцию кобыл.

Литература

1 Пристач Н.В., Алексеева Е.И., Федорова Н.Е. Эффективность использования гидропонных кормов в кормлении лошадей верховых пород. – Санкт-Петербург, 2013, № 33. – С. 61-69.

2 Carranza J. Grass greenness flush can influence breeding phenology and fertility in equatorial thoroughbred mares in the absence of photoperiod variation / J. Carranza, W.A. Yoong, B. C. Vergara, A. Briones, C. Mateos // Animal Science Journal. 2018, Volume 89, Issue 6. – P. 924.

3 Dedar R.K. Effect of green fodder on vitamin E status in Marwari horses. Veterinary Practitioner. 2013, Volume 14, Issue 2. – P. 460-461.

4 Doligez P. The Équipâture programme: Making better use of grass in horse diets and implementing a reasoned approach to deworming. – Fourrages. 2019, Issue 238. – P. 143-151.

5 Ружанский И. Использование гидропонного зеленого корма в рационе сельскохозяйственных животных и птиц: учебник Агрономия. 2016. – С. 56-61.

6 Кирдань Е.Н. Энергосберегающая технология и средства механизации производства гидропонного зеленого корма: дис.канд. техн. наук: 05.20.01. – КГАУ. 2000. – С. 130.

7 Кормопроизводство: учебник для вузов / авт. -сост. Н.В. Парахин, И.В.Кобозев, И.В. Горбачев, Н.И. Лазарев, С.С. Михалев. – М.: «КолосС», 2006, Т. 3. – С. 120.

8 Алгазин Д.Н., Иванов В.Н., Воробьёв Д.А., Забудский А.И. Возможности использования зеленого корма в кормлении сельскохозяйственных животных. Электронный научно-методический журнал Омского ГАУ. 2016, №4 (7). – С. 452.

9 Кругляков Ю.А. Оборудование для непрерывного выращивания зеленого корма гидропонным способом. – М.: ВО Агропромиздат. 1991. – С. 79.

10 Костюченко В.А. Агромеханическое обоснование машин для производства гидропонного зеленого корма: монография. – Кировоград: КОД. 2010. – 320 с.

ҒТАМР 68.41.63

СПОРТТЫҚ ЖЫЛҚЫЛАРДЫҢ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН «ГАМАВИТ» ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУ

А.У. Бугубаева
А.ш.ғ.к., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.
А.Б. Амандыкова
А.ш.ғ.к, «Қазақ тұлпары» ЖШС, Қостанай обл., Заречное а.
Ш.К. Максутова
Магистрант, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Спорттық жылқылардың стресске төзімділігін арттыру үшін «Гамавит» препаратын қолдану негізгі мақсытымыз. Мақалада қостанай тұқымды жылқылардың жаттығулар кезінде тәжірибелік топқа «Гамавит» препараты әсері зерттелді. Зерттеу жұмыстары 2022 жылы Қостанай облысының Заречное ауылы «Қазақ тұлпары» ЖШС жылқы зауытында өткізілді. Тәжірибеге спорттық 10 бас жылқы 5 жылқыдан тәжірибелік, бақылау 2 топ құрылды. Зерттеу жұмыстары үшін биохимиялық көрсеткіштер және кортизол гормоны нәтижелері сипатталған.

Тәжірибелі топтың жылқыларында қарқынды жаттығулар кезінде шамадан тыс жұмыс пен стресстің белгілері байқалмағаны, жылқылар белсенді жұмыс істеп, қажетті тапсырмаларды оңай әрі тез орындағандығы атап өтілді. Сонымен қатар, әдебиеттерге сәйкес, бұл жылқылардың жақсы жұмысқа қабілеттілігі гамавит қабылдағаннан кейін 1-2 ай бойы сақталады.

Түйін сөздер: спорттық жылқылар, тренинг, гамавит, биохимиялық талдау, гормон, стресс, иммунитет.

Бүгінгі таңда спорттық жылқыларды жаттықтыруда өзекті проблемалар – бұл жұмыс қабілеттілігі мен физикалық белсенділікке төзімділігін арттыру, сонымен қатар ықтимал рекордтық жылқыларды ерте анықтау болып табылады.

Гамавит-физиологиялық теңгерілген су ерітіндісі түріндегі кешенді препарат, құрамында денатуратталған эмульсияланған плацента, натрий нуклеаинаты, 20 амин қышқылдары, 17 дәрумендер, микроэлементтер (оның ішінде темір) бар, оларды Н.Ф. Гамалеи атындағы «Электромеханика ғылыми-

зерттеу институты» жанындағы «Микро-плюс» ЖАҚ әзірлеген және шығарылған.

Ресейлік ғалымдар ұзақ уақыт бойы осы бағытта зерттеулер жүргізіп, жылқының жеке бейімделу және басқа мүмкіндіктерін ескере отырып, оқытудың оңтайлы жүйесін жасады. БЖҒЗИ-нің бірқатар жұмыстары осы мақсатта допингтік емес сипаттағы фармакологиялық құралдарды қолдануға арналған [1].

2005 жылы Гамавит допингке қарсы орталықта сараптамадан өтіп, «құрамында тыйым салынған допинг құралдары және/немесе метоболиттер жоқ және жылқыларды спорттық даярлаудың жаттығу және жарыс циклінде пайдалануға болады»деген қорытынды алды» [2].

Әдебиеттерге сәйкес, дененің жағымсыз әсерлерге, стресстерге, жүктемелерге төзімділігін арттырады, дененің қорғаныс күштері мен метаболизмді белсендіреді, иммунитетті көтереді.

Препарат жануардың денесіне жан-жақты әсер етеді, жағымсыз әсерлерге (ауру немесе стресс) өзінің реакциясын белсендіреді, организм тәуелді болмайды, уытты әсер етпейді, бауыр мен басқа мүшелерге жүктемені арттырмайды.

Ал спорттық жылқыларда стрессті тудыратын физикалық жүктемеме жаттығулар болып табылады. Осыған байланысты қазіргі уақытта бүкіл әлемде биология, селекция, генетика және басқа ғылымдар саласындағы жетекші мамандар бұл мәселені шешу үшін жұмыс істеуде.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Қостанай тұқымының жылқыларының стрестік жағдайларды анықтау, гамавит препараты әсерін бақылау. Біздің алдымызда спорттық жылқылардың биохимиялық көрсеткіштерін және кортизол гормонын зерттеу болды.

Зерттеу жұмыстары 2022 жылы Қостанай облысының Заречное ауылы «Қазақ тұлпары» ЖШС жылқы зауытында өткізілді. Иммуностимуляциялық препараттың («Гамавит») тренинг жылқысының ағзасына әсерін зерттеу мақсатында жылқылардың 2 тобы (әрқайсысында 5 бастан) тәжірибелік және бақылау тобы құрылды. Зерттеу жұмыстары үшін бірінші топ тәжірибелік топқа препаратты 0,1 мл/ кг (40 мл/бас) 8, 6, 4 күн бұрын және таңертең таңертең тренингке 1 күн бұрын көк қан тамырлар ішілік инъекциясы енгізілді– барлығы 1 курсқа 4 рет салынды. Екінші топ бақылау тобына ешқандай препарат енгізілген жоқ. Жылқылардан қан таңертен азықтандырылуға, жұмысқа дейін қан тамырларынан ұю активаторы және гелі бар вакуумдық пробиркаларымен алынды. Биохимиялық қан көрсеткіштері зерттеу жұмыстары үшін (жалпы ақуыз, альбумин, глюкоза, кальций, фосфор, креатинкиназа) және глюкокортикоидты гормон (кортизол) алынды. Препаратты қолданғанға дейін, препаратты қолдану курсы аяқталғаннан кейін қан алынды және зерттелінді.

Қан талдау анализі «VetLab» ветеринарлық зертханасы, Қостанай қаласы, О. Дощанов 76 көшесі базасында – автоматты анализаторларда жүргізілді.

Алынған мәліметтер «Microsoft Excel» бағдарламасын қолдана отырып статистикалық түрде өңделді.

Жылқыларды – желіс және шабыс кезінде бақыладық. Ғылыми-практикалық тәжірибені жүргізу кезінде барлық жылқылар бірдей жағдайда болды ұсталынды, денсаулықтары сау және азықтандыру (күніне сұлы, шөп).

3) *Педагогикалық этика.* Педагог имиджін құруда педагогикалық этика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық этика мұғалімнің моральдық іс-әрекетінің сипатын және кәсіби ортадағы адамгершілік қатынастарды зерттейді. Педагогикалық этика кәсіби педагогикалық парыз, педагогикалық әділеттілік, педагогикалық ар-намыс, педагогикалық бедел, педагогикалық ар-ождан және педагогикалық әдептілік сияқты категорияларды қамтиды.

4) *Ішкі «Мен»-нің педагог бейнесімен сәйкес келуі.* Тәрбиешінің басқалар қалай қабылдауы керек және ол қалай қабылданатыны туралы идеялардың сәйкес келмеуі имидж қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуі керек екенінің белгісі. Мұғалімнің қалаған имиджіне артықшылық

беруі мақсатқа жету жолындағы маңызды шарт болып табылады. Болашақта мұғалім өзінің қалауын модельдеп, өзін-өзі жетілдіруге тырысуы керек.

Тұрақты позитивті имиджді әдістемелік өнімнің маңызды заманауи компоненті және оқу орнын басқару мен дамытудың қосымша ресурсы ретінде қарастыруға болады. Білім беру мекемесінің қалыптасқан оң имиджі бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: балабақшаның тартымдылығын, ең алдымен, ата-аналар, балалар мен қызметкерлер үшін арттыру, халықты жаңа білім беру қызметтеріне қатысты ақпараттандыру жөніндегі іс – шаралардың тиімділігін арттыру, жаңа білім беру қызметтерін енгізу процесін жеңілдету, ұйымдастырушылық мәдениеттің деңгейін арттыру, ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық микроклиматты жақсартуға ықпал ету.

Осылайша, білім беру мекемесінің оң имиджін қалыптастыру бәсекелестікті қолдаудың және тәрбиеленушілер санын көбейтудің қажетті шарты болып табылады. Нәтижесінде білім беру мекемесінің дамыған қолайлы имиджі бүкіл мекеменің даму дәрежесінің, оның бастамаларының болашағын, жетілуін және бүкіл ұжымның кәсібін, мектептегі әдістемелік жұмысты бағалаудың өзіндік өлшемі бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Карпов Е.Б. Имидж в образовании. PR в образовании. 2003, № 6 – С. 21-29.

2 Томилова Т.М. Модель имиджа организации. Маркетинг в России и за рубежом. 1998, № 4. – С. 110.

3 Кнышев А.И. Учебник: управление персоналом. PR технологичная работа по формированию адекватного имиджа. 2007, № 1.

4 Лизинский В.М. Имидж и миссия школы как ресурс ее развития. Ресурсный подход в управлении развитием школы. – М.: Центр Педагогический поиск, 2006. – С. 106-108.

5 Петрова Е.А. Имиджелогия: проблемное поле и направления исследования. PR в образовании. 2004, № 1. – С. 150.

6 Богоявленский А.Е. Понятия «Имидж», «Репутация», «Образ» в контексте «Критики чистого разума» И. Канта. – Воронеж: ВГУ, 2004. – С. 57-63.

ҒТАМР 14.15.07

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Ш.Ж. Арзымбетова
Профессор м.а., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
А.Ғ. Тоқтасынова
Оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
А.Т. Шыныбаева
Магистрант, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Мақалада, қазіргі таңда болашақ мамандардың кәсіби маңызды сапаларын дамыту мәселелерінің маңыздылығы әртүрлі кәсіби салаларда мамандарды сапалы даярлау және іріктеу қажеттігімен, сондай-ақ қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптардың негізінде оларды сандық, өндірістік, уақытша және біліктілік тұрғысынан белгілі бір міндеттерді бекітудің сауаттылығымен анықталып, мамандықтардың психологиялық тұрғыдан сипатталуына және соның негізінде дәл психологтар үшін жалпы психограмманың құрастырылуына мұқтаждық туғызатындығы қарастырылған.

Түйін сөздер: мұғалім, педагогикалық тәжірибе, студент, кәсіби сапа, дамыту.

Мұғалім қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, балалармен қарым-қатынасқа түсе алатын ұйымдастырушылық қабілеті жоғары және мол тәжірибе жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзіреттілігі анық байқалып тұрады. Кәсіби құзыреттілік деп – педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімнің кәсіби біліктілігі мен дағдысының бір арнада тоғысуы. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және қарым-қатынас мәдениетін меңгеріп әлемдік білім кеңістігіне талпынуы керек. Ахмет Байтұрсыновтың пікірінше, бала білімді тәжірибе арқылы өз бетімен алу керек. Ал балаға орындалатын жұмыс түрлерін шағымдап беру және қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беру, бұл – оқытушының қызметі [1].

Болашақ маманның кәсіби сапаларын қалыптастыруда педагогикалық тәжірибе үлкен рөл атқарады. Педагогикалық тәжірибеден өту кезінде машықкерлердің іскерлігі мен дағдылары қалыптасады және өзіне деген сенімі артады, шығармашылық деңгейде жұмыс істеу барысында өз білімдерін дәлелдейді. Жоғарыда аталған іс-әрекеттер арқылы мысалы: Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға және белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, талдауға, түзетулер енгізіп отыруға деген белсенділігінен көрінеді.

Кәсіби-педагогикалық дайындықты жүзеге асырудың шарты ретінде оқу-зерттеу сипатындағы педагогикалық тәжірибені қарастыруға болады. Педагогикалық қызметпен зерттеу ретінде айналыса отырып, болашақ мұғалім оқу-тәрбие жұмысының нәтижелілігін арттыру үшін ғана емес, жеке өзі үшін де ғылыми білімді пайдаланудың мәнін субъективті түрде бастан кешіреді.

Кәсіби педагог жалпы педагогикалық қызметке ие, ол өзінің ішкі дүниесінің белсенді, сапалы өзгеруін болжайтын өзін-өзі дамытуға қабілетті. Педагог өзінің кәсіби қызметінің субъектісі рефлексия дамыған жағдайда ғана бола алады. Тұлғалық және кәсіби рефлексияны дамыту-бұл жеке тұлғаның тұрақты күш-жігерін талап ететін ұзақ процесс және ол педагогикалық практикаға бөлінген аз уақыт ішінде жүзеге асырыла алмайды. Тәжірибе жүйелік сипатқа ие болуы тиіс: бірінші курс студентін қарапайым және оған қол жетімді жұмыс түрлеріне тартудан бастап, оның мазмұны мен көлемі білім беру мекемесінің нақты талаптарына сәйкес келетін жоғары курстардағы толық ауқымды практикаға дейін. Болашақ педагог мамандығының қозғалысы үздіксіз болуы қажет, ал педагогикалық тәжірибенің өзі дәстүрлі түрде жаңа формаларға ие болуы қажет. Ол кезде мектептерде жүзеге асырылатын педагогикалық тәжірибе болашақ мұғалімдердің өздерінің педагогикалық жобаларын іске асыру орны болуы мүмкін.

Педагогикалық практиканың функциялары: диагностикалық, бейімдеу, оқыту, тәрбиелеу, дамыту.

Бейімделу функциясы студент мекемедегі оқу-тәрбие жұмысымен және оның ұйымдастырылуымен танысады, педагогикалық үдерістің ырғағына үйренеді,педагогикалық қызметтің барлық қиындықтарын нақты көрсете бастайды.

Оқыту функциясы алынған теориялық білімді қолдануда іске асырылады.

Практиканың тәрбиелік функциясы болашақ кәсіби қызметке уәждемені қалыптастырудан, педагогикалық мәдениеттің қалыптасуынан тұрады. Педагогикалық практиканың тәрбиелік факторы жоғары кәсіби деңгейі мен жеке қасиеттері бар мамандардың қызметі, сондай-ақ тәжірибе базасы болып табылатын педагогикалық университет пен білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесі болып табылады.

Практиканың дамытушылық функциясы студент-практиканттың педагогикалық қабілетін қалыптастыру мен дамытуда жүзеге асырылады. Студент жеке және кәсіби жоспарларында да дамиды: педагог ретінде ойлауды және әрекет етуді үйренеді.

Практиканың рефлексивті функциясы маңызды болып табылады. Тек практикада ғана студент педагогикалық қызметтің барлық субъектілерімен қарым-қатынас барысында өзінің эмоционалдық жағдайын бағалай алады, болашақ мұғалім ретінде өзінің Жеке және кәсіби қасиеттерін талдап, бағалай алады [2].

Практиканың негізгі мақсаты-бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге қабілетті білікті педагог ретінде кәсіби қызметінің субъектісі ретінде студенттің өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі анықтау үшін жағдай жасау.

Практиканың жалпы міндеті ретінде бітірушілердің біліктілік талаптарына сәйкес негізгі функцияларды орындауға дайындығын қамтамасыз етуді, қалыптасатын ББД шеңберін кеңейтуді, тереңдетуді, бекітуді, практикалық және теориялық оқытудың үздіксіз байланысын қамтамасыз етуді, кәсіби мәдениетке ие болуды атап өтуге болады. Нақты тапсырмалар-оқушылармен білім беру қызметін бақылау және талдау дағдыларын қалыптастыру; оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары мен әдістерін практикада апробациялау; оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие жұмысын жүргізу; жоспарға сәйкес сабақ түрлері мен сыныптан тыс жұмыс түрлерін жүргізу; мектеп құжаттамаларымен жұмыс істеу [3].

Практика жоғары білім беру жүйесіндегі маңызды буын болып табылады және студенттердің бастауыш білім беру саласында қойылған ғылыми-зерттеу міндеттерін шешу тәсілдерін меңгеруіне, өзіндік ғылыми ізденісті жүргізудегі өз әлеуетін тексеруге мүмкіндік береді. Практикадан өту өз жұмысында оқу бағдарламаларының жаңа мазмұнын жобалауға және жүзеге асыруға, заманауи білім беру технологияларын іске асыруға, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын міндеттерді өз бетінше тұжырымдауға және шешуді жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді. Сайып келгенде студенттердің ғылыми-зерттеу, инновациялық ойлауы мен шығармашылық әлеуетінің қалыптасуы, олардың негізгі кәсіби міндеттері туралы нақты түсініктерінің пайда болуы қамтамасыз етіледі. Практикаларды ұйымдастыру барлық кезеңдерде бітірушінің дайындық деңгейіне, оның ішінде ғылыми-зерттеу қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес студенттердің кәсіби қызмет түрлерінің кең спектрін меңгеруінің үздіксіздігін және бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Қазіргі кезде үздіксіз білім беру үдерісінде білім беру технологияларын қолдану ең өзекті мәселеге айналды. Болашақ мамандарды дайындауда – болашақ жас мамандардың өз бетінше жаңаша жұмыс істеу қабілетін, шығармашылығын дамыту арқылы бәсекеге қабілетті маман дайындау алға қойылған мақсаттардың бірі болып табылады. Студенттердің педагогикалық тәжірибені өту барысында, қалыптасқан қағидалар бойынша сабақ бермей, мейлінше жана инновациялық технологияларды пайдалана білуді үйрету қажет. Бұл тек болашақ мамандардың кәсіби сапаларын арттырып қоймай, сонымен қатар оқушылардың да сабаққа деген ынтасын арттыра түседі.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – делінген.

Білім беру технологиялары оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіруге мүмкіндік жасайды. Білім беру технологиясын оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін білім саласы; оқытуға ықпал ететін барлық факторларды есепке алу мен іріктеу негізінде оқытуда мейлінше жоғары жетістікке жету мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған ғылыми білім саласы; білімді меңгерудің барлық аспектілерін қамтитын жоспарлаудың, қамтамасыз етудің, басқару мен бағалаудың кешенді, кіріктірілген үдерісі; қойылған білімдік мақсаттарды табысты іске асырудағы оқыту мен тәрбие үдерісінің әдістері мен құралдарының жиынтығы түрінде тұжырымдау кең тараған.

Педагогикалық тәжірибе – педагог мамандығы жолындағы өте күрделі және маңызды кезең. Өйткені, студенттің ұстанымы белгілі бір екіжақтылықпен сипатталады: ол екі түрдегі қатысушы болып табылады – академиялық (оқу) және кәсіби. Педагогикалық тәжірибе барысында студенттің кәсіби дамуының мәселесі, іс жүзінде аяқталмаған (оқу), басқасымен бірге жүретін (педагогикалық), жүзеге асыруға мақсатты құралдарға ие (мақсат, түрткі, құралр, бақылау, бағалау) іс-әрекет болып табылады. Енді, жоғарыда келтірілген түсініктерді басшылыққа ала отырып, зерттеу жұмысының мақсатына қарай өз анықтамамызды береміз*:* Педагогикалық тәжірибе аясында дамыған студенттердің кәсіби сапалары – болашақ маманның педагогикалық қызметтің барлық салаларына, яғни, пәндік, оқушының оқу іс-әрекетіне және оның әдістемелік қамтамасыз етілуіне жан-жақты бағдарлануы, өзінің тәрбиелік өзара әрекет етуі мен оны ұйымдастыруы, тәжірибенің түрлі түрлері ықпал ететін зерттеушілік жұмыс әдісін меңгеруі [4].

Анықталған өлшемдер негізінде студенттердің кәсіби сапаларының даму деңгейлерін анықтауға болады.

Жоғары деңгейде студент саналы түрде әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыра алады, қарым-қатынаста интеллектуалдығымен ерекшеленеді, қатынасушылармен қарым-қатынаста тепе-теңдікті сақтай біледі, тұлғалардың әлеуметтік қызметінде табыстылықты қамтамасыз ететін тұрақты дамуын болжайды және мотивациялы-тұлғалық, когнитивті-процессуалдық және мінез-құлықтық-жобалық компоненттерді қамтитын, тұлғалық өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін құнды қасиеттерді толық меңгереді.

Орта деңгейде студент берілген үлгіге сәйкес оқытушы жетекшілігімен нақты формада рәсімдейді, мәселені баяндайды, қосымша құралдарды толық пайдалана білмейді; шешімдерді өз бетімен табуға сенімсіз, қатесін табады, бірақ оны түзете алмайды, қарым-қатынас орнатуда білімді мақсат тұтпайды, әлеуметтік құзыреттіліктің кейбір көрсеткіштері жеткілікті деңгейде

ұйымдасқан және әлеуметтік мәнді қызметтің табысқа жетуіне арналған белгілі бір саланың негізін салуға мүмкіншілігі бар, ал басқалары төменгі деңгейде.

Төмен деңгейде – тұлғалық жаңа білімнің әлеуметтік бейімділігіне қажетті қалыптасқан құрамалардың төменгі дәрежесімен сипатталады.

Тәжірибе барысында болашақ педагог педагогикалық қызметтің келесі басым бағыттарын меңгеруі тиіс:студенттерді оқыту, тәрбиелеу және дамыту деңгейін талдау және бағалау; жағдайды және олардың педагогикалық қызметінің құбылыстарын және басқа педагог қызметін талдау;білім беру қызметін жоспарлау, дайындау және өткізу (сабақ); сабақтар мазмұнын жобалау және оқу материалын оқушылар үшін қол жетімді түрде өзгерту;дамушы білім беру ортасын құру; диагностикалық қызметті жүзеге асыру, студенттермен түзету жұмыстары;білім беру қызметінде жаңа технологияларды пайдалану және құру; коммуникативтік, білім беру, ұйымдастыру, гностикалық және сындарлы-жоспарлау функцияларын жүзеге асыру;білім беру қызметінің басқа субъектілерімен интеграциялану нысандары.

Студенттердің педагогикалық практикасы нақты оқу үдерісін белсенді, шынайы түрде меңгеруіне сәйкес болуы керек. Болашақ педагогтың кәсіби дамуы студенттің өз педагогикалық қызметіне жауапкершілікпен қараған кезде маңызды өмірлік тапсырма ретінде түсініледі. Кәсіби жолдың басталуы әртүрлі пропорцияларда: еңбек пен шығармашылық жолдар, жеке және қоғамдық өмір, сыртқы оқиғалар және жеке тұлғаның ішкі әлемі болып табылады, онда өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі тану сияқты қасиеттер қалыптасады.

Сондықтан да, біз төменде келтірілген суретте «Студенттердің кәсіби сапалары құрылымын» келтіреміз.



Сурет 1. Студенттердің кәсіби сапалары құрылымы.

Педагогикалық тәжірибе аясында студенттердің кәсіби сапаларын дамыту мәселесінің зерттелу дәрежесін алғышарттарынқарастырдық деп айта аламыз. Жасаған мазмұндық-үдерістік моделіміздің мақсаты педагогикалық тәжірибе аясында студенттердің кәсіби сапаларын дамыту болып табылады. Мақсатқа қол жеткізу үшін білім беру үдерісінде ұстанымдарды таңдауға, мақсаттылыққа, сенім мен қолдауға сүйенуіміз қажет. Педагогикалық тәжірибе аясында студенттердің кәсіби сапаларын дамытудағы даму ерекшеліктерін

тәжірибелі зерттеу нәтижесіндегі мәнді құрамы: студенттердің ішкі тұлғалық мәселелерін бөліп көрсетуге мүмкіншілік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Хмель Н.Д. Технология реализации целостного педагогического процесса: Программа спецкурса для магистратуры университетов. – Алматы: Қазақ университеті. 2000. – 24 с.

2 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: Учебник для студентов пед. Вузов. – М.: Центр Владос. 2001. – 575 с.

3 Маусымбаев С.С. Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін кәсіби даярлау: теория және практика: Монография. – Алматы, 2007. – 454 б.

4 Козлова Е.Б., Буслаева М.Е. Роль педагогической практики в подготовке студентов непедагогического профиля к педагогической деятельности // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. Т. 34. – С. 146-150.

SRSTI 14.09.95

PROFESSIONAL COMPETENCE OF A TEACHER

L.M. Komekbayeva, Zh.Yu. Kazibayeva
Miras University, Shymkent

In this article we wrote about how to provide students in Kazakhstan with quality education, improve the indicators of education in international rankings and raise the attractiveness of the Kazakh education system, first of all, the first priority, the first achievement . Much attention is paid to the strengthening of support and incentives.

Key words: higher education; foreign language; training; software; professional competence of teachers; professional activity; uninterrupted education; self-reflection; professional intercultural competence; students in the field of international relations.

In order to provide students in Kazakhstan with quality education, improve the performance of education in international rankings and increase the attractiveness of the Kazakh education system, first of all, to raise the status of teachers, to ensure their career growth, training and professional development throughout their careers. Much attention is paid to increasing support and incentives. In this regard, the current reforms and constructive policies, changes and innovations in the education system of the country will be the basis for every teacher to think about the past and present, the future and the future, to work with new ideas, new systems. Thus, the quality and conscious transfer of knowledge depends on the level of teachers and intellectuals in the education system. In the traditional education system, the main goal of vocational schools is to provide a results-oriented education system based on human competence to train a competitive person, entering the global educational space. one.

In general, the scientist K. Kudaibergenova commented on the concept of «competence»: «The concept of competence is a concept that has been introduced in recent years in the field of pedagogy as a result of special attention to the subjective experience of the individual. The Latin translation of competence means «competence», which means «a competent expert in a particular field, able to make authoritative decisions on certain issues».

It is true that the main person in education is a teacher. Raising the status and prestige of that teacher is a multifaceted process. This is part of a new program for the development of education [1, 17].

According to modern requirements, a teacher must be a spiritually developed, creative person who knows the ins and outs of pedagogical technology.

«What is the professional competence of a teacher?» Before answering the question, let's explain the meaning of the term professional competence.

An integral part of a teacher's pedagogical skills and professionalism is his professional competence. The concept of competence describes a person's readiness to perform a task. It is now widely used in the theory and practice of general and vocational education.

AK Makarova identifies several types of professional competencies, and considers their presence as an indicator of professional maturity:

– Special competence;
– Social competence;
– Personal competence;
– Individual competence.

The specifics of pedagogical activity do not allow to be competent only in one narrow specialty, the professionalism of the teacher is determined by the integrity of all types of professional competence. There are several ways to determine the structure of professional competence. One of them is related to the disclosure of the structure of the teacher's professional competence through the system of pedagogical skills, the other is determined by the structure of the division of the teacher's competence in different professional areas, which are: self-education and teaching; educational activities; scientific-methodical and cultural-educational; correctional and developmental services; managerial activity.

Regardless of the type of teacher's activity, competence in each of them consists of two main components:

1. The system of knowledge that determines the theoretical training of teachers.
2. The system of skills and abilities that are a key component of his readiness to perform his professional duties in practice [3].

The main force that raises the status of a teacher is his professional competence. Professional competence is a set of professional knowledge and skills or personal-professional characteristics that determine the readiness and ability of a specialist to perform their professional and pedagogical activities in accordance with accepted standards and norms of society.

Professional competence is the ability of a teacher to perform pedagogical activities at a very high level, to ensure a high level of education and upbringing of students as a result of pedagogical communication. As teachers ensure the quality of education, first of all, they must provide quality services. Professional competence is a unit of theoretical and practical readiness and ability of an individual to perform professional activities. And the professional competence of the teacher depends on the mastery of all theories and practices of the teacher in the organization of the educational process, related to their specialty, the formation of personality, the unity of abilities aimed at working with students. It is easy to see that the concept of professional competence includes all the qualities and abilities that should be inherent in the teacher.

That is, the knowledge and skills of the teacher, the system of knowledge related to their profession, work skills, culture, psychological qualities,

communication style, pedagogical tact, ethics, etc. [2. 76 p.]. Due to the professional competence of teachers, researchers O.A. Abdulina, Yu.K. Babansky, V.V. Kraevsky, R.V. Ovcharova, I.F. Kharlamovs, on the other hand, studied the culture of the teacher. It is closely connected with the names of such scientists as Gershuksky, Sh. Taubayeva. Analyzing the definitions of professional competence in the works of these scientists, we recognize the professional competence of the teacher as follows. They are: subjective, objective, subject components found in the teacher. If we consider each of these components separately, then:

– The subjective component includes: the ability of the teacher to set goals, creativity and self-diagnosis in the process of self-development, the ability to critically discover themselves, analyzing their work;

– The target component: the system of professional activity and strategic business acumen in solving the tasks of the teacher.

– Subject component: meeting the needs in order to improve their knowledge.

If we say that the professional competence of a teacher consists only of the above components, then we would narrow the meaning of the concept of professional competence of a specialist. In our opinion, the composition of a teacher's professional competence should include the following professional, individual, qualities characteristic of a teacher:

– high level of basic and integrated knowledge;

– mastery of combined business, skills, abilities;

– a new approach to professional and pedagogical qualities;

– mastery of innovative technologies;

– professional, creative skills in solving pedagogical problems;

– creative skills.

We would describe the professional competence of a teacher as follows:

– the presence of a high level of fundamental and integrated knowledge, pedagogy, theory and methods of education, didactics, methods of conducting all disciplines, in-depth mastery of knowledge imparted to students through those disciplines;

– mastery of combined business, skills, abilities – didactic, cognitive, communicative, research, creative, the ability to develop their knowledge, the ability to combine theory and practice, diagnostic activities. Engaging in research activities;

– A new approach to professional and pedagogical qualities – to avoid the old principle of «the teacher is always right», the teacher should be not only a disseminator of information, but also a key helper in the formation of the student's personality, respect for the student, regardless of level of development, authoritarian The role of power should be dominated by mutual services, assistance, and a happy knowledge of the student's success, albeit a small one. Trying to get to know each of the students, love their profession;

– mastery of innovative technologies – the teacher must master the existing innovative technologies for the effective organization of the whole pedagogical process through his creative activity. Contribute to the implementation of new innovative technologies in scientific research and practice;

– professional, creative skills in solving pedagogical problems;

– to master the system of knowledge for students, using their knowledge and skills, demonstrating mastery in solving pedagogical problems. Diagnostic activity of the teacher in the examination of students' knowledge;

– Creativity – it is known that a teacher not only teaches students, but also educates them, there are some difficult situations in the college, in which case he must show his creative thinking and skills. In addition, students should be able to make interesting plans for students, parents, teachers to be satisfied with their work, without using ready-made plans in the organization of various cultural events with the group.

From the above competencies, each teacher can analyze their work and recognize the advantages and disadvantages of their work. He can be self-critical, correct any shortcomings and share them with his colleagues, which is very beneficial for every specialist [5].

The competence of the teacher is directly related to the effectiveness of the lesson. For the lesson to be effective, teachers should consider the following rules:

– be very compact, have clear goals for students and be able to consistently follow the path to achieve the goal;

– not to demean students, not to scold them, not to be offended by their ignorance, to be kind. If most of the group doesn't understand, look for your flaws;

– Do not interrupt students, allow them to speak until the end, if the student's answer is incorrect, the question is not clear;

– Tasks and instructions must be clear, the student must clearly understand the requirements of the teacher;

– Stabilize students' attention during the lesson, if there are deviations, change the topic or use additional materials, monitor the motivation and interests of students;

– There is little need to start the lesson on time, to save time, to give educational advice for a long time;

– The requirements for students must be met;

– The pace of the lesson is intensive, but it is necessary to create conditions for students to fully master the learning materials;

– It is necessary to approve, encourage and say goodbye to students.

Prerequisites for success in the teaching profession by improving their professional competence: appearance; providing subjects with extracurricular information; behavior, reasoning, ability to maintain a culture of communication in the learning process; be able to pay attention to humor; be able to approve and support the achievements of students; patience and endurance; be able to respect the opinion of others; freedom, flexibility; – be able to effectively use the methods to solve any situation in an optimal way; ability to act in accordance with the interests of students [5, p. 116].

If the teacher correctly uses the above conditions and opportunities for self-improvement, then the teacher will undoubtedly become a true master of his work. In accordance with modern society, the professional competence of a teacher would be appropriate for the formation of an individual. The organization of the relationship

between teacher and student in determining the pedagogical and psychological problems of managing the learning process requires a teacher's theoretical knowledge. Professional pedagogical functions of a teacher: constructive, organizational, communicative, developmental, informational, research. Today, a serious breakthrough is being made in the field of education of the country, aimed at solving important tasks for the training of competitive professionals. The professional potential of a teacher depends on his readiness for self-development. In order to approach this issue from a socio-pedagogical point of view, it is necessary to make sure that the teacher is ready to fulfill the tasks set for him as a subject. Of course, his professional growth has a lot to do with his personality. Therefore, there is an opportunity to recognize their needs in the components of personality development, business and methodological improvement, supplementation of professional and subject knowledge. «Feeling your needs» here is the basis of professional activity. After all, he wanted to know how to develop his social potential.

Due to the growing demands on the quality of work, it needs skilled professionals who know their job well» [4]. The competence of a professionally educated specialist is a complex system of qualities and internal mental conditions of the specialist as an individual, the realization of his professional activities and abilities.

In short, a competent professional in education knows his subject well, is able to create conditions for creativity and talent of the student, has a high personal orientation, pedagogical skills and ability to systematically perform their actions, fully masters new teaching technologies, native, a professional teacher who can creatively use foreign experience.

References

1 Teacher's Journal, 2013. №5.

2 Karimov A.N. Basics of pedagogical activity and pedagogical skills: textbook. – Almaty: Kazakh University, 2010.

3 Almukhanova H.T., Beisebayeva P.S. Competence is the main quality of professional training.

4 Taubaeva Sh. Activities of pedagogical professional interest. 2001.

5 The state program of development of education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020.

ҒТАМР 14.25.01

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Э.Б. Тлеуберлинова
PhD-докторант, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.
А.О. Мухаметжанова
Қауымд. профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу мәселесі қарастырылады. Ұлттық құндылық тәрбиесінің саласы мол және мазмұны бай. Тұлғаның рухани және жан-жақты дамуының қайнар көзі білім мен ғылымды, тәрбиені қоғам талабына сай дамыта отырып, жас ұрпақ бойында имандылық, адамгершілік қасиеттерді, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі бағыттары және мүмкіндіктері қарастырылады.

Түйін сөздер: ұлт, ұлттық құндылық, құндылық, тәрбие.

«Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін. Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев [1].

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты жан-жақты әлемдік білім кеңестігінен орын алу болып табылады. Бүгінгі жас ұрпақ – егемен еліміздің болашағы, халық тағдырын жетелейтін азамат. Ал сол ұрпаққа әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру ғаламдық мәні бар мәселеге айналып отыр. Ғаламдану үрдісінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрін сақтау жолындағы күрес ұлттың сананы сақтау күресі екенін түсіну, яғни, ұлттық сана – сезімімен мінез құлқының ана тілінде, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт – дәстүрді меңгеруі негізінде қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу міндетін айтамыз. Бүгінгі оқушы – Егеменді еліміздің ертеңгі ұрпағы. Ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті саналы ұлттың ойлау қабілетімен білімі болуы керек.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мектептер ашылып, ондағы оқыту, тәрбиелеу бағдарламасына өзгерістер енгені бәрімізге белгілі. Сондықтан да халықтық педагогиканы сабақта, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолданып, оны оқушылардың бойына сіңіру – біздің басты міндетіміз. Ол үшін ұлттық білім беру жүйесінде негізгі мына екі бағытты ұстанғанымыз жөн:

1. Ұлттық педагогиканың негізінде оқушыларға білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру.

2. Халықтық тәрбиенің ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық сана – сезім тұрғысынан жастарды тәрбиелеу.

Ұлттық білім берудің өзі – ұлттық қауіпсіздік пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ал ұлттық білім берудің құндылығы толығымен әлеуметтік дамумен, оның түбегейлі өзгеруімен анықталған. Оны пайдалану жүйелері төмендегідей болуы тиіс. Ұлттық мектепте ғана ұлттық білім жүйесі жүзеге асырылады. Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы ұлттық дүниетанымды, ал ұлттық дүниетаным – ұлттық болмыс көрінісінің жүйесі. Оқушыларға қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет – ғұрып пен салт – дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой – өрісінің жан – жақты болуына үлес қосуымыз керек.

Тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы – әлеуметтену процесінде жүзеге асырылатын тұлғаның құндылық-семантикалық саласының дәйекті кеңеюі мен нығаюы, адамның бағалау және саналы түрде құру қабілетін, дәстүрлі моральдық нормалар мен құндылықтар негізінде қалыптастыру, адамгершілік мұраттары, өзіне, басқа адамдарға, қоғамға, мемлекетке, Отанға, жалпы әлемге деген көзқарасы [2].

«Базалық ұлттық құндылықтар» терминінің негізі «құндылық» және «ұлт» ұғымдары болып табылады.

Құндылық дегеніміз – сыртқы жағынан құбылыстың немесе объектінің қасиеті ретінде әрекет ететін нәрсенің маңыздылығы, пайдалылығы.

Ұлт – ортақ саяси, тарихи-мәдени және рухани-құндылық сипаттамалары мен ортақ сана-сезім негізінде өмір сүретін мемлекеттік-аумақтық және саяси-құқықтық қауымдастық [3].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттігін білуге болады» – деп сипаттаған [4].

Философиялық сөздікте: «құндылық» – бұл танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» – деген анықтама беріледі [5].

Мектептердегі мұғалімдер көбінесе өз жұмысына басқа әлеуметтік субъектілерді – тәрбиеге қатысушыларды қоспайды. Себебі, рухани-адамгершілік даму кеңістігі толық жұмыс істемейді, бұл бастауыш мектеп жасындағы балаларда негізгі ұлттық құндылықтардың қалыптасуының жеткіліксіз деңгейінде көрінеді.

Оқушы бойына рухани-азаматтық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесі мен балабақшадан бастау алатыны бәрімізге мәлім. Оқушы отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата тегін білуді таныту – ата-ана парызы. Халқына құрмет, тарихи дәстүрлерге адалдық, сондай-ақ туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сияқты перзенттік борыш тұлға бойына сәби шағында дарыса, бұл қасиеттер өсе келе, әрі қарай дамып, қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады. Халық педагогикасының негізгі қағидалары және оның ғылыми педагогикамен байланысына тоқтала келе, «Сегіз қырлы, бір сырлы» толық адам тәрбиелеу қағидаларын төмендегідей жүйелейді:

– Ақылды, арлы, намысшыл азамат болуын қарастыру;

– Еңбексүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеу;

– Тән сұлулығын қарастыру, әсемділікке баулу;

– Адамгершілік қасиеттерге (ізгілікке, имандылыққа) баулу;

– Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, бүкіл адам баласын сүюге тәрбиелеу;

– «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Өнер – өрге сүйрелейді» деп қарап, өнер мен білімді насихаттау;

– Табиғат пен қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу;

– Дене шынықтыруға тәрбиелеу.

Бастауыш мектеп оқушыларының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру жұмыстарына балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, олардың қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес лайықтыларын ғана пайдаланып, оларды тиімді қолдана білген жөн. Қазіргі таңда бұл талаптарды жүзеге асырудың мынадай мүмкіндіктері бар:

1. Тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру бойынша адамгершілік құндылықтарды кез келген пәнді оқытудың мазмұнына кіріктіру;

2. Сыныптан тыс сабақтарды баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру;

3. Жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасын еңгізу.

Бастауыш сынып оқушысы тұлғасын қалыптастыруда халық педагогикасы материалдарымен таныстыру, оларды тыңдағанын қайта әңгімелеп беруге, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды мәнерлеп айтуға үйрету мен сөздік қорларын байыту, сөздік шығармашылықтың бастапқы формаларын дамыту мен адами ізгілік қасиеттерді, психикалық процестерді жетілдіру жөніндегі жұмыс төмендегі жеке тұлғаның қалыптасу мүмкіндіктерін шешуге көмектеседі.

Мектеп табалдырығын бүлдіршін аттағаннан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап,тәрбие сағаттарында, оқыту үрдісінде қазақ зиялы қауымның еңбектерінің, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы олардың бойына адами құндылықтарды қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттың салт сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырым-тыйымдар, жөн-жорағылар, діни ұғымдар, сенімдер, перзеттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтың міндеті арқылы ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, ұлттық қасиеттерге айналады.

Бастауыш сыныпта ұлттық құндылықты қалыптастыру ана тілі, математика, бейнелеу өнері сабақтарында жүзеге асырылады. Рухани – адамгершілік құндылықтардың маңызын айқындау көбінесе ана тілі сабағында жүзеге асырылып жатады. Мысалы: С. Мәуленовтің «Мен елімді сүйемін» шығармасын талдап көрейік. Сабақты бастамас бұрын туған жер туралы түсіндіріледі. Өздерінің туған жерін сұрай отырып, туған жерге деген сағынышын қалай жеткізетінін тыңдау керек. Бұл жерде мұғалімнің асқан шеберлігі, жауапкершілігі қажет. Біріншіден, мұғалімнің өзі туған жерді сағынып тұрған күй кешпей,оқушыға туған жердің қадір қасиетін жеткізе алмайды. Сөйтіп, олардың туған жерлері туралы жан – жақты ойлануына мүмкіндік бере алмайды. Екіншіден, бастауыш сынып оқушыларының әлі туған жерден алысқа шығып көрмеген, оның сағынатындай күй кешпеген жағдайларыда бар екенін ескеру қажет. Ол үшін мұғалім сол жердің оқушы көңілін аудармай жүрген сұлу табиғаты, жері, суы, жан– жануарлар туралы тамсандыра әңгімелеп берсе тіптен жақсы. Оқушылармен шығарманы таңдағанда мынадай сұрақтар беріледі:

1. Туған жер адамды несімен тартады?
2. Туған жерге деген сағыныш қалай пайда болады?
3. Туған жерсіз адамның күні жоқ дегенді қалай түсінуге болады?

Бастауыш сынып оқушыларының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру жолдары: қорытындылай келгенде, М. Дулатов «... жалғыз құрғақ білім үйрену емес, біліммен бірге ұлттық тәрбиені қоса беру, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіріп, ана тілін үйретіп шығару. Мұндай балалар мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, қайда болсады, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады « деген. Қазіргі тәрбие жұмысына қойылатын басты талап дені сау, ұлттық сана– сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, іскер т.б. игі нәтижелері қалыптасқан адамды тәрбиелеу [6].

Сондықтан да, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру арқылы толыққанды жетілген адамзат тәрбиелеуге болады. Ұлттық құндылық қасиет пен білім беруде адам дамуының рухани үйлесімділігін түйсінуді қамтамасыз етеді. Елбасы өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деп атап көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру арқылы толыққанды жетілген адамзат тәрбиелеуге болады. Сонымен келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру өзегі ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік өсиетін қалыптастыруда жатыр деп түсінеміз. Жас ұрпақты ұлтыққа құндылыққа тәрбиелеу қай елдің, қай кезеңнің болмасын маңызды мәселесі болып келгеніне көз жеткізуге болады. Олай болса, оқушыларға халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін, дәстүрін, терең таныстырып, ойшылдарымыздың ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінің тірегіне айналдыру, яғни, рухани-азаматтық тәрбиенің жаңарған жүйесін жасау-бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-2022-zhyldy-balalar-zhyly-dep-zhariyalau-kerek_a3880690.

2 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында мектепте, сыныпта тәрбие жұмысын жоспарлау, 2019.

3 Данилюк А.Я. Концепция духовно-нравственного развития и воспитания личности гражданина России. – М.: Просвещение, 2009. – 29 с.

4 Педагогикалық сөздік. – Алматы, 1997.

5 Философиялық сөздік. Бас ред. Нұрғалиев Р.Н. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.

6 Ұлттық тәрбие №1, 2011.

ҒТАМР 14.25.01

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТІЛІГІН «ШЕТЕЛ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАЗМҰНЫ

А.К. Атаханова
Магистрант, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы қ.
С.А. Узакбаева
П.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы қ.

Бұл мақала шетел тілін оқыту барысында пәнаралық оқыту негізінде оқушылардың мәдениаралық-коммуникативтік біліктілік қалыптастыру мен дамытуға арналған.

Түйін сөздер: мәдениаралық, шетел тілі, құзіреттілік, коммуникативті біліктілік, бағдарлама, мәдениет.

Қазіргі уақытта, халықаралық байланыстардың кеңеюі жағдайында, әртүрлі салаларда қазіргі заманғы адамның мәдениаралық-коммуникативті біліктілігін деңгейін арттыруды көздейтін өмір салты мен моральдық құндылықтар жүйесінің ерекшеліктерін тереңірек түсіну қажет. Бұл жалпы білім беру нәтижелері нақты пәндерді білумен ғана емес, сонымен қатар құзыреттілік сипатымен де көрсетілген жағдайда ғана мүмкін болады.

Коммуникативті біліктілігін қалыптастыру құралдарының бірі жалпы білім беру жүйесінде шет тілін оқыту болып табылады. Шетел тілі-гуманистік дүниетаным мен мәдениеаралық өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін пән.

Жоғары сынып оқушылары үшін шетел тілі ғылыми-техникалық прогреске, әртүрлі халықтардың мәдениаралық жетістіктеріне, танымдық мүдделерін қанағаттандыру құралына сенімді құрал болуы керек. Сондықтан, жоғары сыныптарда оқушылардың болашақ мамандығына бағытталған елтану, жалпы гуманитарлық немесе техникалық материалдың есебінен тақырыптың кеңеюі мен тереңдеуі табиғи түрде жүреді.

Мектеп қоғамдағы негізгі білім өзегі болғандықтан, ол тиімді қарым-қатынасқа қабілетті түлектерді дайындауы керек, яғни мүлдем жаңа әлеуметтік дағдыларды игеруі керек: адамдардың әртүрлі санаттарымен сөйлесе білу, командада жұмыс істей білу, басқаларды танымдық іс-әрекетке ынталандыру.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты шетел тілін үйренуге нақты коммуникативтік біліктілігін бағдармен негізделген қарым-қатынас құру міндеті күшейтіледі. Оқытудың коммуникативті бағыты соңғы онжылдықтарда педагогикалық және әдістемелік ғылымдардың басты назарында болды.

Мектеп бағдарламасының барлық дерлік пәндері оқушылардың мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруға, оны тиісті мазмұнмен толтыруға белгілі бір үлес қосады. Бұл процесте «шетел тілі» пәні маңызды рөл атқарады, өйткені бұл пәнді оқытудың негізгі мақсаты болып табылатын мәдениеаралық коммуникативтік біліктілікті қалыптастыру. Бұл шетел тілін барлық басқа мектеп пәндерінен ажырататын бірқатар сипаттамалармен анықталады.

Біріншіден, шетел тілі өз халқының мәдениетінің маңызды элементі-тасымалдаушысы және оны басқа халықтарға беру құралы бола отырып, оқушыға әлемнің тұтас бейнесін жасауға мүмкіндік береді, бұл кейіннен оқушылардың қайталама тілдік тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыруға және үнемі өзгеріп отыратын көп мәдениетті, көп тілді әлемнің жағдайларына әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Екіншіден, «шетел тілі» пәні пәнаралық сипатқа ие, бұл шетел тіліндегі сөйлеу мазмұны әр түрлі пәндердің мәліметтері болуы мүмкін: тарих, география, әдебиет және т.б.

Үшіншіден, шетел тілі көп функциялы, өйткені ол тек оқу пәндерінің бірі ретінде ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас құралы және әртүрлі білім салаларынан ақпарат алу (шетел тілін тереңдетіп оқытатын мектептер мен гимназияларға арналған шет тілдері бағдарламасы) ретінде қолданылады.

Егер шетел тілі оқу пәні ретінде басқа пәндермен өзара әрекеттесіп, олармен жалпы – пәнаралық-дидактикалық кеңістікті құрайтын болса, мәдениаралық-коммуникативті біліктілігін қалыптасуы едәуір артады. Лингвомәдени мазмұн тұрғысынан ең құндысы, біздің ойымызша, «шетел тілі, тарихы, географиясы» пәнаралық блогы болып табылады.

Өкінішке орай, пәнаралық оқытуды тек жеке білікті ұстаздар жүзеге асырады, бірақ негізінен әр түрлі мектеп пәндерінің оқытушылары бір-бірінен бөлек дидактикалық тұрғыдан жұмыс істейді. Мұның салдары – оқушылардың әлемнің жаһандық бейнесін тұтас қабылдауының бұзылуы және олардың көп мәдениетті қоғамдастықтың әлеуметтік жағдайларына бейімделуінің төмендеуі.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, осы мақаланың өзектілігі мектептегі шетел тілін пәнаралық оқыту жағдайында оқушылардың мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыру процесін оңтайландыру қажеттілігімен және оқытудың осы түрінің теориялық және іс жүзінде дамыған әдістемесінің болмауымен байланысты деп қорытынды жасауға болады.

Шетел тілін мәдениаралық қарым-қатынас құралы ретінде оқытуда төзімділікті қалыптастыра оқыту нақты қарым-қатынасқа жақын болған кезде ғана мүмкін болады. Оқушыларға сыпайылықты, сөйлеу этикетінің дағдыларын, саяси дұрыстық пен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырумен

байланысты толерантты коммуникативті мінез-құлықты үйрету қажет. Бір лингвистикалық мәдениетте өскен адам басқа адамдардың мәдениетінің ерекшеліктерін түсініп, оларға шыдамдылық танытуы үшін оқу процесі коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге де бағытталуы керек, сонымен қатар, ол оқушыларды оқытылатын тіл елінің мәдени құбылыстарына баулуға ықпал етті. Сонымен қатар, елдің мәдени ерекшеліктерін және зерттелетін тілдің сипаттауымен қатар, үнемі өзгеріп отыратын жаһандық әлемнің мәселелерін: нәсілшілдік, дискриминация, этноцентризм, ұлттық проблемалар және оларды шешу жолдарын талқылаған жөн.

Жоғары сынып оқушыларының шетел тілін оқытуда әлеуметтік-мәдени толеранттылық пен эмпатияны қалыптастыруда нәтижелілікті қамтамасыз ету үшін келесі бағыттар бойынша жұмыс істеуге болады деп ойлаймыз:

а) әлеуметтік-мәдени және мәдениаралық тақырыптарды көрсететін түпнұсқа мәтіндермен жұмысты ұйымдастыру;

б) мәдениаралық сипаттағы арнайы сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру (мерекелер мен атаулы күндерге, салт-дәстүрлерге арналған іс-шаралар);

в) әлеуметтік-мәдени және мәдениаралық, көрсетілген мәселелерді көрсететін.

Бұл шаралар мәдениаралық толеранттылық пен эмпатияға ғана емес, сонымен қатар басқа да қасиеттер кешеніне әсер етуі мүмкін. Сонымен, мәтінмен жұмыс істеу оқытылатын тіл елінің әртүрлі әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін көруге, әртүрлі мәселелерді түсінуге және «өмір сүруге», басты кейіпкерлердің коммуникативті мінез-құлқының көрінісін көруге мүмкіндік береді. Сыныптан тыс жұмыстар мен арнайы сабақтар жаһандық сипатқа ие және бүкіл сабақты мәдениаралық тақырыпқа арнауға мүмкіндік береді. Үшінші педагогикалық жағдайды іс жүзінде жүзеге асыру оның студенттердің мәдениаралық коммуникативті біліктілігінің жеке компонентіне әсерін көрсетеді. Анықталған педагогикалық жағдайлардың кешені оқушылардың мәдениаралық коммуникативті біліктілігінің құрылымдық компоненттеріне әсер ете алады. Айта кетсек, осы жағдайлардың тиімділігін қамтамасыз ету үшін оқыту барысында практикалық құралдарды үнемі жетілдіріп отыру керек, әр нақты жағдайды жүзеге асыру үшін қажетті әдістерді, лингводидактикалық құралдар мен ұйымдастырушылық нысандарды кеңейту қажет [6].

Адамның коммуникативтік қабілеті келесі біліктіліктерге негізделеді: сөздік (түсіну, сөйлеу, жазу); тілдік (фонетика, графика, орфография, лексика, грамматиканы білу); дискурсивті (барабар тілдік модель-үлгілерді қолдана отырып, жеке сөйлеу функцияларын іске асыру шарттарымен байланысты коммуникативтік дағдылар); әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-лингвистикалық (білім, қарым-қатынас пен танымда шет тілдік әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-лингвистикалық шындықтарды пайдалана білу); стратегиялық (оқушылардың өз бетінше оқу және өзін-өзі жетілдіру қабілетін

дамыту, қарым-қатынас жасау, тыңдау, басқаларды түсіну, барабар бағалау және өзін-өзі бағалау).

Басқа авторлар бұл тұжырымдамаға мәдени нормаларға байланысты қарым-қатынас этикетінің ережелерін де енгізді.

Л.Ф. Бахман мұнда тілдік, дискурсивті, сөйлеу, прагматикалық (практикалық), әлеуметтік-лингвистикалық, стратегиялық және ойлау біліктілігін атады.

М.Р. Львов коммуникативтік біліктілікті адамның әлеуметтік, кәсіби, мәдени қажеттіліктері шегінде тілді (шетел тілін), оның фонетикасын, лексикасын, грамматикасын, стилистикасын, сөйлеу мәдениетін білуді, тілдің осы құралдарын – сөйлеу, тыңдау, оқу, жазуды меңгеруді білдіретін термин ретінде анықтайды. Коммуникативті біліктілік – бұл адамның коммуникативті қабілетінің маңызды сипаттамаларының бірі, ол сол тілде сөйлеу әрекеті нәтижесінде және арнайы оқыту нәтижесінде пайда болады. Біз коммуникативті біліктілікті сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріндегі өзара байланысты дағдылардың жиынтығы ретінде анықтаймыз: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу, әртүрлі коммуникативті жағдайларда белгілі бір коммуникативті мәселелерді шешу үшін тілдік құралдарды дұрыс пайдалану [4].

Шетел тілі сабағында коммуникативті тапсырмалар оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас процесінде немесе мұғаліммен диалогта шешіледі. Мұғалім коммуникативті мәселелерді шешуде қарым-қатынас құралдарын (стиль, ым-ишара, бет-әлпет және т.б.), қарым-қатынас тәсілдерін (жазбаша, ауызша) дұрыс таңдауы керек, оқушылардың белгілі бір мәселеге деген қызығушылығын ескеруі керек, яғни, оқушылардың шетел тілін қабылдауының қолайлы атмосферасын құру, бұл өз кезегінде оқушылардың коммуникативтік біліктілігінің деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Мысалы, шетел тілі сабағында тыңдау кезінде бірден бірнеше коммуникативті тапсырмалар шешіледі. Оқушылар үшін коммуникативті тапсырмалар бұл жағдайда «есте сақтау», «түсіну», яғни, олар хабарлама мәтінін түсініп, есте сақтауы керек [8].

Тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасына сәйкес оқытудың барлық кезеңдеріне арналған шетел тілі стандартының компоненті шетел тілдерін оқытуға жеке тұлғаға бағытталған, белсенді, коммуникативті-танымдық және әлеуметтік-мәдени көзқарастарды жан-жақты жүзеге асыру.

Негізгі оқыту мектептерінде оқуды аяқтау үшін жалпыеуропалық бағаларға дейінгі деңгейге (A2), ал жоғары сыныптарда базалық деңгейде – жалпыеуропалық шекті деңгейге (B1) шетел тілі бойынша даярлыққа қол жеткізу, ал бейіндік деңгейде – шекті ілгері деңгейге (B2) жақындау жоспарланады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Коротких Ю.Ю. Межкультурная компетенция старшеклассников как результат соизучения родной и иноязычной культур // Вестник Новгородского государственного университета им. Ярослава Мудрого. 2008. №48. – С. 25-28.

2 Халупо О.И. Межкультурная компетенция в ситуации глобализации. Филологические науки. Вопросы теории и практики. №5. 2012. – С. 192-193.

3 Омарова Д.А. Компетентностный подход в обучении иностранным языкам / Наука в России: перспективные исследования и разработки. III-я Всероссийская научно-практическая конференция. – Новосибирск, 2018.

4 Ионеску Л.В. Межкультурная коммуникативная компетенция старших школьников: понятие, модель формирования. Академический журнал Западной Сибири. – №1 (50). 2014. – С. 93-95.

5 https://www.dissercat.com/content/formirovanie-kommunikativnoi-kompetentsii-starsheklassnikov-v-protsesse-obucheniya-inostrann.

6 Bayram M., Esarte-Sarries V. Investigating Cultural Studies in Foreign Lan/Современные культуроведческие подходы к обучению. Вестник ВГУ: Серия лингвистика и межкультурная коммуникация, – №2.

7 Omarova J.A. Case-method in teaching a foreign language as a mean of forming the communicative skills of the pupils / European Applied Sciences: modern approaches in scientific researches. Materials of the 5th International scientific conference. August 2627. Stuttgart, Germany,2013. – P. 40-42.

8 https://e-koncept.ru/2017/970472.htm.

SRSTI 14.37.27

THE IMPROVEMENT OF TEACHERS' PROFESSIONAL COMPETENCY

Yu. Mamadaliyeva
Senior Lecturer, Miras University, Shymkent
Z. Abdujabbarova
Master student, Miras University, Shymkent
Sh. Nabiyeva
Master student, Miras University, Shymkent

The quality of teaching staff is the most important component of the educational system because the implementation of all other components directly depends on the human resources that a particular educational system is provided with. This article is devoted to the modern problems of a teacher, such as new professional and personal qualities, describes the basic concepts of professional competence of a teacher, the stages of formation of professional competence, subject, psychological, pedagogical and methodological competence of a teacher.

Key words: competence, professionalism, methodological competence, professional competence, subject competence, psychological and pedagogical competence.

The concept of modernization of education in Kazakhstan aimed at improving the quality of education in general and the quality of training specialists in particular, requires updating the content and methods of educational activities, professional development of teachers. The teacher is the main figure in the process of implementation innovations in practice. The teacher must have the necessary level of professional competence and professionalism for successful introduction of various innovations into practice and implementation of the tasks assigned in the new conditions.

Let's start with the disclosure of the contents of the basic concepts.

Professionalism is understood as a special property of people to systematically, efficiently and reliably perform complex activities in a wide variety of conditions. The concept of «professionalism» reflects such degree as a mastery of a person's psychological structure of professional activity, which corresponds to the standards and objective requirements existing in society. To acquire professionalism, you need the appropriate abilities, desire and character, willingness to constantly learn and

improve your skills. The concept of professionalism is not limited to the characteristics of highly skilled labor; it is also a special worldview of a person.

A necessary component of a person's professionalism is professional competence. Questions of professional competence are considered in the works of both local and foreign scientists. Modern approaches and interpretations of professional competence are very different. The definitions of professional competence existing today in foreign literature as «in-depth knowledge», «the state of adequate task performance», «the ability to perform actual activities».

The problem of professional competence is actively studied by local scientists. Most often, this concept is used intuitively to express a high level of qualification and professionalism. Professional competence is considered as a characteristic of the quality of specialist training, the potential of labor efficiency. In pedagogy, this category is considered either as a derivative component of «general cultural competence», or as «the level of education of a specialist». If we try to determine the place of competence in the system of professional skill levels, it is laid between performance and perfection.

Professional competence of a teacher is a multifactorial phenomenon that includes a system of theoretical knowledge of a teacher and ways of applying them in specific pedagogical situations, value orientations of a teacher, as well as integrative indicators of his\her culture (speech, communication style, attitude to him\herself and his\her activities, related to the fields of knowledge, etc.).

Professional competence is as a set of professional and personal qualities which are necessary for successful pedagogical activity. Professionally competent can be called a teacher who carries out pedagogical activities, pedagogical communication at a sufficiently high level, achieves consistently high results in development and education.

In accordance with the definition of the concept of «professional competence», the assessment of the level of professional competence of teaching staff is proposed to be carried out using three criteria:

1. Mastering of modern pedagogical technologies and their application in professional activity.

2. Willingness to solve professional subject tasks.

3. The ability to control your activities in accordance with the accepted rules and regulations.

As one of the most important components of professional competence is the ability to independently acquire new knowledge and skills, as well as use them in practice. Today, society is experiencing the most profound and rapid changes in its entire history. The old lifestyle, when one education was enough for a lifetime, is being replaced by a new standard of living: «Education for all, education through life».

The teacher of the 21st century is:

– A harmoniously developed, internally rich personality striving for spiritual, professional, general cultural and physical perfection;

– Able to select the most effective methods, means and technologies of training and education for the implementation of the tasks;

– Able to organize reflexive activity.

Professional competence is the teachers' ability to solve professional problems, tasks in the conditions of professional activity.

Professional competence is the sum of knowledge and skills that determines the effectiveness and efficiency of the work, and a combination of personal and professional qualities.

Along with the concept of professional competence, there is such a concept as the development of professional competence.

The development of professional competence is a dynamic process of assimilation and modernization of professional experience, leading to the development of individual professional qualities, the accumulation of professional experience, involving continuous development and self-improvement. It is possible to distinguish the stages of the formation of professional competence:

1. Self-analysis and self-awareness of the need;
2. Self-development planning (goals, objectives, solutions);
3. Self-expression, analysis, self-correction.

The formation of professional competence is a cyclical process, because in the process of pedagogical activity it is necessary to constantly improve professionalism, and each time the listed stages are repeated, but in a new quality.

The main components of a teacher's professional competence include:

Intellectual and pedagogical competence – the ability to apply the acquired knowledge, experience in professional activity for effective, innovative training and education.

Communicative competence is a significant professional quality, including speech skills, listening skills, extroversion, empathy.

Informative competence is the amount of information of teacher about him\herself, students, parents, and colleagues.

Regulatory competence is the teachers' ability to manage behavior, to control emotions, the ability to reflect and stress resistance.

Professional competence is commonly understood as an integral characteristic of business and personal qualities, reflecting the level of knowledge, skills and experience sufficient to carry out a certain type of activity that is related to decision-making. The main components of a teacher's professional competence are:

– socio-legal competence – knowledge and skills in the field of interaction with public institutions and people, as well as knowledge of methods of professional communication and behavior;

– personal competence – the ability of continuous professional growth and professional development, and self-realization in professional work;

– special competence – readiness to independently perform specific activities, the ability to solve typical professional tasks and evaluate the results of their work, the ability to independently acquire new knowledge and skills in the specialty;

– extreme competence – the ability to act in suddenly complicated conditions, in case of accidents, violations of technological processes.

The professional competence of a teacher includes subject, psychological, pedagogical and methodological components.

Subject competence includes:

– knowledge in the field of teaching subjects;

– orientation in modern research on the teaching subjects;

– knowledge of the methods of teaching the discipline (the ability to navigate in a variety of different teaching methods and techniques);

– use of modern pedagogical teaching technologies.

We consider psychological and pedagogical competence as:

– mastering with the basic psychological and pedagogical knowledge and skills that determine the success of solving a wide range of educational and upbringing tasks;

– the ability to identify individual abilities of students and to build the educational process taking them into account;

– the ability to identify gaps in students' knowledge and skills, to implement individual ways of working to eliminate gaps;

– ability to establish pedagogically appropriate relationships with students, colleagues, parents;

– the ability to create a favorable microclimate in the teaching staff.

Methodological competence is:

– the ability to plan, select, synthesize and design educational material;

– the ability to organize various forms of classes;

– the ability to implement an activity-based approach to learning and to organize students' academic work;

– the ability to apply innovative learning technologies;

– qualified application of health-saving learning technologies;

– the ability to use pedagogical techniques in the formation of key competencies of students;

– the ability to organize independent work in the classroom and in extracurricular activities.

Summing up all the above we suggest the following seven tips:

1. A competent teacher knows and loves his discipline, loves his job.
2. A competent teacher has a variety of teaching methods.
3. A competent teacher is able to arouse and retain students’ interest , measures the pace of learning with the pace of studying, manages students’ attention.
4. A competent teacher has a clear, pre-agreed control system, objectively evaluates students’ knowledge.
5. A competent teacher respects students, knows how to put himself in his place.
6. A competent teacher is a versatile person, has artistry and a sense of humor.

7. A competent teacher has a personal learning concept and constantly develops himself.

References

1 Кукушин В.С. Общие основы педагогики. – Р-н/Д.: Март, 2012.

2 Dewey J. 21st Century learning environment. Partnership for 21st century skills, 2008.

3 Selvi K. Teachers' Competencies. International Journal of Philosophy of Culture and Axiology. 2010, 7(1). – P. 167-175.

ҒТАМР 14.85.01

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ж.К. Абуова, Б.К. Сатпаева, Н.Қ. Әбуова
Аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Мақалада білім берудегі цифрлық технологияларды пайдаланудың маңызы қарастырылған. Білім беру саласындағы цифрлық технологияларды дамыту өзектілігімен белгілі және мемлекеттік тұрғыдан қолдау табуда. Цифрлық сауаттылық – жаңа ғасырдың ең маңызды білімі, ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі. Цифрландыру – ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы болып табылады. Цифрлық технологиялар – қазіргі қоғамдағы жаңа құралдар, біз одан ешқайда кете алмаймыз.

Түйін сөздер: цифрландыру, цифрлы технологиялар, иновация, информатика, цифрлы сауаттылық.

Адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында Цифрландыру – барлық реформаның негізгі элементі. Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы.

Ең алдымен, цифрлы теңсіздікті жойып, барлық азаматты интернетпен және сапалы байланыспен барынша қамтамасыз ету керек. Бүгінде бұл жолдар мен электр қуаты сияқты негізгі қажеттілікке айналып отыр. Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру.

Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу

керек» дейді. Бұл көзқарас бүгінгі күні өте маңызды. Біріншіден, XXI ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн [1].

Ақпараттық технологиялар саласындағы Алибаба Груп компаниясының негізін қалаушы Джек Ма: «Ақпараттық технологиялар туралы ойлауды ұмытыңыз. Ол – кешегі күн. Бүгінгі digitalization (диджитализация) – бұл соңғы тренд. Бұл трендке көшу дегеніміз – біздің қолымызда өте ауқымды мәліметтерді өңдей алатын жетілген, ақылды технологиялар пайда болды деген сөз» деп ақпарат дәуірін ауыстырған қазіргі цифрландыру жөнінде айтқан болатын [2]

Цифрлік сауаттылық – бұл адамзат өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлік сауаттылық – ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, жаңа ғасырдың ең маңызды білімі.

Білім беру ұйымдарын жаппай цифрландырудың маңызы болашақ ұрпақтың кез келген салада ақпараттық сауаттылығын арттырып, шеберліктерін шыңдап, жан-жақты іскерлігін дамытып, бәсекеге қабілетті етіп, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл білім сапасын арттыру, оқыту үдерісін қолжетімді ету, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың байланыстарын жеңілдету тұрғысынан да өзекті. Білім беруді цифрландыруда бейімделу, жаңа құралдарды меңгеру және жаңа дағдыларды игеру қажет болады. Бұл тенденцияның бір көрінісі – оқу ортасының өзгеруі. Университеттер мультимедиялық кабинеттерді ғана емес, сонымен бірге бірлескен шығармашылыққа арналған кеңістіктер ашып, студенттерге қазіргі әлемнің өзекті мәселелерін шешу үшін қолайлы ортада ынтымақтастық жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек. Расымен де, цифрландыру жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап біздің күнделікті өмірімізге еніп барады. Цифрлық сауаттылықтың басты түп негізі – сапалы білім екендігі даусыз. Ал, біз сол сапалы білімге әрине озық технологиялардың көмегімен қол жеткіземіз. «Цифрландыру» термині ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болды. Технология дегеніміз – оқу процесін ойдағыдай жүзеге асырудың мазмұнды техникасы.

Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр. Білім беруді цифрландыру – бұл жаңа цифрлық технологияларды қолдануға көшуді ғана емес, сонымен қатар заманауи тенденцияларды қамтитын білім беру процесінің өзін қайта қарау. Цифрландыру білім берудің шекараларын кеңейтеді, оқушылардың жаңа бағыттарды ашуға және қазіргі әлемге қажетті дағдыларды дамытуға деген ынтасын арттыруға көмектеседі.

Заманауи цифрлық технологиялар бүкіл әлем бойынша университеттер мен басқа да оқу орындарын дамытудың жаңа құралдарын ұсынады. Цифрландыру жинақталған тәжірибе мен біліммен алмасу мүмкіндігін береді, бұл адамдарға күнделікті өмірде көбірек білуге және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Білім беруді цифрландырудың табыстылығының айқындаушы факторы – қолда бар қаржылық ресурстар емес, университеттің стратегиясы. Қаржы ресурстары әдетте цифрлық білім беруді дамыту үшін қажетті, бірақ жеткіліксіз шарт болып табылады.

Қазақстан өмірінің барлық салаларын және экономикасын цифрландыру – бұл әлемдік аренада озат позицияларда болу, сондай-ақ азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту және кәсіпкерлікті дамыту мүмкіндігі болып табылады. Қазіргі таңда коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен жоғары оқу орны студенттерінің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлік технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді. Халықтың жаңа құзыреттері мен цифрлық сауаттылығын дамыту инновациялық білім беру арқылы мүмкін болады.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек. Жаңа нәтижеге бағытталған білім – инновациялық білім. Құзіреттілік білім беру жағдайында қоғамның мәдени, әлеуметтік, экономикалық сұранысты қанағаттандыратын, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын, теориялық білімін кез келген жағдайда өз іс-тәжірибесінде пайдалана алатын білім.

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы

Цифрлық қоғам құру үшін білім беру жүйесін озат әлемдік тәжірибеге сәйкес жаңарту қажет. Креативтік және сыни ойлауға, сондай-ақ оқу процесінде заманауи білім беру технологияларын қолдануға ден қойылуда. Заманның көшінен қалмау – уақыт талабы. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салалар цифрлы форматта дамып келеді. Бұл үрдіс қазірдің өзінде экономиканың құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа беріп отыр.

Қазіргі заманғы цифрлық технологияларды білім беруде қолдану біздің өміріміздің нормасына айналған, сонымен қатар үнемі өзін-өзі дамыту

қажеттілігін түсіне отырып, біз барлық жаңа тенденциялардан хабардар болып отыруымыз қажет. Цифрлық білім берудегі әлеуметтік желінің алатын орны зор.

Заманауи қоғамның тіршілігінде желінің маңызы күннен күнге артып отыр. Қазіргі заманғы ұйымдар желілердің білім және инновациялар алмасу үдерісінде маңызды екендігін атап көрсетуде. Цифрлық технология – болашаққа батыл қадам. Қазіргі уақытта әрбір адамның заманауи ақпараттық-технологияларды пайдалануға мүмкіндігі зор. Мамандардың айтуынша, оның ең сапалысы – цифрлы технология. Қай салада болмасын, бұл технология жұмысты жеңілдетуге бірден-бір ықпал етіп отыр. Цифрлық технология тек электрондық портал арқылы мемлекеттік қызметтерді пайдалануда ғана емес, тұрғындардың бір-бірімен ақпарат алмасуында да таптырмас құрал болып отыр.

Білім беруде цифрлық технологияларды пайдаланудағы негізгі мақсат – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Біздің балаларымыз болашақта халықаралық бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді. Білім беруде цифрлық технологияларды пайдаланудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау. Ел болашағы – сауатты, білімді, саналы ұрпақтың қолында. Біздегі басты мақсат – үздіксіз даму.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі жолдауы. 1 қыркүйек 2020 ж.

2 Әліпбай С. Цифрландыру сиқыры. Егемен Қазақстан, 2017. №234. – Б. 5.

3 Жиембай М. Елбасы «Цифрлық Қазақстан» мақсатты бағдарламасын нақтылады // Kazinform. – 2017.

4 Барабанова М.И., Трофимов В.В., Тромифова Е.В. Цифровая экономика и «Университет 4.0». Журнал правовых и экономических исследований. 2019, №1. – С. 178-184.

5 Устюжанина Е.В., Евсюков С.Г. Цифровизация образовательной среды: возможности и угрозы // Вестник РЭУ им. Г.В. Плеханова. 2018, №1 (97). – С. 3-12.

ҒТАМР 39.01.45

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫ

Д.Б. Мусагулова
Магистрант, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

В.В. Гориневский мобильді ойынды баланың жеке басын қалыптастыру құралы ретінде қарастырды. Ол ойындағы баланың жағымды эмоцияларының, мәнерлілігі мен әсем қимылдарының сауықтыру бағытына үлкен мән берді. Ойын сюжетінің тәрбиелік құндылығына, оны өткізу әдістемесіне елеулі талаптар қойды. Е.А. Аркин мұғалімге маңызды рөл берді. Баланы қызықтыру, ойынды дұрыс түсіндіру, рөлдерді бөлу, қорытындылау өнері; қажет болған жағдайда мұғалім ойынға сәтті қосыла алады. Жетекші орыс мұғалімдері мен психологтары ойын теориясын құруға айтарлықтай үлес қосты. Ойынның теориясы мен әдістемесі мәселелерін Д.Б. Эльконин, А.А. Леонтьев, А.В.Запорожец, Н.Н. Подойяков, Е.А. Тимофеева, Т.И. Осокина және т.б. әзірледі.

Түйін сөздер: Ойын, ойын технологиялары, баланың эмоционалдық дамуы, ойын техникасы, эмоция.

Ойын көп қырлы құбылыс, оны ұжым өмірінің барлық жақтарының ерекшеліксіз өмір сүруінің ерекше формасы ретінде қарастыруға болады. Ойын технологиялары әртүрлі дағдыларды дамыту немесе жетілдіруді дамытатын ойындар. Оқыту ойындары ұғымы негізінен адам өмірінің балалық кезеңімен байланысты. Оқыту ойындарын ойнау арқылы балалардың өзіндік ойлау, тапқырлық, қиял, шығармашылық қабілеттері шыңдалады. Ойын түрінде берілген оқу тапсырмасының артықшылығы ойын жағдайында баланың жаңа білім мен іс-әрекет әдістерін игеру қажеттілігін түсінеді. Жаңа ойынның тартымды концепциясына бой алдырған бала, сонымен бірге оның идеялары мен танымдық белсенділігін қайта құрылымдауды қажет ететін қиындықтарға үнемі тап болса да, өзінің үйреніп жатқанын байқамайтын сияқты. Сабақта бала үлкендердің тапсырмасын орындаса, ойында барлық тапсырмаларды өзі шешеді [1, 26-34 б.]. Дамытушы ойындар тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін шарттарды қамтиды: танымдық және эмоционалдық принциптердің

бірлігі, сыртқы және ішкі әрекеттері, балалардың ұжымдық және жеке белсенділігі. Ойындарды өткізу кезінде барлық осы шарттарды орындау қажет, яғни әрбір ойын балаға жаңа эмоциялар, дағдылар әкеледі, қарым-қатынас тәжірибесін кеңейтеді, бірлескен және жеке белсенділікті дамытады.

Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық дамуының негізгі мақсаты – әрбір баланың тұлғалық өсуіне, табысты әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне жағдай жасау. Адамның эмоционалдық сферасының қалыптасу деңгейі оның дамуы мен өмір жолына әсер етеді. Басқалардың эмоциясын түсіну және өз эмоцияларын адекватты түрде білдіру қабілеті, эмоционалдық күту механизмінің болуы өнімді қарым-қатынастың шынайы қабілетінің даму шарты болып табылады. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық дамуындағы негізгі рөлдердің бірі – ойын. «Ойын» ұғымының көптеген анықтамалары бар. Ойын – көңіл көтеру, күйзелістен арылу, сондай-ақ белгілі бір дағдыларды дамытуға деген қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған әрекет. Ойын – адамның өз алдына қуаныш әкелетін утилитарлық мақсатқа жетумен байланысты емес, өзін еркін көрсету формасы.

Көптеген мамандар ойынның бала тәрбиесіндегі рөлі туралы айтады. Ойын – бала үнемі айналысатын басты нәрсе. Сондықтан да бала ойынын дұрыс бағыттау маңызды. П.Ф. Лесгафт ойынды баланың ермегі ретінде ғана қарастырып қана қоймай, оны өмірге дайындалатын, белгілі бір дағдылар мен әдеттерді игеретін, әлеуметтік тәжірибені игеретін, болашақ мінезінің қасиеттерін қалыптастыратын әрекет түрі ретінде қарастырды. Балалар ойыны бекер ермек емес, «жас жеткіншекті тәрбиелеудің ақылды педагогикалық техникасы». Ойын барысында балалар жаңа сенсорлық және моторикалық дағдыларға ие болады. Ойын баланың өзі және әлем туралы білімін кеңейтеді, оны қоршаған нәрселерге үстемдік сезімін береді. Ойын барысында бала білімін жинақтайды, тілді меңгереді, қарым-қатынас жасайды, қиялын дамытады [2, 29 б.].

Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу кезінде балаларға болашақта мектепте оқу үшін және тек өмір бойы қажет болатын кейбір алғашқы эмоционалды қарым-қатынас дағдыларын беру маңызды. Бірақ балаларда бұл дағдылар мен білімдерді меңгеру қажеттілігі туралы түсінік жоқ, ал егер ересек адам бір нәрсені саналы және мақсатты түрде меңгере алса, онда балада мұндай мақсаттылық болмайды. Сіз баланы дұрыс эмоционалды мінез-құлық туралы нұсқауларды тыңдауға мәжбүрлей алмайсыз, өйткені ол оны қызықтырмайды. Балалар тек өздеріне ұнайтын нәрсені істеуге қуанышты. Бала өзіне қызық емес нәрсені қабылдай алмайды. Ойын – баланы оның дамуына бағытталған кез келген әрекеттерді орындауға қызықтырудың бірден-бір тәсілі [3, б. 5]. Ойынның белгілі бір әдістерін қолдану баланың эмоционалдық дамуының басқа әдістерімен бірге жүруі керек.

Ойын техникасында визуализацияны эмоционалды даму әдісі ретінде пайдалану эмоциялардың мағынасыз және тек символдық түрде бейнеленуіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан бұл жерде көрнекілік тәрбиешінің эмоционалды мінез-құлқының мысалы ретінде түсініледі. Іс

жүзінде баланың белгілі бір эмоцияларды қалай бейнелейтінін көре алатын айнасы бар ойындарды қолдануға рұқсат етіледі. Балалардың эмоционалды дамуы үшін модельдерді пайдалану қызықты.

Сондықтан, мынадай қорытынды жасауға болады: шығармашылық әрекетке қабілеттілік алдымен ойында қалыптасады. Бұл қабілет ойынның басты құндылығы болып табылады. Сонымен, олардың басты ерекшелігі – оқу ойындарында жатыр деп айта аламыз – қарапайымнан күрделіге қарай оқытудың негізгі қағидаларының бірі.

Демек, мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық дамуы мұғалімнің кәсіби қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады деп қорытынды жасауға болады.

Эмоциялар сигналдық қызмет атқарады. Сонымен қатар, тұрақты тәжірибелер белгілі бір түрде адамның мінез-құлқын өзгертеді, оны бағыттайды және қолдайды, бұл эмоцияның реттеуші қызметі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Жасалған жұмыстар негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық дамуы – оқыту мен тәрбиелеу процесінің тиімділігін, оның әртүрлі аспектілерін қамтамасыз ететін маңызды шарттардың бірі [4, 174 б.].

Қорытындылай келе, сезім адамның тұлға ретінде қалыптасуының қажетті шарты деп айта аламыз. Олар әр түрлі факторлардың әсерінен жеке сана дамыған сайын қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Гаспарова Е.М. Жас баланың ойындағы сезімдері. Мектепке дейінгі тәрбие. 2001, №10. – Б. 26-34.

2 Григорьева Н.А. Эмоционалдық саланың дамуы. Мектепке дейінгі тәрбие. 2010. № 2. – Б. 27-31.

3 Горлова Н.А. Қазіргі мектеп жасына дейінгі балалар: олар қандай? 2009. – №1. – Б. 3-6.

4 Дубровина І. Жас және педагогикалық практикум психологиясы. – М.: Баспа орталығы «Академия», 2008. – 174 б.

ҒТАМР 14.07.03

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ы.Б. Қали
Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Зерттеу – динамикалық өзгеретін әлемде тұлғаның дамуына көмектесетін шындықты танудың әмбебап тәсілі. Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу іс-әрекетін басқару қазіргі мұғалімнің жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл қызмет түрін ұйымдастыру бірқатар шарттарға негізделген. Ал олардың негізгісі зерттеуге қызықты кез келген салада оқытушының да, студенттің де ортақ байланыс нүктесінің болуын айтуға болады. Дәл осы ортақ мүдденің жоқтығы ғылыми жұмыстың көптеген тақырыптарын келешексіз етеді.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалық іс-әрекеті білім берудің маңызды мақсаттарының бірін жүзеге асырудың тиімді жолы болып табылады: балаларды әртүрлі саладағы білімге сүйене отырып, өз бетінше ойлауға, проблемаларды қоюға және шешуге үйрету; күтілетін нәтижелердің әртүрлі нұсқаларын болжай білу.

Түйін сөздер: ғылыми-зерттеу, эксперимент, ғылыми жаңалық, субъективті білім, критериалды бағалау.

Оқушылардың зерттеу қызметі. Зерттеу қызметі дегеніміз оқушының шығармашылық, зерттеу мәселесін алдын-ала белгісіз шешімді шешумен байланысты әрекеті. Бұл іс-әрекетті табиғаттың белгілі бір заңдылықтарын суреттеу үшін қызмет ететін және ғылымда қабылданған дәстүрлерге сүйене отырып, ғылыми салада зерттеуге тән негізгі кезеңдердің болуын болжайтын семинардан түбегейлі ажыратады: мәселені тұжырымдау, осы мәселеге арналған теорияны зерттеу, зерттеу әдістерін таңдау және оларды практикалық игеру, өз материалын жинау, талдау және жалпылау, өз тұжырымдары. Жаратылыстану немесе Гуманитарлық ғылымдардың қай саласында болмасын, кез-келген зерттеу ұқсас құрылымға ие. Мұндай тізбек зерттеу қызметінің ажырамас бөлігі, оны жүргізу нормасы болып табылады.

Оқу және ғылыми зерттеулер. Білім беру саласындағы зерттеудің басты мәні – бұл оқу. Бұл оның басты мақсаты «үлкен» ғылымдағыдай объективті жаңа нәтиже алу емес, оқушының жеке басын дамыту екенін білдіреді. Егер ғылымда басты мақсат жаңа білім алу болса, онда білім берудегі зерттеу іс-

әрекетінің мақсаты оқушыға шындықты игерудің әмбебап тәсілі ретінде зерттеудің функционалды шеберлігін игеру, ойлаудың зерттеу түрін дамыту, субъективті жаңа білім алу негізінде білім беру процесінде оқушының жеке позициясын жандандыру (яғни, белгілі бір оқушы үшін жаңа және жеке маңызды болып табылатын өздігінен алынған білім).

Республика мектептерінде оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін жүйелі енгізу, олардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды пайдалану, бірыңғай жаһандық ақпараттық кеңістік аясында оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың көшбасшылық ұстанымын қалыптастыру, жалпы орта білім беру мазмұнының өзгеруін айқындады. Мектепте еңбек нарығының шарттары мен талаптарына тез бейімделе алатын, өзінің шығармашылық қабілеттерін, зерттеу біліктері мен дағдыларын қолдана отырып, жаңа техникалық әзірлемелерді пайдалана алатын болашақ жас мамандарды даярлауды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл дағдылар өздігінен пайда болмайды, оларды арнайы таңдалған тапсырмалар мен тренингтер барысында қалыптастыру және дамыту қажет.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі тұрғысынан қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар ерекше мәнге ие. Жасөспірімдерді зерттеу қызметінің теориялық және әдістемелік негіздеріне үйрете отырып, оларда тиісті дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыра отырып, оларды ақпаратты жинау мен өңдеудің заманауи құралдарымен қаруландыру, оларды тиімді пайдалануға үйрету маңызды.

Зерттеу қызметінің жобалық және конструктивті айырмашылығы. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижесі – зерттеу процедурасы нәтижесінде белгілі бір шындықты белгілейтін және стандартты түрде ұсынылған зияткерлік, шығармашылық өнім. Көбінесе, тіпті мектептегі конкурстар мен конференциялардың ғылыми жобалары жағдайында сіз практикалық маңыздылық, зерттеу нәтижелерінің қолданылуы, зерттеудің әлеуметтік әсерінің сипаттамасы талаптарын таба аласыз.

Мектептегі зерттеу міндеттерін іске асырудың ерекшелігі. Жас психологиясының талаптарын зерттеудің тақырыбына, сипаты мен көлеміне бірдей маңызды шектеулер қояды. Жасөспірім жалпы білім деңгейінің төмендігімен, дүниетанымның қалыптаспауымен, тәуелсіз талдау қабілетінің дамымауымен және әлсіз шоғырлануымен сипатталады. Тар пәндік аймаққа кетуге әкелетін шамадан тыс жұмыс және оның мамандануы жалпы білім мен дамуға зиян тигізуі мүмкін, бұл, әрине, осы жаста басты міндет болып табылады. Сондықтан ғылымнан әкелінген әрбір зерттеу міндеті білім беру мекемелерінде іске асыруға жарамды емес. Оқушылардың ғылыми және зерттеу жобаларына арналған міндеттер белгілі бір талаптарды қанағаттандыруы керек, соның негізінде әр түрлі білім салаларында оқушылардың зерттеу міндеттерін жобалаудың жалпы принциптерін белгілеуге болады. Тақырыпты, зерттеу әдістемесін таңдау кезінде оқушылардың жасын ескеру қажет.

Тапсырмаларды күрделілігі бойынша жіктеу. Тапсырмаларға қойылатын талаптардың ішінде эксперименттік материалдың шектеулі көлемі, деректерді өңдеудің математикалық аппараты, пәнаралық талдаудың шектеулі болуы. Эксперименттік деректерді талдаудың күрделілік дәрежесіне сәйкес біз тапсырмаларды практикумның міндеттеріне, нақты зерттеу және ғылыми деп бөлеміз.

Зерттеу міндеттері – бұл білім беру мекемелерінде қолданылатын міндеттер класы. Оларда зерттелетін мән бірнеше қарапайым факторларға байланысты (мысалы, зауыт құбырына дейінгі қашықтыққа және метеожағдайға байланысты Жердің ластануы). Зерттелетін шамаға факторлардың әсері студенттерге мүмкін болатын талдау үшін керемет объект болып табылады.

Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы оқушылардың шығармашылық жұмыстарының жіктелуі. Конференция мен конкурстарда ұсынылған жұмыстарды талдау олардың келесі түрлерін бөлуге мүмкіндік береді:

Проблемалық реферат – бірнеше әдеби көздер негізінде жазылған, әртүрлі дереккөздердің деректерін салыстыруды қамтитын және осы мәселенің өзіндік түсіндірмесі негізінде жазылған шығармашылық жұмыстар.

Эксперименттік – ғылымда сипатталған және белгілі нәтижеге ие эксперимент негізінде жазылған шығармашылық жұмыстар. Олар табиғатта иллюстрациялық сипатқа ие, олар бастапқы жағдайлардың өзгеруіне байланысты нәтиженің сипаттамаларын тәуелсіз түсіндіруді ұсынады.

Натуралистік және сипаттамалық – құбылысты байқауға және сапалы сипаттауға бағытталған шығармашылық жұмыстар. Ғылыми жаңалық элементі болуы мүмкін. Айырықша ерекшелігі-дұрыс зерттеу әдісінің болмауы.

Ғылыми тұрғыдан дұрыс әдістеменің көмегімен жасалған ғылыми-шығармашылық жұмыстар, осы техниканың көмегімен алынған өзіндік эксперименттік материалы бар, оның негізінде зерттелетін құбылыстың табиғаты туралы талдау мен қорытынды жасалады. Мұндай жұмыстардың ерекшелігі зерттеулер бере алатын нәтиженің анықталмауы болып табылады.

Зерттеу жұмысына қатысу үшін студент белгілі бір біліктілікке ие болуы керек:

1. Ұсынылған әдебиеттермен жұмыс істей білу. Бұл ғылыми зерттеудің негізі. Материалды дәйекті түрде оқу керек, яғни. дереккөзді рет-ретімен оқып, барлық терминдер мен ұғымдарды мұқият оқып шығу керек. Әр терминді немесе тұжырымдаманы түсіну үшін оны растау үшін практикалық мысалды немесе практикалық түсіндірмені табу керек.

2. Кітапта ұсынылған материалды сыни тұрғыдан түсіну мүмкіндігі, яғни,ұғымдар мен құбылыстарды өз бетінше салыстыра білу, өз тұжырымдарын жасай білу керек.

3. Өз ойларын нақты және нақты жеткізе білу. Зерттеудің әрбір позициясы бір проблемадан екіншісіне ауыспай, дәйекті түрде көрсетілуі керек.

Алайда Мектепте ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың бірқатар мәселелері бар:

– Нәтижелерді практикалық қолдану;
– Зерттеу жұмысын орындау өте қиын жұмыс;
– Зерттеу жұмысының нәтижелеріне авторлық құқықты сақтау;
– Жұмысты бастамас бұрын зерттеудің негізгі тұстарын бөліп көрсету керек.

Көбінесе мәселе мен зерттеу тақырыбы арасында шатасулар болады. Зерттеу мәселесі және оның тақырыбы бірдей емес. Осыған байланысты мәселені нақты, дұрыс анықтау қажет. Оны проблемалық жағдай, шешілмеген мәселе, теориялық немесе практикалық міндет және т.б. түрінде тұжырымдауға болады. Бұл бұрынғы білім жеткіліксіз болған кезде пайда болады, ал жаңасы дамыған форманы алмаған кезде ғана пайда болады.

Зерттеу нәтижелері балалардың көпшілігінің зерттеу қызметіне (іздестіру қызметіне) жеткілікті жоғары уәждемесі бар екенін және қажетті біліктер мен дағдылардың даму деңгейінің төмендігін көрсетті, яғни зерттеу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту бойынша мақсатты жұмыс жүргізу қажеттілігі туындайды. Сонымен, зерттеу тақырыбының анықтамасын келесідей тұжырымдауға болады: «тақырып – бұл ғылыми зерттеудің белгілі бір саласын қамтитын ғылыми міндет».

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Хвилон Э., Патру М. Педагогикалық білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: жоспарлау бойынша нұсқаулық. 2003. Технологиялық педагогика және білім беру, ЮНЕСКО.

2 Позилов Ш. Жобалық оқыту негізінде техникалық мамандықтар студенттерінің АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру (мысалы, қолданбалы бағдарламалар), сыни шолулар журналы, 7-Том, 4-шығарылым, 2020.

3 Стоун Брук. Американың зерттеу университеттері. – Нью-Йорк: Стоун Брук. ЧАН, 2001. – 285-300 б.

4 Филд Дж. Фокус-топтар арқылы өмір бойы оқытуды зерттеу. Қосымша және жоғары білім беру журналы. 2000, №24 (3). – 323-325 б.

ҒТАМР 14.25.05

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ САБАҚТАРЫНДА ИМАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

А.С. Ортаева
PhD-доктор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Е.М. Шақтыбек
Студент, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Мақалада, жоғары сынып оқушыларын өзін-өзі тану сабақтарында имандылыққа тәрбиелеу болғандықтан, мектептегі имандылық идеялардың қолданысын, ұлттық тәрбие берудің шарттары қарастырылған. Бүгінгі таңдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер мектептердегі білім беру жүйесіне жаңадан қарауды, жеткен жетістіктерімізді талдауды, бағалауды, сонымен қатар, оқу-тәрбие үрдісіне ғылым мен тәжірибеде жинақталған педагогикалық мұраларды зерттеп, қолдануды қажет етіп отырғандықтан жоғары сынып оқушыларын өзін-өзі тану сабақтарында имандылыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылған.

Түйін сөздер: жоғары сынып, имандылық, тәрбиелеу, сабақ, өзін-өзі тану.

Замана жетістіктері негізінде жас ұрпаққа сапалы білім беруді мақсат еткен көпшілік қауым, халық педагогикасының асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді әрқашан жадынан тыс қалдырған емес. Соңғы жылдары өткізіліп жатқан ғылыми-практикалық конференциялар мен зерттеуші ғалымдардың нәтижелерінде этнопедагогика мұралары назарға ілініп, оны ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың қажеттілігі ұсынылуда.

Мектептегі оқушылар ұжымының негізгі қалыптастырушы күші – оқушы балалардың қоғамдық қарым-қатынасы. Балалар арасындағы қарым-қатынас, мектеп оқушылар қауымының қоғамдық пікірін қалыптастырады. Оқушылардың өмірге және мектептегі педагогикалық ықпалдарға деген көзқарастары олардың жас ерекшеліктеріне қарай әр түрлі сипатта дамиды.

Я.А. Коменскийдің ойынша ұйымдық тәрбиенің негізгі ошағы отбасы дәстүрі мен тәрбиеленуші оқушылар қауымдастықтары – ата-баба тағылымдарынан бастау алғанда ғана, оларға білім берудің тиімділігі мен сапалылығы және қоғам үшін қажеттілігі арта түседі деп санаған [1].

К.Д. Ушинский тәрбие мәселесін ауқымды ғылым саласы ретінде

қарастырады. Оның ойынша, жас ұрпақтың санасына адами қасиеттер мен ізгілік тағылымдарын қалыптастыру біріншіден – ғылыми зерттеу жетістіктеріне негізделсе, екіншіден – халықтың тәлім-тәрбиелік құндылықтарына сүйенуі керек деп, тәрбиенің «халықтық принципін» ерекше атауына мән беруді қуаттады [2].

Осы орайда, оқушыларға ұлттық тәлім тәрбие бағдарламасын қалыптастырған жөн. Мұндай бағдарламаның атқарылатын жұмыс түрлері келесілер болуы мүмкін: кездесу кештері; тарихи жерлерге жорық, саяхаттарға шығу; еңбек, соғыс ардагерлеріне қамқорлық көрсету; қоғамдық, мемлекеттік ұйымдармен жұмыс істеу; түрлі тақырыптар бойынша пікірталас, дебат өткізу; конференциялар, оқушылар жиынын өткізу; өнер, спорт, танымдық іс-шаралар өткізу.

Сурет 1. Ұлттық тәлім-тәрбие бағдарламасы арқылы жүргізілетін мектептердегі тәрбие жұмысының үлгісі (мысал).

Жоғары сынып оқушыларын өзін-өзі тану сабағында имандылыққа тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған, сондай-ақ, адамилыққа жатпайтын құбылыстардың алдын-алу мақсатында профилактикалық жұмысты ұйымдастыру, патриотизмді қалыптастыру, зорлық-зомбылық, терроризмді қабылдамау сезімін тәрбиелеу үшін біз педагогикалық модель құрастырдық.

Жоғары сынып оқушыларын өзін-өзі тану сабақтарында имандылыққа тәрбиелеу моделінің мақсаты – жоғары сынып оқушыларын өзін-өзі тану сабақтарында имандылыққа тәрбиелеу.

Міндеті – жоғары сынып оқушыларын өзін-өзі тану сабақтарында имандылыққа тәрбиелеудің шарттарын қалыптастыру .

Алдыға қойған мақсатымыз келесі ұстанымдар бойынша жүзеге асады:

– Ұжымда оқыту мен тәрбиелеу: оқыту мен тәрбиелеу адамдармен қарым-қатынас арқылы жүзеге асады, сондықтан оқушылардың ұжыммен жұмыс істегені ыңғайлы;

– Ынтымақтастық: кез келген жұмысты келісіммен атқарса, нәтижесі оңды болады;

– Көрнекілік: оқушылардың визуалды-бейнелі ойлауы жақсы дамығандықтан, имандылыққа тәрбиелеу шараларын көрнекі құралдармен көрсету арқылы өткізген дұрыс.

– Оқыту мен тәрбиелеудің қоғамдық-құндылықтық мақсатты бағыттылығы: имандылыққа тәрбиелеу үшін адам бойында қоғамға құнды қасиеттерді тәрбиелеу маңызды, сондықтан аталған ұстаным біз үшін қажет болып табылады [3].



Сурет 2. Жоғары сынып оқушыларын өзін – өзі тану сабақтарында имандылыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі.

Сонымен оқушыларға арнайы бағдарланған оқу-тәрбие процесінде имандылыққа баулу, тәрбиелеу болжамының, үлгісінің, оның көрсеткіштерінің, деңгейлерінің дұрыстығын, оқушыларды имандылыққа тәрбиелеуге бағытталған оқу-тәрбие үдерісінде өткізілген «Өзін-өзі тану» пәні сабақтарының тиімділігін атап өтуге болады.

Ақпараттарды талдау арқылы келесідей әдістемелік ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

1. Тұтас педагогикалық үдеріс жағдайында жоғары сынып оқушыларын имандылыққа тәрбиелеу үшін кезең бойынша, мақсатқа бағытталып жүргізілетін жұмыс қажет.

2. Иман, имандылық ұғымдарының мазмұнының мәні жайлы мұғалімдер мен оқушыларға тереңірек ұғынуы үшін сыныптық және сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру қажет.

